# Б

**БАБАЕВ** Сайлау Ахметұлы (1942 ж.т., қазіргі Алматы обл. Балқаш ауд. Бақбақты а.) – а. ш. ғыл. докт. (1996). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1967, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Респ. картоп және көкөніс ш. тәжірибе ст-нда кіші, аға ғыл. қызметкер (1967–80), Қазақ картоп және көкөніс ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1980–89) болды. 1989 жылдан



*С.Бабаев*

осы ин-ттың директоры қызметін атқарды. «Проблемы развития зернопродуктового комплекса Республики Казахстан в условиях перехода на рынку» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның 5 авторлық куәлік пен 4 патенттің авторы.

**БАБАЕВ** Сәбит Әбдірахманұлы (20.6.1938 ж.т., қазіргі Ресей, Челябинск обл. Александров ауд. Магнитка руднигі) – экон. ғыл. докт. (1997). ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қостанай обл. астық қабылдау кәсіпорнында бухгалтер, аға бухгалтер, Қостанай обл. астық өнімдері басқармасында бухгалтер, аға және бас бухгалтер (1955–72), Қазақ КСР-і Дайындау мин-лігінде бас бухгалтердің орынбасары, бас бухгалтер (1972–81), «Қазақ астық өнімі» концерні төрағасының 1-орынбасары (1991–93), «Астық» акцион. компаниясының 1-вице-президенті (1993–96) болды. 1996 жылдан «Астық» АҚ компаниясының президенті қызметін атқарады. 1996 ж. «Проблемы развития зернопродуктового комплекса Республики Казахстан в условиях перехода к рынку (теория и практика)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**БАБКИН** Геннадий Николаевич (13.8.1923 ж.т., Павлодар қ.) – хим. ғыл. докт. (1976), проф. (1980), Қазақ КСР-інің еңбек сің. жоғары мектеп қызметкері (1983). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-ды (1950, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақстан ҒА-ның аспирантурасын (1957) бітірген. Қазақ тау-кен металлургия ин-тында ассистент (1950–54), Қазақ хим.-технол. ин-тында ассистент, кафедра меңгерушісі (1957), Қазақ политех. ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі (1965), Жамбыл технол. ин-тының Алматы бөлімшесінде кафедра меңгерушісі (1984) қызметтерін атқарады. Оның негізгі ғыл. еңбектері электрхимия саласын зерттеу мәселесіне арналған. Б. 5 өнертабыстың авторы.

**БАҒЫЗБАЕВА** Мая Михайловна 1.5.1932, Онт. Қазақстан обл. Шымкент қ. – 9.12.2000, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1985), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері, Халықар. жоғары мектеп ғыл. академиясының акад. (1996). Мәскеу мемл. ун-тін (1954) және аспирантурасын бітірген (1963). Пед. қызметін Шымкент пед. ин-тында (1954–59, қазіргі Онт. Қазақстан пед. ун-ті) бастаған. Б. 1963 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) оқытушы, доцент, проф., кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Фольклор семиреченских казахов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Қазақстандағы орыс фольклорын жинау, жүйелеу және зерттеу тұрғысында 100-ден астам ғыл. еңбектің авторы. Оның тікелей басқаруымен 1990 ж. ҚазҰУ-дың филол. ф-тінде фольклортану мәселесі бойынша ғыл.-зерт. лаб-сы құрылды. Б. Қазақстандағы



*М.Бағызбаева*

орыс ауыз әдебиеті үлгілерін бірнеше том етіп дайындап, баспадан шығарды («Фольклор семиреченских казаков», 1977, 1979, «Русский фольклор Восточного Казахстана», 1991; т.б.), орыс халқының сөз өнерін зерттеуге үлкен үлес қосты.

**БАДАЕВ** Серікжан Ағыбайұлы (9.11.1948 ж.т., Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1996), проф. (1997). Новосибирск мемл. ун-тін



*С.Бадаев*

(1971), аспирантурасын (1974) бітірген. ҚазМУ-да (1974–91, қазіргі ҚазҰУ) оқытушы, доцент, 1991–98 ж. ҚР ҒА-ның Теор. және қолданбалы математика интында аға, жетекші, бас ғыл. қызметкер болды. 1998 жылдан Қаз-

ҰУ-де қызмет істейді. Негізгі ғыл. бағыты – математикалық логика, есептелімдік теориясы (нөмірлеулердің жалпы теориясы, толық және жартылай толық нөмірлеу, иерархиялардағы есептелімді нөмірлеу), программаларды индуктивті құрастыру теориясы. 1996 ж. «Минимальные нумерации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 30-дан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАДИКОВ** Виктор Владимирович (15.8.1939, Ресей, Оренбург обл. Бузулук қ. – 23.4.2008, Алматы қ.) – әдебиеттанушы, сыншы, филол. ғыл. докт. (2000), проф. (2002). ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын бітірген. ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) кафедра меңгерушісі (1984–89) қызметін атқарды. «Мәтін құрылымындағы авторлық таным және әлеуметтік тапсырыс» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. көптеген әдеби-сын мақалалар мен бірқатар ғыл. («Поэтика прозы Ю.Олеши», 1983; «На изломе времен. Судьба и голос художника», 1996; «Авторское сознание и социальный заказ», 1997; «Новые ветры», 2005; т.б.) оқулықтардың (6, 9 және 11-сыныптарға арналған орыс әдебиеті) авторы.


*В.В.Бадиков*

**БАДИНА** Алмагүл Қалышқызы (1943 ж.т.) – мед. ғыл. докт. (1991). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1966, қазіргі Қарағанды мемл. мед. академиясы), аспирантурасын (1971) бітірген. Осы ин-тта стажер (1966–68), ассистент (1972–83), доцент (1984–85, 1989–91), аға ғыл. қызметкер (1985–87) қызметтерін атқарды. 1992 жылдан педагог, эндокринология клиникасының меңгерушісі, проф.. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.

**БАЕШОВ** Әбдуәлі (26.4.1946 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – хим. ғыл. докт. (1991), проф. (1994), ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад. (1995). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1969, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) бітірген. Петропавл қ-ндағы машина жасау з-тында инженер-технолог болып жұмыс істеді (1969–70). Қарағанды қ-нда хим.-металлургия ин-тында лаборант, аспирант, инженер, аға инженер, кіші және аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1970–91), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде декан, осы ун-ттің Кентау бөлімшесінің вице-президенті, ректоры, директоры (1970–91) қызметтерін атқарды. 2002 жылдан кафедра меңгерушісі. «Құрамы мыс және халькогендерден тұратын материалдарды жаңа электрхимиялық әдістермен өңдеудің ғылыми негіздерін жасау» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері фосфор, мыс алу әдістеріне арналған. Б. 763-тен астам ғыл. еңбектің («Фосфор шламындағы фосфорды анықтаудың Букетов-Баешов әдісі» және «Ультрадисперсті мыс ұнтағын алудың Баешов-Жұрынов әдісі») авторы. КСРО өнертапқышы, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2003).


*Ә.Баешов*

**БАЕШОВА** Ажар Қоспанқызы (1.6.1951 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Бағанаты а.) – тех. ғыл. докт. (2002), проф. (2004). ҚазМУ-ды (1974, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы ун-тте ғыл. қызметкер, аға оқытушы, Халықар. қазақ-түрік ун-тінде қызметкер, кафедра меңгерушісі (1991–2002), декан (2003) қызметтерін атқарды. «Электрохимические методы извлечения металлов и халькогенов при полянизации переменным током» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыты – түсті металдар мен халькогендердің электрхим. қасиетін және өндірістік айнымалы токтың әсерімен жүретін электродтық үрдістерді зерттеп, ультрадисперсті мыс және қорғасын ұнтақтарын алу, айнымалы токпен поляризациялау кезінде жүру мүмкін болмайтын тотықсыздану, еру, ұнтақтардың, қосылыстардың түзілімін анықтау және «қиын тотықсызданатын» селенат иондарының тотықсыздандыру тәсілдері, қиын байытылатын тотыққан мыс кендерін сульфидтеу, селенидтерді, түсті металдардың сульфидтерін және хризоколла алу тәсілдері. Зерттеу нәтижелері хим. және металлургиялық өндірістердің қалдықтарын өңдеуде және қолданылған ері-


*А.Баешова*

тінділерді ауыр металл иондарынан тазартуда пайдаланылған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2003).

**БАЖАНОВ** Валерьян Семенович (2.6.1907–1984, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1962), проф. (1965). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1930). Қазақстан ҒА-ның Зоол. ин-тында палеозоология лаб-сын ұйымдастырып, 1946–64 ж. өзі басқарған. Өскемен пед. ин-тында (1964–71), Тамбов пед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1971–74) болды. 1964 ж. Өскемен пед. ин-ты зоология мұражайының негізін салушы (қазір В.С.Бажанов атынд. табиғат мұражайы). Ол қазақстандық гео-



*В.С.Бажанов*

логтар Н.Н.Костенко және В.В. Лавровпен бірлесіп, Қазақстан кайнозойы үшін палеобиол. мәліметтерді биостратиграфияда қолданудың негізін қалады. «Қазақстан сүтқоректілер фаунасының тарихы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б-тың жетекшілігімен «Қазақстан флорасы мен фаунасының тарихы туралы материалдар» атты еңбегі жарық көрді. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЗАНОВА** Инна Амандыққызы (15.9.1975 ж.т., Ақтөбе қ.) – тех. ғыл. докт. (2010). Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын (ҚазККА) бітірген (1998). ҚазККА Ақтөбе бөлімшесінде ассистент, аға оқытушы (2000–05), ҚазККА-да доцент (2005–11), қызметтерін атқарды 2011 жылдан проф. Негізгі ғыл. бағыты – қауіпті табиғи құбылыстардан (сел, көшкін, дауыл, сырғыма, жер сілкінісі) қорғану құрылымдарын зерттеу. «Жолды қара топырақ көшкінінен қорғаудың теориясы



*И.Базанова*

және практикасы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 2 патенттің иегері.

**БАЗАРБАЕВ** Марат (15.8.1948 ж.т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Қаршығалы а.) – мал дәрігерлік ғыл. докт. (2011). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1976, қазіргі Қазақ ұлттық агр.



*М.Базарбаев*

ун-ті) бітірген. Қарағанды обл., Қарқаралы ауд. мал ш-нда ветфельдшер (1967–78), Қазақ ғыл.-зерт. ветеринария ин-тында кіші ғыл. қызметкері (1979–83), Қарағанды ветеринария ғыл.-зерт. ст-нда аға, жетекші ғыл. қызметкер, ветеринарлық-санитарлық сараптау бөлімінің меңгерушісі (1983–99), Қарағанды обл. ветеринарлық лаб-ның директоры, бөлім меңгерушісі (1999–2005) қызметтерін атқарды. 2005 жылдан «Қарағанды ветеринария ғылыми-зерттеу стансасы» бөлімшесінің директоры. Негізгі ғылыми бағыты – ветеринариялық микробиология, иммунология, эпизоотология және жануарлардың инфекциялық патологиясы. «Ірі қара туберкулезі мен бруцеллезінің эпизоотологиясы, алдын алу шаралары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам ғыл. жарияланымның 5 авторлық куәліктің, 1 патенттің иегері.

**БАЗАРБАЕВ** Мүсілім (15.5.1927, Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Кекірелі а. – 9.11.1995, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1971), проф. (1993). ҚазМУ-ды (1948, қазір-



*М.Базарбаев*

гі ҚазҰУ) және СОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын (1956) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-тының директорының орынбасары (1956–61), Әдебиет және өнер ин-тының директоры (1961–70, 1981–86), Қазақ КСР-і Мәдениет (1970–76) және Сыртқы істер министрі (1976–81), Әдебиет және өнер ин-тында аға (1986), жетекші ғыл. қызметкер (1986–88), бөлім меңгерушісі (1988–95) қызметтерін атқарған. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ әдебиетінің көркемдік ерекшеліктері, әдебиеттану мәселелеріне арналған. 3 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960–67), «20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті» ұжымдық монографияларын құрастыруға жетекшілік жасады (1998). «Қазақ поэзиясындағы ұлттық

дәстүрлер және жаңашылдық» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Әкімшіл-әміршіл жүйенің тыйым салуына қарамастан, докт. дисс-ның бір тарауын Шәкерім Құдайбердіұлына арнап, ақынның алғашқы зерттеушілерінің бірі болды. Көркем аудармалары қазақ тілінде жарық көрді. 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

**БАЗАРБАЕВА** Зейнеп Мүсілімқызы (3.9.1952 ж.т., Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1997). Мәскеу қ-ндағы мемл. шет тілдер интын (1975) және аспирантурасын (1980) бітірген. Қазақстан Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл. қыз-



*З.Базарбаева*

меткер, ғыл. хатшысы, жетекші ғыл. қызметкер,Қайнар ун-тінде кафедра меңгерушісі, проф. (1998–2008) болды 2009 жылдан Қазақ ұлттық пед. ун-тінде ғыл.-пед. қызметтер атқарады. Салғастырмалы-типологиялық және жалпы тіл білімі, салыстырмалы-тарихи және қазақ фонетикасы, суперсегментті фонетика, интонология, коммуникативтік синтасис, диахрондық фонология ғыл. бағыттарында зерттеулер жүргізеді. «Қазақ тілінің интонациялық жүйесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 30-дан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЗАРБЕКОВ** Арғынғазы Байжұманұлы (8.3.1950 ж.т, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд., Таскескен а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1999). Өскемен пед. ин-тын бітірген (1974). Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Таңсық а-ндағы мектепте мұғалім (1974–77), Қазақстан ҒА-ның Математика және механика ин-тында ғыл.-педагог. қызметінде (1978–2006) бол-



*А.Базарбеков*

ды. 2006 жылдан Шығыс Қазақстан мемл. ун-тінің проф. «Краевые задачи для уравнений гиперболического и смешанного типов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БАЗАРБЕКОВ** Қайырбай Оразымбетұлы (25.3.1940 ж.т. Павлодар обл. Успен ауд. Тобылжан а.) – биол. ғыл. докт. (2003), Қазақ КСР-і Халық ағарту ісінің үздігі (1975), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002). Орал пед. ин-тын бітірген (1963). Павлодар пед. ин-тында (1964, қазіргі Павлодар мемл. ун-ті) оқытушы, декан (1970–87), кафедра меңгерушісі (1990–2002) қызметтерін атқарды. 2003 жылдан осы ун-ттің жанындағы Жаратылыстану ин-тының директоры қызметін атқарды. «Свободноживущие и фитопаразитические нематоды овощных культур Северо-Востока Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 80-нен астам ғыл.жарияланымның, оның ішінде бірнеше монографиялардың авторы.

**БАЗАРБЕКОВА** Римма (1944 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд. Қапал а.) – мед. ғыл. докт. (1996), проф. (1997). Алматы мемл. мед. интын (1966, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) және Орт. дәрігерлер білімін жетілдіру ин-тының аспирантурасын бітірген (1972). Қазақтың ана мен баланы қорғау (1966–69) және Қазақ педиатрия (1972–79) ғыл.-зерт. ин-тында, Алматы дәрігерлер білімін жетіл-



*Р.Базарбекова*

діру ин-тында (1978–96), қызметтер атқарды. 1997 жылдан осы ин-ттағы эндокринол. курсының меңгерушісі. «Особенности здоровья беременных и детей раннего возраста в очаге зобной эндемии» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 110-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның («Коматозные состояния при сахарном диабете», 1990, «Диагностика и лечение врожденных гипоттиреоза у детей», 1995) авторы.

**БАЗЕЛЮК** Людмила Тимофеевна (1942 ж.т.) – биол. ғыл. докт. (1998). Қазіргі Қарағанды мемл.



*Л.Т.Базелюк*

ун-тін бітірген (1972). Қазақ еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1973–85), Еңбек гигиенасы және физиол. ғыл.-зерт.

ин-тында ғыл. қызметкер болды. 2000 жылдан осы ин-тта лаб. меңгерушісі болып қызмет істейді. 1997 ж. «Структурные и функционально-метаболические изменения клеток макрофагальной системы при действии промышленных пылей на органы дыхания (экспериментальные и натурные исследования)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 96-нан астам жарияланымның ғыл. авторы.

**БАЗЫЛХАН** Нәпіл (10.7.1967 ж.т., Моңғол Халық республикасы, Баян Өлгий аймағы, Ұланқұс сұмыны) – филол. ғыл. канд (1998). Моңғол мемл. ун-тін (1990), ҚазПИ-дің (1996 қазіргі ҚазҰПУ) аспирантурасын бітірген.



*Н.Базылхан*

Осы ун-ттің Моңғолтану орт-нда ғыл. қызметкер, оқытушы (1990–93), Шығыстану ин-тында кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер, бөлім жетекшісі болды (1993–99). 1999 жылдан ҚР Мемл. Орталық музейінде Музейлік деректану және қолжазба орт-ның жетекшісі. Негізгі ғыл. бағыттары: алтаистика (түрік, моңғол, тұңғыс, жапон, корей тілдерінің тарихи-салыстырмалы зерттеулері), палеолингвистика, этнолингвистика, номадология, нумизматика, текстология, сфрагистика, геральдика, эпиграфика, этнография. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙАРЫСТАНОВ** Асқар Ойнарұлы (11.11.1962 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд. Жақсықылыш кенті) – физ.-матем ғыл. канд. (1998), доцент (2006). ҚазҰУды (1986), ҚР ҒА-ның аспирантурасын (1992) бітірген. Целиноград мемл. пед. ин-тында оқытушы (1986–88), Қазақ КСР ҒА-ның Матем. ин-тында стажер (1988–89), ҚР ҒА-ның Механика-матем. ин-тында жетекші инженер (1992–93), Алматы көлік инженерлері ин-тында ассистент, аға оқытушы (1993–2000), Ішкі істер академиясында аға оқытушы (2000–01) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде доцент, кафедра меңгерушісі. «Весовые оценки операторов дробного интегрирования» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл.



*А.Байарыстанов*

бағыты – математик. талдау бөлімінің интегралдық операторлары, мультисалмақты туындылары бар дифференц. операторлары, жартылайсызықты, квазисызықты дифференц. теңдеулері. 2 оқулық, 1 электрондық оқулық, 5 оқу құралы, 5 оқу әдістемелік нұсқау мен 6 типтік оқу бағдарламаларының авторы.

**БАЙБАТША** Әділхан Бекділдаұлы (11.5.1948 ж.т., Онт. Қазақстан обл. қазіргі Төле би ауд. Көксәйек а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1991), проф. (1994), ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад. (1996). Қазақ политех. ин-тын (1971, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Қарағанды политех.ин-ты (1971–92) мен оның Жезқазғандағы бөлімшесінде (1980–88) оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, деканы, ҚазҰТУ-да проф., кафедра меңгерушісі, оқу-әдістеме департаментінің директоры, ун-ттің Бас ғалым-хатшысы, Қазақ-Британ тех. ун-тінде декан, кафедра меңгерушісі (2002–06) қызметтерін атқарды. 2006 жылдан ҚазҰТУ-да кафедра меңгерушісі. Б-ның негізгі ғыл. жұмыстары кен орындарын ұтымды әрі қауіпсіз игеру жағдайларын анықтайтын табиғи және техногендік факторларды бағалау мен болжаудың теор.-әдістемелік ережелерін жасау мәселесіне арналған. Ғыл.-зерт. жұмыстарын әр түрлі кен орындарында (Қарағанды, Жезқазған, Бестөбе, Белогорск, Итауыз бен Жаман Айбат, Майкөбен, т.б.) жүргізген. Зерттеу нәтижелері кеніштерді жобалау мен салуда, жер асты және ашық тәсілдермен кен қазу жұмыстарын жоспарлауда пайдаланылған. Б. 300-ден астам ғыл. жарияланымның 20 кітаптың авторы.

**БАЙБАТШАНОВ** Мұхтар Қасенұлы (26.12.1977 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Екпінді а.) – а.ш. ғыл. канд. (2008). Қазақ ұлттық агр. ун-тін (2005) және аспирантурасын (2008) бітірген. 2005 жылдан ун-тте оқытушы, аға оқы-



*М.Байбатшанов*

тушы болып қызмет атқарады. «Жергілікті бөдене популяциясының өнімділік қасиеттері» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. Б. еліміздегі бөдене құсын зерттеуші және осы саладан тұңғыш

ғыл. жұмысты қорғаған. 47 ғыл. еңбектің, оның ішінде «Бөдене шаруашылығы», «Перепеловодство», «Биология разведение перепелов», «Ауыл шаруашылық құстарының түрлері мен кросстары», «Зоогеография», «Бөдене өсіру ерекшеліктері» оқулықтары мен оқу құралдарының, бірнеше әдістемелік нұсқаулықтың авторы. «Мен қонақпын» (2003) өлең кітабы жарық көрген.

**БАЙБЕКОВ** Сейітқасым Ниязбекұлы (22.4.1955 ж.т., Жамбыл обл. Талас ауд. Ақөзек а.) – тех. ғыл. докт. (2003). Ленинград мемл. ун-тін (1977, қазіргі Санкт-Петербург ун-ті) және осы ун-ттің жанындағы Физ. ғыл. зерт. ин-тының аспирантурасын (1986) бітірген. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тында (1978–86, қазіргі Тараз мемл. ун-ті) ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент; ҚР Жоғ. Кеңесінің Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі к-тінде кеңесші, ҚР Үкіметі аппаратының әлеум.-мәдени даму бөлімінде аға референт, ҚР Парламенті Сенатының аппараты басшысының орынбасары (1994–2000), Еуразия ұлттық ун-тінде декан (2000), Алматы технол. және бизнес ун-ті бөлімшесі директорының орынбасары (2000–01), аға ғыл. қызметкері (2001–02), Ақмола технол. және бизнес ун-тінің президент-ректоры (2002–03), Еуразия ұлттық ун-тінің оқу ісі жөніндегі проректоры (2003–05) қызметтерін атқарды. 2005 жылдан Қазақ метеорология ин-тының бас директоры, атқарушы директоры. «Теория и практика системного анализа, моделирования и прогнозирования выборных процессов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙБОЛОВ** Серікбек Мұқашұлы (5.6.1937 ж.т., Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Маловодное а.) – тех. ғыл. докт. (1983), проф. (1984), ҚР Инж. академиясының акад. (1997). Бүкілодақтық сырттай оқытатын инж.-құрылыс ин-тын бітірген (1966). Қазақ физкультура ин-тында (қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы) аға инженер (1961–66), проректор (1966–73), кафедра меңгерушісі (1973–74), Қазақ КСР-і Жоғары және орта арнаулы оқу министрінің орынбасары (1974–79), Алматы архит.-құрылыс ин-тының (1980–87),



*С.Байболов*

қазіргі Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы) ректоры, проф. (1987–91), Қазақ КСР-і Мемл. табиғат к-тінде бас басқармасының бастығы (1991), ҚР Мемл. тұрғын үй құрылыс мин. төрағасының орынбасары (1991–96), Баға ин-тының директоры (1997–98), Кәсіби бағалау одағының президенті (1999) болды. 2004 жылдан Орт. Азия сараптама және бағалау ЖШС-нің бас директоры қызметтерін атқарады. Б-тың негізгі ғыл. еңбектері мен өнертабыстары әр түрлі өнеркәсіптік үйлердің еденін, сондай-ақ спорттық құрылыстарды салуға пайдаланылатын полимерлер негізінде жаңа құрылыс материалдарын жасауға және оны өңдеу мәселесіне арналған. Ол 20 өнертабыс пен 9 патент және бірқатар кітаптардың [«Спортивные сооружения», 1976; «Вяжущие вещества для производства отделочных теплоизоляционных материалов», 1983; «Композиционные строительные материалы», 1996 (тел-авт.)] авторы. Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**БАЙБОЛОВА** Ләззат Кемербекқызы (19.1.1967 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (2007). Жамбыл технол. ин-тының Алматы бөлімшесін (1989, қазіргі Алматы технол. ун-ті) бітірген. Алматы қ-ндағы көпшілік тамақтану кәсіпорындарында инженер-технолог (1989–94), Алма-



*Л.Байболова*

ты технол. ун-тінде оқытушы, доцент (1994–2008) болды. 2009 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде бас ғыл. хатшы қызметтерін атқарады. «Бүтін үлесті және комбинирленген ет өнімдері технологиясының ғылыми-практикалық негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 130-дан астам ғыл. жарияланымның, 7 өнертабыс пен 3 патенттің авторы.

**БАЙБОСЫНОВА** Гүлжан Жанқожақызы (1965 ж.т., Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Жарқамыс а.) – экон. ғыл. канд. (2002), доцент (2010). Алматы көлік транспорты инженерлері ин-тын (1988), Халықар. қазақ-түрік ун-тін (1998) бітірген. 1988–92 Арыс қ-ндағы вагондар депосында инженер, 1998 жылдан Халықар. қазақ-түрік ун-тінде пед.-ғыл. жұмыспен айналысады. Қазіргі кезде кафедра меңгерушісі, доцент. «Нарықтық қатынастар жағдайында өнеркәсіптік құрылымды қайта жасау (Оңтүстік Қазақстан об-

лысының мысалдары негізінде)» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. 70-ке жуық ғыл. еңбектердің, оның ішінде 1 монография,


*Г.Байбосынова*

2 оқу құралы, 6 оқу-әдістемелік құралы мен 3 әдістемелік нұсқаудың авторы.

**БАЙГЕЛДІ** Өмірбек (15.4.1939 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Ерназар а.) – экон. ғыл. докт. (1996), ҚР Инж. академиясының корр. мүшесі (1992), Қазақстан А. ш. ғыл. академиясының акад. (1998). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-ты (1962, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) мен СОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғы-


*Ө.Байгелді*

лымдар академиясын (1982) бітірген. 1955 ж. еңбек жолын Жамбыл обл-ндағы ұжымшарда бастаған Б. кейін инспектор, бас зоотехник, бұрынғы Свердлов (1962–66, қазіргі Байзақ) және Жамбыл (1966–70) ауд-дары а. ш. басқармасы бастығының орынбасары, Жамбыл ауд. атқару к-тінде бас мемл. инспектор, а. ш. басқармасының бастығы (1970–74), обл. а. ш. басқармасы бастығының 1-орынбасары (1974–75), обкомның а. ш. мен тамақ өнеркәсібі бөлімінің меңгерушісі (1975–84), Қордай ауд. партия к-тінің 1-хатшысы және ауд. атқару к-тінің төрағасы (1984–90), обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1990–91), халық депутаттары обл. атқару кеңесінің төрағасы (1991–92), обл. әкімшітің басшысы, обл. әкімі (1992–95), ҚР Президентінің кеңесшісі (1995), ҚР Парламенті Сенатының төрағасы (1995–1999), Сенат төрағасының орынбасары (1999–2005) қызметтерін атқарды. 12-сайл. ҚР Жоғ. Кеңесінің және ҚР Парламенті Сенатының (1990–95, 1999–2005, 2008) депутаты. «Парасат», «Құрмет», Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**БАЙГУНАКОВ** Досбол Сүлейменұлы (1.1.1969 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Түркістан қ.) – тарих ғыл. докт. (2010). ҚазМУ-дың (1994, қазіргі ҚазҰУ) тарих (1994) және заң ф-ттерін (2002)


*Д.Байгунаков*

бітірген. 1998–99 ж. ҚазҰУ-да стажер-зерттеуші, аспирант, оқытушы (1998–2004), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде ғыл.-пед. қызметтер атқарды. 2011 жылдан ҚазҰУ-да қызмет істейді. Негізгі ғыл. бағыты: тас, энеолит, қола және ерте темір дәуірлеріндегі ескерткіштердің археологиясы, зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері, ежелгі замандардағы антикалық дерек көздері, олардың деректанулық мәні мен сипаты. «Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның телавторы, бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

**БАЙДӘУЛЕТ** Иманәлі Оспанұлы (15.1.1948 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Арыс қ.) – мед. ғыл. докт. (2003), ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2001). Мәскеу қ-ндағы 1-мед. ин-тын бітірген (1972). Шымкент қ-ндағы обл. ауруханада дәрігер (1972–73), Алматы қ-ндағы әскери мед. пункт бастығы (1973–75), Алматы мемл. мед. ин-тында (1975–76, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) стажер-ізденуші, Шымкент қ-ндағы обл. ауруханада дәрігер-ординатор, бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары (1976–88), Фосфор мед.-санитарлық бөлімінің (1988–89) және қ-лық аймақтық-мед. бірлестігінің (1989–92) бас дәрігері, Онт. Қазақстан обл. әкімш. басшысының орынбасары (1992–93), Халықар. қазақ-түрік унтінде клиника директоры, мед. ф-тінің деканы қызметтерін атқарды (1997–2003). «Клиника и патогенетические аспекты неврологических расстройств при хронической фосфорной интоксикации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 70-тен астам ғыл. жарияланымның авторы. 12-сайл. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты болған.

**БАЙДУРИН** Серік Амангелдіұлы (1949 ж.т.) – мед. ғыл. докт. (1992). Қарағанды мемл. мед. ин-ты (1972, қазіргі Қарағанды мемл. мед. академиясы) мен Мәскеу қ-ндағы Орт. гематология және қан құю ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын бітірген (1980). Павлодар обл. Ермак (қазіргі Ақсу) ауд. ауруханасында және Павлодар қ-ндағы обл. ауруханада дәрігер-терапевт (1972–76), Қарағанды мемл. мед. ин-тында аға

лаборант, (1976–77), ассистент (1980–87), доцент (1987–88) болды. 1997 жылдан Оңт. Қазақстан мед. академиясында кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Лимфосаркомы: клиника-морфофункциональные характеристики» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.



*С.Байдурин*

**БАЙДІЛДАНОВА** Лаура Берікханқызы (26.9.1973 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Шар қ.) – экон. ғыл. канд. (2004). Семей қаржы-экон. колледжін (1991), Қарағанды мемл. ун-тін (1995) бітірген. 1995–96 ж. Семей қ. әкімш-нде маман, бас маман, 1996 жылдан Семей бизнес және кәсіпкерлік ин-тында (қазіргі Қазақ қаржы-экон. академиясы) оқытушы, 1998 жылдан кафедра меңгерушісі, 2004 жылдан оқу-әдістемелік жұмысы бойынша, 2011 жылдан халықар. байланыстар және ғыл.-зерт. жұмысы бойынша проректор қызметтерін атқарады. «Сақтандыру компанияларының қызметінің қаржылық аспектілері (Қазақстан мәліметтері негізінде)» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. 50-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 1 монография, 5 оқу құралының авторы.



*Л.Байділданова*

**БАЙДІЛДИНОВ** Дәулет Лайықұлы (14.4.1960 ж.т., Украина, Донецк обл. Артемовск қ.) – заң ғыл. докт. (1996), проф. (2003). ҚР Жоғары мектебі ғыл. академиясының корр. мүшесі (2003). ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы ун-тте оқытушы, комсомол к-тінің хатшысы, деканның орынбасары, доцент, Заң ғыл. орт-ның директоры (1982–97), ҚР Қауіпсіздік кеңесінің кеңесшісі (1997–98) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, декан. «Экологическое законодательство Республики Казахстан: совершенствование и кодификация» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады.



*Д.Байділдинов*

**БАЙДІЛДИНОВ** Лайық Әмірұлы (10.11.1930 ж.т., Қостанай обл. Қамысты ауд. Кубеновка а.) – филос. ғыл. докт. (1988), проф. (1989), ҚР Әлеум. ғыл. академиясының корр. мүшесі (1997), ҚР Пед. ғыл. академиясының акад. (1997). Ленинград (1953, қазіргі Санкт-Петербург) мемл. ун-тін және КСРО ҒА-ның Филос. ин-тының аспирантурасын (1960) бітірген. Қостанай пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы (1953–57), Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1960–62), Алматы жоғары партия мектебінде аға оқытушы, доцент, декан, кафедра меңгерушісі (1962–92), Қазақ мемл. басқару академиясы (1992–98) мен ҚазҰУ-да (1998 жылдан) кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2001 жылдан осы ун-ттің проф. «Әлеуметтік қоғамдағы әлеуметтік тәжірибе: субъектті–объектті аспект» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Бірнеше медальдармен марапатталған.



*Л.Байділдинов*

**БАЙЖАНОВ** Бектұр Сембіұлы (12.7.1951 ж.т., Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2008). ҚазМУ-ды (1973, қазіргі ҚазҰУ) және оның аспирантурасын (1979) бітірген. ҚазМУ-де (1979–92), Қазақстан ҒА-ның Президиумында (1992–94), Информатика және басқару проблемалары ин-тында (1994–2004) қызметтер атқарды. 2004 жылдан Математика, информатика және механика ин-ты директорының орын-



*Б.Байжанов*

басары. Негізгі ғылыми бағыты – бір орындық дөңес предикатты әлсіз о-минимальді теория моделінің байытылу туралы мәселе (Черлин-Макферсон-Маркер-Стейнхорн мәселелері). «Обогащение моделей слабо о-минимальных и стабильных теорий» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БАЙЖАНОВ** Ерлан Сапарұлы (8.10.1962 ж.т., Алматы қ.) – филол. ғыл. канд. (1989). Мәскеу мемл. ун-тін (1985), аспирантурасын (1988) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушы (1989–90), «Советы Казахстана» газеті редакциясының парламенттік шолушысы, бөлім меңгерушісі (1990–91), кәсіпкер (1991–



*Е.Байжанов*

96), ҚР Сыртқы істер мин-нде баспасөз қызметінің бірінші хатшысы, ақпарат және баспасөз бөлімінің меңгерушісі (1996–97), ҚР Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі, жетекшінің орынбасары (1997–2004), ҚР Ресейдегі елшілігінде кеңесші-уәкіл, Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі шарт ұйымында өкілетті өкіл (2004–05), ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт бірінші вице-министрі (2005–06), ҚР Президентінің әкімш. Ақпараттық-талдау орт-ның меңгерушісі (2006–07), ҚР Президентінің Баспасөз хатшысы (2007–08), «Арна-Медиа» мемл. холдингінің басқарма төрағасы (2008–09), «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры (2009–11), 2011 жылдан «Нұр-Медиа» холдингінің бас директоры қызметін атқарады. «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

**БАЙЖАНОВ** Жұмагелді Омарұлы (1950 ж.т.) – тех. ғыл. докт. (2003), проф. (2004). Қарағанды политех. ин-тын бітірген (1976). Қарағанды индустриялық құрылыс жобалау-технол. ин-тында сектор жетекшісі, бас технолог, бас инженер (1987–91), Қарағанды мемл. тех. ун-тінде доцент, кафедра меңгерушісі (1991–2003) болды. 2004 жылдан осы ун-тте декан қызметінде. 2002 ж. «Развитие теории и практики и получения экструзионного бетона и железобетона» деген тақырыпта докт.дисс. қорғады. Б. 110-нан астам ғыл. жарияланымның оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БАЙЖАНОВ** Сәбихан Шынарбекұлы (11.11.1950 ж.т., қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауд. Елтай а.) – мед. ғыл. докт. (1995), проф. (1996). Алматы мемл. мед. ин-тын (1973, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Жезқазған обл. ауруханасында дәрігер-хирург (1973–77), Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау мин-лігінің 4-бас басқармасы қарамағындағы Орт. ауруханада дәрігер-эндоскопист, бөлім меңгерушісі (1977–81), КСРО Мед. ғыл. академиясының Бүкілодақтық онколог. ғыл. орт-нда ординатор, аспирант (1981–85), Алматы мемл. мед. ин-тында ассистент (1985–89), ҚР Президенті Іс басқармасының Мед. орт-ның Орт. клиник. ауруханасында бөлім меңгерушісі (1989) болды. 1996 жылдан Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру ин-тының проф. қызметін атқарады. «Билиарная литотрипсия и оперативная эндоскопия в лечении желчнокаменной болезни» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 72-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БАЙЖАНОВ** Түзелбай (17.1. 1939 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд.) – филол. ғыл. докт. (1993). Шымкент пед. ин-тын (1962, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) бітірген. Арқалық пед. ин-тында кафедра меңгерушісі, Жамбыл пед. ин-тында оқытушы қызметтерін атқарды. «Қазақ тіліндегі әскери лексиканың тарихы» атты тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Әскери лексиканың этимол. сөздігін құрастырумен айналысады. Б. бірқатар ғыл. еңбектің авторы.

**БАЙЖОЛОВА** Раиса Әліқызы (25.1.1955 ж.т., Қызылорда қ.) – экон. ғыл. докт. (2010). Қарағанды мемл. ун-тін бітірген (1977). Жезқазған пед. ин-тында оқыту-



*Р.Байжолова*

шы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1978–1996), Жезқазған ун-тінде аға оқытушы (1996–99), Еуразия ун-тінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1999–2005) қызметтерін атқарды. 2005 жылдан осы ун-тте доцент. Ғыл. зерттеулерінің негізгі бағыты – жаһандану мен ұлттық еңбек нарығының өзара байланысы және жаһанданудың ұлттық еңбек нарығына тигізетін әсері. «Жаһандану жағдайында ұлттық еңбек нарығын мемлекеттік реттеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 6 монографияның авторы.

**БАЙЖОМАРТОВ** Мэлс Серікбайұлы (11.9.1942 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд. Ақсу а.) – мед. ғыл.

докт. (1981). Алматы мемл. мед. ин-тын (1965, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау мин-лігінің Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, ғыл. хатшы, бөлім меңгерушісі (1969–75, 1978–86) болды. 1987 жылдан ин-т директорының ғыл. жұмысы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарады. 1980 ж. «Патогенетические основы ускоренной лабораторной диагностики» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері микробиология және вирусология мәселелеріне арналған.

**БАЙЖҰМАНОВ** Әнуар (14.12. 1937 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Бастау а.) – а.ш. ғыл. канд. (1966), проф. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және оның аспирантурасын (1963)



*Ә.Байжұманов*

бітірген. Осы ин-тта аға ғыл. қызметкер (1963–68), деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі (1968–92), ҚР Ауыл ш. мин-гінде басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы (1992–96) қызметтерін атқарды. Қазір Қазақ экономика, қаржы және халықар. сауда ун-тінің проф. Б. республикада қой шаруашылығының жаңа бағыты – кроссбред қойын өсірудің ғыл. негізіне ат салысқан, «Дегерес қойы» атты отандық жаңа қой тұқымы авторларының бірі. 80-нен астам ғыл. еңбек авторы, олардың ішінде жоғары оқу орындарына арналған «Мал өсіру» (1987), «Мал өсіру және селекция» (2006), ауылдық орта кәсіптік оқу орындарына арналған «Шопанның оқу кітабы» (1990), «Қой тұқымын асылдандыру» (1977), «Қой төлдетуді ұйымдастыру» (1978), «Жылқы өсірушінің анықтамасы» (1985), т.б. бар.

**БАЙЖІГІТОВ** Болат Кесікқалиұлы (17.10.1956, Атырау қ. – 16.3.2007, Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. (1999), проф. (2001), ҚР Әлеум. ғыл. академиясының корр. мүшесі (2000). ҚазПИ-ді (1978, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Осы ин-тта аға оқытушы (1978–96), кафедра меңгерушісі (1996–99, 2000–06), Қазақ ұлттық өнер академиясында проректор қызметтерін атқарды (2006–07). 1998 ж. «Бейненің тұрақты нақыштарына философиялық қатынас (суреттің көркемдік кеңістік пен уақыт ырғағындағы көрінісі)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, бірнеше кітаптардың авторы.

**БАЙЖІГІТОВ** Құлахмет (1938 ж.т., Түркістан қ.) – биол. ғыл. докт. (2006). ҚазМУ-ді (1962, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Казги-



*Қ.Байжігітов*

пром» ғыл.-зерт. ин-тында (1962–65), Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында (1966–1993) кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1993 жылдан Халықар. қазақ-түрік ун-тінде ботаника бағының директоры, проф. Оның жетекшілігімен ун-т аум-нда 100 га ботаникалық бақ орнатылды. Ғыл. зерттеулерінің негізгі бағыты – Қазақстанның шөл және шөлейт экожүйесінде аудандастырылған декоративті және жеміс ағаштарының интродукциясы. 70-тен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙЗАҚ** Үсен Ахметұлы (26.11. 1948 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Айкөл а.) – пед. ғыл. докт. (2009). Шымкент пед. ин-тын бітірген (1971). Шымкент қ-ндағы №26 орта мектепте мұғалім (1971–78), Шымкент дене тәрбиесі техникумында (1978–80), Оңт. Қазақстан мемл. мед. академиясында оқытушы, аға оқытушы, доцент (1980–2004), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде оқу-бақылау басқармасының бастығы (2004–10) қызметтерін атқарды. 2010 жылдан ХҚТУ Шымкент қ-сындағы оқу-клиникалық базасы-



*Ү.Байзақ*

ның оқу-басқарма бастығы. Б. «Болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындауда медициналық техникаларды қолданудың ғылыми-педагогикалық негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

**БАЙЗАҚОВ** Сайлау (12.12.1937 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Қызбел а.) – экон. ғыл. докт. (1974), проф. (1981), Халықар. ақпарат (1994) және Халықар. менеджмент академияларының

(1997) акад. ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы ун-тте кіші ғыл. қызметкер, ассистент (1961–64), Қазақ КСР-і Жоспарлау к-тінің Экон. ғыл.-зерт. ин-тындағы есептеу орт-нда аға экономист, бөлім меңгерушісі (1964–75), директордың орынбасары (1975–85), Қазақстан ҒА-ның өндіргіш күштерді зерттеу кеңесі төрағасының 1-орынбасары (1985–86), ҚР Мемл. к-тінің ғыл.-технол. және конъюнктуралық-коммерциялық ақпарат ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1991–93), «Ұлағат» ун-тінің проректоры (1993–94) және осы ун-ттің Астана қ-ндағы бөлімшесінің директоры (1998–2000), ҚР Жоғ. Кеңесінің экон. реформа жөніндегі кеңесшісі (1994–95), ҚР Құнды қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссияның бас басқармасы бастығының орынбасары (1995–96), ҚР Үкіметі жанындағы мемл. қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру мен қайта даярлау интының ректоры (1996–98) болды. 2000 жылдан Қарағанды экон. ун-тінің Астана қ-ндағы бөлімшесінің директоры қызметін атқарады. «Совершенствование размещения производства и переработки сельскохозяйственных продуктов (На основе методов многоступенчатой оптимизации)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.


*С.Байзақов*

**БАЙЗАҚОВА** Құралай Ертісқызы (13.1.1958 ж.т., Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (2003), проф. (2005). ҚазМУ-ды (1980, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1983) бітірген. Осы ун-тте доцент (1992), кафедра меңгерушісі (2000–05), декан (2005–09), проф. қызметтерін атқарады. «Эволюция конституционной доктрины голлизма: политические и внешнеполитические аспекты» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 11 монографияның авторы.


*Қ.Байзақова*

**БАЙЗОЛДАНОВ** Төлеген (1944 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Екпінді а.) – фармацевтика ғыл. докт. (2004), проф. Алматы мемл. мед. ин-тын (1966, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) және Витебск (Беларусь) мемл. мед. ин-тының аспирантурасын (1972) бітірген. 1967–95 ж. Алматы мемл. мед. ин-тында пед.-ғыл. жұмыспен айналысты әрі ин-ттың Шымкенттегі бөлімшесінде кафедра меңгерушісі болды. 1990–2004 ж. ҚР Денсаулық сақтау мин-нде жауапты қызмет атқарды. 2004 жылдан Қазақ Ұлттық мед. ун-тінде кафедра меңгерушісі. 100-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 монография, 10 оқу құралы, 1 әдістемелік нұсқау, 1 авторлық куәлік пен 2 алдын ала патенттің авторы. «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі».


*Т.Байзолданов*

**БАЙКЕНОВ** Мырзабек Исполұлы (5.8.1955 ж.т., Қостанай обл. Әулиекөл ауд.) – хим. ғыл. докт. (1999), проф. (2001). Қарағанды мемл. ун-тін бітірген (1979). Қазақстан ҒА-ның Органик. синтез және көмір химиясы ин-тында инженер (1983–85), кіші ғыл. қызметкер (1985–96), лаб. меңгерушісі (1996–2000) болды. 2000 жылдан Қарағанды мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. Ғыл. бағыты – жоғары тұтқырлы көмірсутек шикізатының каталитикалық гидрогенизациясы. 1997 ж. «Каталитическая гидрогенезация угля и высоковязкой нефти» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, 2 патенттің авторы.


*М.Байкенов*

**БАЙКЕНОВА** Гүлжан Ғаусылқызы (29.5.1963 ж.т.) – хим. ғыл. докт. (2004). ҚазМУ-ды (1986, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінде ғыл., аға ғыл. қызметкер (1981–2003), Органик. синтез және көмір химиясы ин-тында, жетекші ғыл. қызметкер (2004–05) болды. 2005

жылдан Қазақстан–Ресей ун-ті проректорының кеңесшісі қызметтерін атқарады. 2003 ж. «Синтез, строение и свойства новых полуфункциональных интрил-ацетилен-, фосфор-и серусодержащих производных некоторых алколоидов и их синтетических аналогов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙҚОЖАЕВА** Бақыткүл Ұзаққызы (29.5.1963 ж.т., Қызылорда обл.) – тех. ғыл. докт. (2003), проф. (2006). Самарқанд (Өзбекстан респ.) мемл. кооп. ин-тын (1984), Мәскеу кооп. ин-тының аспирантурасын бітірген (1990). Мәскеу мемл. ун-тінде қызметкер (1990–1991), Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі ин-тында



*Б.Байқожаева*

(1991–2001, қазіргі Тараз мемл. ун-ті), Шығыс Қазақстан мемл. ун-тінде (2001–04), Жетісу мемл. ун-тінде проф. (2004–06) оқытушы, Экономика және құқық академиясының проректоры, кафедра меңгерушісі (2006–11), Қазақ технология және бизнес ун-тінің оқытушысы (2011–12) болды. 2012 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінің проф. Ғыл. бағыты – қауіпсіз ауылшаруашылығы және тамақ өнімдерін сертификаттау, стандарттау және сапасын арттыру. «Астық және астықбұршақты қолдану арқылы жалпы және емдік-профилактикалық қауіпсіз тамақ өнімдерін алудың теориялық және эксперименталдық негіздемелері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 130-дан астам ғыл. жарияланымның, 11 оқу құралының, 3 монографияның, 7 патенттің, 2 авторлық куәліктің авторы.

**БАЙҚОШҚАРОВА** Салтанат Берденқызы (1.2.1960 ж.т., Жамбыл обл. Талас ауд. Ойық а.) – биол. ғыл. докт. (2011). ҚазМУ-ды (1983, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1983–87 Қазақ респ. Кәсіподақ к-тінің инструкторы, 1988–95 ж. Алматы қалалық кеңесханасында дәрігер-лаборант болып қызмет істеді. 1995 жылдан «Экомед» адам ұрпағын өрбіту емханасының негізгін қалаушы және жетекшісі. «Ерлі – зайыпты жұптардың физиологиялық мүмкіндіктеріне тәуелді қосалқы репродуктивтік әдістердің көмегі-



*С.Байқошқарова*

мен бедеулік мәселесінен арылу жолдары» тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. – репродуктолог – эмбриолог, ерлер бедеулігін анықтаумен айналысып, Қазақстанда және Орт. Азияда алғашқы болып денеден тыс ұрықтандыру әдісін енгізді. ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі (2006). «Құрмет» орденімен (2010), медальдармен марапатталған.

**БАЙМАҒАМБЕТОВ** Сейіл Зейнелұлы (10.11.1946 ж.т., Қостанай обл. Сарыкөл ауд. Беземен а.) – тарих ғыл. докт. (2005). Қостанай пед. ин-тын бітірген (1969). ҚР Президенті Әкімшілігі мен ҚР Премьер-Министрінің Кеңсесінде қызмет атқарды (1991–2007). 2007 жылдан ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академисының проф. «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени даму саласы (1980–2000)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Мемл. басқару және әлеуметтік-мәдени даму саласына, стратег. және бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыруға қатыс-



*С.Баймағамбетов*

ты жазылған 50-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Олардың ішінде «Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени саясат» (2000), «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» (2011) т.б. бар. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**БАЙМАҚАНОВА** София Шәкірқызы (22.12.1929 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Кеңес а.) – мед. ғыл. докт. (1993), проф. (1982). Алматы мемл. мед. ин-тын (1953, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Семей мед. ин-тында (1957–61, қазіргі Семей мемл. мед. академиясы) оқытушы, Қазақстан Денсаулық сақтау мин-лігінің Онкология және радиология ғыл.-зерт. интында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1961–83) қызметтерін атқарды. 1983 жылдан Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру ин-тында кафедра меңгерушісі. Б-ның ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыты – мойын мен ас қорыту мүшелерінде кездесетін қатерлі ісіктің эпидемиологиясы және алдын алу жолдарын іздестіруге, емдеу әдістерін жетілдіру мәселесіне арналған. Б. 170-тен астам ғыл. жарияланымның,

оның ішінде 3 монографияның («Гидрохирургическая анатомия общей сонной артерии», 1988; «Ушная рефлексотерапия», 1996; т.б.) авторы.

**БАЙМАХАНОВ** Болатбек Бимендеұлы (3.9.1962 ж.т., Қызылорда қ.) – мед. ғыл. докт. (2000), ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2001). Алматы мемл. мед. ин-тын (1986, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасында дәрігер-хирург (1986–90), Алматы қ-ндағы Хирургия ғыл. орт-нда ғыл. қызметкер (1990–2000; 2003 жылдан орт. директоры), Оңт. Қазақстан обл. әкімш-нде денсаулық сақтау департаментінің бастығы (2000–03) болды. Оның негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары кардия ахалазиясы мен өңештің күйіктен кейінгі тыртықтың тарылуын емдеу мәселесіне арналған. «Эзофагопластика при послеожоговом рубцовом сужении пищевода» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.


*Б.Баймаханов*

**БАЙМЕНОВА** Ақан Тілеубекқызы (18.5.1940, Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а. – 13.8. 2006, Алматы қ.) – а.ш. ғыл. канд. Қазақ пед. ин-тын (1962), аспирантурасын (1965) бітірген. 1965–72 ж. Қазақ мемл. политех. ин-тында оқытушы, 1972–96 ж. Қазақ КСР ҒА-ның Топырақтану ин-тында қызмет істеді. 1996–2000 ж. ҚХР-да қызмет істеді. «Жасыл индустрия» ғыл.-зерт. ин-тының лаб. меңгерушісі, 2000–06 ж. ҚР Кіші ғылым академиясында кеңесші болды. Б. күріш атыздарындағы топырақ ерітіндісінің сілтілігін зерттеді. Тұзданған топырақтарды токсик. тұздардан шаймастан мелиорациялаудың теориясын жасаушылардың бірі. 80 ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 8 авторлық куәлік, 9 өндірістік нұсқау мен 6 әдістеменің авторы.


*А.Байменова*

**БАЙМҰҚАНОВ** Бүркіт (13.10. 1930 ж.т., бұрынғы 12-а., қазіргі Атырау обл. Махамбет ауд.) – пед. ғыл. докт. (1992), проф. (1993). ҚазПИ-ді (1953, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Атырау пед. ин-тында оқытушы (1953–61), кафедра меңгерушісі (1961–65), ҚазМУ-да (1965–71, қазіргі ҚазҰУ) доцент қызметтерін атқарды. 1988 жылдан ҚазПИ-де доцент, проф. Б. бірнеше оқу құралдарының («Математика есептерін шығаруға үйрету», 1983; «Алгебра», 7-сынып, 1994) авторы.


*Б.Баймұқанов*

**БАЙМҰХАМБЕТОВ** Жендік Жанбатырұлы (1.6.1945 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жұмба а.) – мед. ғыл. докт. (2007). Семей мемл. ин-тын (1968, қазіргі Семей мемл. мед. академиясы), Алматы мемл. мед. ин-тының клин. ординатурасын (1974) бітірген. Семей обл. Шұбартау ауд. ауруханасында хирург (1968–71), Алматы қ-ндағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің госпиталінде бөлім меңгерушісі (1974–76), Алматы мемл. мед. ин-тында ассистент, доцент (1976–98), Оңт. Қазақстан мемл. мед. академиясында декан, кафедра меңгерушісі (1998–2008) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан осы академияның проф. «Диагностика и лечение нарушений транзитной функции толстой кишки» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. бағыты – абдоминалдық, іріңді хирургия, проктология. Осы салада 5 ғыл. жаңалықтың, 4 рационализаторлық ұсыныстың, 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.


*Ж.Баймұхамбетов*

**БАЙМҰХАМЕДОВ** Мәлік Файзоллаұлы (6.3.1945 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1996), Халықар. ақпараттандыру академиясының акад. (1999). Қарағанды политех. ин-тын (1968, қазіргі Қарағанды мемл. тех. ун-ті) және Мәскеу энергет. ин-тының аспирантурасын (1974) бітірген. Қарағанды политех. ин-тында (1974), Павлодар индустрия ин-тында доцент (1975), Алжирде (1979–80), Рудный индустрия

ин-тында декан (1981–87), Қостанай мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1987), проректор қызметтерін атқарды (1992–2006). «Разработка моделей, методов и средств построения адаптивной технологии компьютерного обучения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. еңбек-



*М.Баймұхамедов*

терінің негізгі бағыты – компьютерлік жүйеге лайықталған модель, әдістеме мен құрал технологиясын жасау мәселесі.

**БАЙМҰХАМЕТОВ** Абай Әбішұлы (26.6.1952 ж.т., Ресей Федерациясы, Челябинск обл., Карталы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2003), проф. (2007). ҚазМУ-ды (1974, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазССР ҒА Математика және механика ин-тында, аға ғыл. қызметкер, аға лаборант, инженер (1974–76, 1987–91), ҚазССР ҒА Сейсмология ин-тында инженер, кіші ғыл. қызметкер, патент-ақпарат бөлімінің меңгерушісі, аға ғыл. қызметкері (1976–87). ҚР ҰҒА Механика және машинатану ин-тында аға ғыл. қызметкер, (1991–94), директордың орынбасары (1994–2008), директор (2008–10), 2010 жылдан – лаб. меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыты – Жердің ішкі қатпарларының өзара әсерінің механикасы. «Тұтқыр-серпімді қатпарланған Жер механикасы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Бірнеше орден медальдармен марапатталған.

**БАЙМҰХАМЕТОВ** Серғазы Қабиұлы (23.4.1936 ж.т., Алматы обл. Қаратал ауд. Үштөбе ст.) – тех. ғыл. докт. (1990), ҚР Инж. академиясының акад. (1996). Қазақ кен-металлургия ин-тын (1958, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. «Қарағандыкөмір» комб-тының шахталарында кен шебері, телім бастығы, бас инженер, шахта директоры болып жұмыс істеді. «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің директоры, бас инженер (1979–1992), «Көмір» мемл. холдинг компаниясында лауазымды қызметтер (1992–94) атқарған. 1996 жылдан «Испат Кармет» АҚ көмір департаментінің тех. директоры. «Разработка способов управления вентиляцией и газовыделением в шахтах для обеспечения безопасных условия интенсивной добычи угля» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 90-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның («Прогрессивные технологии выемки пожароопасности пластов с кремотогным проветриванием», 1989; «Предупреждение самонагревания и тушение эндогенных пожаров в выработанным пространстве», 1991) авторы; 78 авторлық куәлігі бар. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1973). Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту және «Достық» (Ресей) ордендерімен марапатталған.

**БАЙМҰХАНБЕТОВ** Марат Әбіләкімұлы (1940 ж.т.) – фармацевтика ғыл. докт. (1997), проф. (1998). Алматы мемл. мед. ин-тын (1968, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Алматы мемл. мед. ин-тының Шымкент бөлімшесінде кафедра меңгерушісі (1981–2003) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан Қарағанды мемл. мед. академиясында фармацевт курсының меңгерушісі. Б. 20-ден астам ғыл. жарияланымның («Лекарственные растения в оториноларингологии и пульмонологии», 1998; «Фитотерапия сердечно-сосудистых заболеваний», 2000) авторы.

**БАЙМЫРЗАЕВ** Қуат Маратұлы (4.8.1965 ж.т., Алматы обл. Жамбыл ауд. Бірлік а.) – геогр. ғыл. докт. (2001). ҚазМУ-ды (1989, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1996) бітірген. Осы ун-т ректорының көмекшісі, проректор (1991–2000), декан (2001) қызметтерін атқарды. 2002 жылдан Қостанай мемл. ун-тінің ректоры. «Экономико-географические проблемы рационального природопользования в Цент-



*А.Баймұхаметов*



*С.Баймұхаметов*



*Қ.Баймырзаев*

рально-Казахстанском регионе» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 50-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙМЫШЕВ** Ермек Серікбайұлы (1940 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Шортанды ауд. Дорофеевка а.) – мед. ғыл. докт., проф. (1991). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1964, қазіргі Қарағанды мемл. мед. академиясы) және аспирантурасын (1969) бітірген. Бурабай ст-ндағы т. ж. ауруханасында хирург (1964–66), Шортанды ауд. орт. клиник. ауруханасында бөлім меңгерушісі (1973–77), Қарағанды мемл. мед. ин-тында қызметкер (1977–97) болды. 1997 жылдан ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі. Б. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы.

**БАЙНАТОВ** Жұмабай (1946 ж.т., қазіргі Жамбыл обл. Тұрар Рысқұлов ауд. Каменка а.) – тех. ғыл. докт. (1993), проф. (1994), ҚР Инж. академиясының акад. (1998). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1970) және Киев қ-ндағы электронды



*Ж.Байнатов*

ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1976) бітірген. Қазақ политех. ин-тында ассистент (1976–80), Алматы архит.-құрылыс ин-тында (қазіргі Қазақ Бас-сәулет Құрылыс академиясы) аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент, проф. (1980–2000) қызметтерін атқарды. 2000 жылдан Қазақ көлік және коммуникация академиясында проф. «Защитные сооружения горных автомобильных дорог от селевых потоков» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 270-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 9 монографияның авторы.

**БАЙРАҚЫМОВ** Сағидолла Ізбасарұлы (1936 ж.т., Алматы обл. Көксу ауд. Мұқыр а.) – а. ш. ғыл. докт. (1996), проф. (2002). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1960,



*С.Байрақымов*

қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Бұрынғы Талдықорған (қазіргі Алматы) обл-нда Көксу ауд-нда (1960–61), Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында (1961–65), Қазақ өсімдік қорғау ғыл.-зерт. ин-тында (1965–80), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (1980–85) бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1996 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде өндірістік-ғыл. және пед. қызметте, Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1997–2002). 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙСАЛОВ** Сағындық (1.7. 1928, Оңт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд. – 1997, Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1966), проф. (1971), Қазақ КСР-інің еңбек сің. заңгері (1972). Ташкент заң ин-тын (1949) және КСРО ҒА-ның Мемл. және құқық ин-тының аспирантурасын (1952) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық секторында аға ғыл. қызметкер, Қоғамдық ғыл. бөлімшесінің ғалым-хатшысы (1953–70), 1971 жылдан ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) проф., кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. Қазақстанда жер-суды, табиғатты қорғауға байланысты қабылданған заң, қаулы-қарарларды іс жүзіне асыру мәселелерін ғыл. тұрғыдан зерттеген әрі республикада қолданылған азаматтық, жер-су кодекстерінің жобаларын жасауға қатысқан. Б. 70-тен астам ғыл. жарияланымның («Право сельско-хозяйственного водопользования в Казахской ССР», 1956; «Водное право КазССР», 1966) авторы.

**БАЙСАНОВ** Сайлаубай Омарұлы (1950 ж.т.) – тех. ғыл. докт. (2002), проф. (2003). Мәскеу болат және қорытпа ин-тын бітірген (1974). Хим.-металлургия ин-тында инженер, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1974–93) болды. 1994 жылдан ин-т директорының орынбасары. «Закономерности фазовых равновесий в металлургических системах и разработка на их основы эффективных технологий выплавки ферросплавов» деген тақырыпта докт. дисс.қорғады. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның



*С.Байсанов*

ішінде 3 монографияның («Становление и развитие маргенцовой отрасли Казахстана», 2002; «Освоение технологии электротермической выплавки ферросиликоалюминия», 2000; «Производство ферросиликоалюминия», 2003) авторы. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2001).

**БАЙСАРИНА** Қымбат Кабидолдақызы (15.4.1957 ж.т., Шы-

ғыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. би Боранбай а.) – тарих ғыл. докт. (2007). ҚазМУ-ды (1979, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (1979–93), Семей мемл. пед. ин-тында (1993–96), Семей мемл. ун-тінде (1996–2007) ғыл. пед. қызметпен айналысты. 2007 жылдан Семей мемл. пед. ин-тында



*Қ.Байсарина*

проф. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстанның әлеум.-экон. дамуы. «Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы: тарихы және сабақтары (1946–1965 жж.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 70-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монография мен 2 оқу-әдістемелік құралдың авторы.

**БАЙСЕРКЕ** Лесхан Әмірбекұлы (9.7.1942 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд.) – пед. ғыл. докт. (1999), Халықар. пед. ғыл. академиясының акад. Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2012). ҚазПИ-ді (1966, қазіргі ҚазҰПУ) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1976) бітірген. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тында оқытушы, аға оқытушы (1966–73), кафедра меңгерушісі, декан (1977–94), ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты, 1994–1995, 1996 жылдан Тараз мемл. ун-тінің проректоры. 1998 ж. «Педагогические основы нравственно-правового воспитания учащихся общеобразовательных школ» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 70-ке жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 монографияның («Нравственные основы правового воспитания школьников», 1998; т.б.) авторы. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен (2011), «Құрмет» орденімен (2012), марапатталған.



*Л.Байсерке*

**БАЙСЕРКЕНОВ** Маман (13.2.1937 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Екпінді а.) – режиссер, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1970), Қазақстан халық артисі (1998), проф. (1994). Алматы консерваториясын бітірген (1964). 1964–65 ж. Атырау облысаралық драма театрында, 1965–70 ж. Қызылорда обл. қазақ драма театрында режиссер, кейін бас режиссер, 1972–76 ж. Жамбыл обл. қазақ драма театрында, 1976–81 ж. Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрында бас режиссер, 1981–83 ж. Респ. корей музыка театрында режиссер болып істеген. 1983 жылдан Алматы театр және кино ин-тында дәріс береді. Б. жаңа көзқарас, тосын шешімге бейім режиссер. Ол қойған В.С.Вишневскийдің «Оптимистік трагедия» (Қазақстан Ленин комсомолы сыйл., 1968), А. Штейннің «Толас», Ян. Соловичтің «Түлен түрткен тіленші», С.Шаймерденовтің «Өнім сен едің», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», У.Шекспирдің «Гамлет», т.б. спектакльдер көрерменнің ықыласына ие болған. Б. қазақ театр өнері тарихында бірінші рет бір спектакльді екі кешке бөліп қойып, М.Шолоховтың «Тынық Дон» трилогиясының Т. Әлімқұлов аударған сахналық нұсқасын Жамбыл обл. драма театрының сахнасына шығарды. Б. – «Түлен түрткен тіленші» атты аударма пьесалар жинағының, «Қолтаңба және қойылым», «Сахна және актер» деген ой-толғаулар кітабының авторы.



*М.Байсеркенов*

**БАЙТАНАЕВ** Әбіш (25.12.1910, Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қ. – 3.6.1993, Шымкент қ.) – филол. ғыл. докт. (1971), проф. (1976). КСРО Жоғары мектебінің үздік қызметкері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Петропавл қ-ндағы жер өлшеу техникумын бітірген. «Лениншіл жас» (1932–36, қазіргі «Жас алаш») газеті редакциясында қызмет атқарды. Майданнан оралған соң партия, кеңес органдарында, «Оңтүстік Қазақстан» газетінде еңбек еткен. 1946 жылдан өмірінің соңына дейін Шымкент пед. ин-тын-



*Ә.Байтанаев*

да (қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) дәріс берді. Б-тың ғыл.-зерт. еңбектері қазақ романының теор. мәселелеріне арналған. «Шын шеберлік» (1969), «Орта мектептерде әдебиет теориясын оқыту» атты әдістемелік еңбек (1988) пен «Абай жолы айшықтары» монографиясының (1995) авторы. «М.О.Әуезовтің Абай туралы эпопеяны жасаудағы шеберлігі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б-тың есімімен Оңт. Қазақстан обл. Шәуілдір а-ндағы орта мектеп аталады. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

**БАЙТАНАЕВ** Болат Әбішұлы (20.2.1944, Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Шәуілдір а. – 20.8. 1998, Шымкент қ.) – филол. ғыл. докт. (1995), проф. (1996). Шымкент пед. ин-тын (1967, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) және ҚазПИ-дің (1972, қазіргі ҚазҰПУ) аспирантурасын бітірген. Шымкент пед. мәдениет ин-тында аға оқытушы (1967–69), пед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1976–78), Қарағанды мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі, декан, аға ғыл. қызметкер (1978–81), Шымкент пед. ин-тында (1981–88) қызметтер атқарған. 1996 жылдан өмірінің соңына дейін Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде декан, кафедра меңгерушісі, проф. 1994 ж. «Қазақ романының көркемдік құрамындағы ауызша-ақындық дәстүрлер» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 50-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙТАСОВ** Талғат Маратұлы (28.8.1961 ж.т., Астана қ.) – тех. ғыл. докт. (2006), проф. (2008). Целиноград инж.-құрылыс ин-тын (1983, қазіргі Ақмола инж.-құрылыс ин-ты) және Ленинград инж.-құрылыс ин-тының аспирантурасын (1986) бітірген. Целиноград инж.-құрылыс ин-тында ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1990–2000), Еуразия ұлттық ун-тінің бас ғыл. қызметкері (2000–04) болды. 2006 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде декан. Ғыл. жұмыстарының бағыты – геотехника (жерасты құрылысы), құрылыс материалдары және конструкцияларын зерттеу. «Тереңдеген үймереттердің топырақ сі-



*Т.Байтасов*

лемімен әрекеттесуінің геотехникалық қиындықтары және оның шешу жолдары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 90-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, бірнеше өнертабыс патенттерінің авторы.

**БАЙТЕЛИЕВ** Төлтай (1938 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Сызған а.) – тех. ғыл. докт. (1992), проф. (1991), ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1970) бітірген. Мәскеу мемл. ун-тінде аға лаборант, ассистент, (1961–70), Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1970–74), Қазақ хим.-технол. ин-тында кафедра меңгерушісі, доцент (1974–86), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде проф. (1986–91) болды. 1993 жылдан осы ун-тте кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Нестационарные задачи о волнах напряжений в упругом однородном и структурно-неоднородном массивах горных пород» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 70-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БАЙТЕНОВ** Мүсілім Ысмайылұлы (1926, Қарағанды обл. Қарқаралы қ. – 2001, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1990). ҚазПИ-ді (1951, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Өзбекстан ҒА-ның Ботаника ғыл.-зерт. ин-тында (1951–61), Новосибирск қ-ндағы КСРО ҒА-ның Сібір бөлімшесінде кіші ғыл. қызметкер (1961–64), Қазақстан ҒА-ның Ботаника ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1966–75), бөлім меңгерушісі (1975–95) қызметтерін атқарады. «Солтүстік Тянь-Шань биік таулы флорасының түзілу тарихы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ол әр түрлі туысқа жататын 37 жаңа өсімдік түрлерін ашты және оның екі жаңа түрі Б-тың атымен аталады; жәндіктердің 8 жаңа туысы мен 100-ге жуық жаңа түрлеріне сипаттама берді. Б. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монография мен 6 кітаптың авторы.

**БАЙТЕНОВА** Нағима Жаулыбайқызы (2.1.1952 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауд. Маңқаншы а.) – филос. ғыл. докт. (1998), проф. (2000). ҚазМУ-ды (1975, қазіргі ҚазҰУ) бітірген.



*Н.Байтенова*

Рудный индустр. ин-тында оқытушы (1975–79), 1980 жылдан ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды, 2011 жылдан осы ун-тте проф. Негізгі ғыл. бағыты – әлеум. филос., филос. тарихы, қазақ филос-сы, этнос және этникааралық процестер филос-сы, дінтану, қазіргі Қазақстандағы дінаралық және конфессия-

аралық қатынастар, жаңа діни ағымдар. «Этникааралық интеграция: әдеуметтік-философиялық талдау» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 300-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЙТІЛЕН** Серікхан Абдоллаұлы (1.1.1944 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Қаратөбе а.) – тарих ғыл. докт. (2000). проф. (1999). Жамбыл технол. ин-тын (1967) және Алматы жоғары партия мектебін (1977) бітірген. Жамбыл


*С.Байтілен*

астық комб-тында цех бастығы, қ-лық, обл. комсомол к-ті хатшысы, обл. партия к-ті жанындағы Ағарту үйінің меңгерушісі, Қаратау қ-лық партия к-тінің 2-хатшысы, Тараз мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі және проф., осы ун-ттегі «Ежелгі Тараз» ғыл.-зерт. орт-ның меңгерушісі қызметтерін (1967–99) атқарады. «Кеңес өкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: экстенсивті бағыт және тұралау (1965–1990 ж.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады.

**БАЙШАҒЫРОВ** Дүйсембек Әрпейұлы (8.5.1939, Семей қ. – 2.5.2011, Алматы қ.) – ветеринария ғыл. докт. (1999), проф. (2004). Семей зоовет. ин-тын (1962) және Алматы зоовет. ин-тының (1969, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) аспирантурасын бітірген. Семей обл. мал ш-нда мал дәрігері (1962–64), Семей зоовет. ин-тында ассистент (1964–66), доцент (1969–73), Алматы обл. Балтабай кеңшарында бас мал дәрігері (1973–75), Қазақ ветеринария ғыл.-зерт. ин-тында бас ғыл. қызметкер (1975–91), Қазақ ұлттық агр. зерт. орт-ғында бөлім бастығы, ғыл. хатшысы (1991–2002), Қазақ ұлттық агр. ун-тінің проф. (2002–06) қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. бағыты – ірі қара төлін әртүрлі табиғи-климаттық белдемдер жағдайында өсіру жағдайы. «Ветеринарно-санитарные и экологические аспекты выращивания


*Д.Байшағыров*

ремонтных телок и пути улучшения микроклимата в животноводческих помещениях» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 62 ғыл.-әдістемелік еңбектің, оның ішінде 3 патенттің авторы.

**БАЙШАҒЫРОВ** Хайролла Жамбайұлы (18.2.1949 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Тайынша қ.) – тех. ғыл. докт. (2000), проф. (2001),


*Х.Байшағыров*

Халықар. Экол. және қауіпсіздік ғыл. академиясының акад. (2000). ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінде стажер-зерттеуші, аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары (1972–2000) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан Көкшетау мемл. ун-тінде кафедра және лаб. меңгерушісі. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты – композиттер механикасы мәселелері. Оның жетекшілігімен диффузорлы шыны-пластикадан тұратын бірегей желді энергет. генератордың тәжірибелік үлгісі жасалды. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАКАЕВ** Леонид (Әскер) Құсманұлы (16.5.1949, Ресей, Камчатка обл. Усть-Камчатка ауд. Новый Камчатск с. – 24.5.2007, Алматы қ.) – полк. (1990), саясаттану (1996) және әскери (1997) ғыл. докт., проф., ҚР Жаратылыстану (1996), Пед. (1997) және әлеум. (1999) ғыл. академияларының акад., Нью-Йорк ғыл. академиясының мүшесі (1997), Ресей Әскери ғыл. академиясының акад. (1999). Ташкент жоғары танк командалық уч-щесін (1971), Алматы пед. шет тілдер ин-ты (1983), Бронетанк әскерлерінің әскери академиясын (1988) және Алматы мемл. ун-тін (2001, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Чехословакияда танк бөлімшесінің командирі (1971–73), 1973–90 ж. Қазақстанда әртүрлі лауазымды әскери қызметтер (1971–90) атқарған. ҚР Әскери комиссары (1990–91), ҚР Мемл. қорғаныс к-ті штаб бастығының орынбасары (1992), Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында (1992–94, қазіргі Қазақ мемл. қыздар пед. ун-ті) доцент, ҚР Сыртқы істер мин-нде бөлім меңгерушісі, кеңесші (1994–97), ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі (1997–2007), ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-ті академиясының проф. (1998) болды. «Қазақстан Республикасындағы әскери құрылымды жүзеге асыру саясаты» және «Қазақстан Республикасындағы әскери құрылым» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 110-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде

20 монография мен 20 оқулықтың авторы. 3-дәрежелі «КСРО Қарулы Күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» орденімен және медальдармен марапатталған.

**БАКАНИДЗЕ** Мамия Иосифович (1931 ж.т.) – филос. ғыл. канд. Тбилиси мемл. ун-тін (1954) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында аға лаборант, кіші, аға ғыл. қызметкер, сектор меңгерушісі (1978–84) қызметтерін атқарды. 1984 жылдан Грузия ҒА-.ның Филос. ин-тында жетекші ғыл. қызметкер болды. Б-нің негізгі еңбектері диалект. логиканың өзекті мәселелерін зерттеуге арналған. Әсіресе, логикалық формаларды (ұғым, пайым, тұжырым) жүйелеу мәселесіне көп көңіл бөліп, солардың ішінде субординация (бір-біріне бағыну) мәселесіне тереңірек талдау жасады. Ойлау заңдылықтарын зерделей келе, диалект. қайшылық, нақтылық, іс-әрекеттік, тарихилық, т.б. негізгі принциптерінің атқаратын қызметтерін психол. логика және филос. тарихына негіздей отырып талдады. Ол – «Проблемы логики и диалектики познания» (1963), «Проблема субординации логических форм» (1968), «Диалектическая логика: формы и методы познания» (1987) кітаптарының авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1984)

**БАКИРОВ** Рашид (29.7.1938 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Жалпақтөбе а.) – тех. ғыл. докт. (1997). Ташкент политех. ин-тын (1961) Мәскеу жоғары тех. учщесінің аспирантурасын (1967) бітірген. Қарағанды машина жасау з-тында мастер, аға технолог-инженер, Қарағанды политех. ин-тында қызметтер атқарды. 1968 жылдан Тараз мемл. ун-тінде доцент, проф., кафедра меңгерушісі. 1996 ж. «Теоретические и технологические основы ресурсосберегающих технологий получения литых деталей с применением холоднотвердеющих смесей на основе материалов Республики Казахстан» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 100-



*Р.Бакиров*

ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монография, бірнеше оқулықтардың авторы.

**БАКИРОВА** Светлана Федоровна (1942 ж.т., Ресей, Амур обл. Свободный пос.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1994), проф. (1999). Ленинград (1967, қазіргі Санкт-Петербург) хим.-фармацевтика ин-тын бітірген. Атырау обл.



*С.Ф.Бакирова*

дәріхана басқармасында (1967–75), Мұнай химиясы және табиғи тұздар ин-тында инженер, ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1975–99) қызметтерін атқарды. 1999 жылдан Атырау мұнай-газ ин-тында оқытушы. 1993 ж. «Геохимия порфироновых комплексов и микроэлементов в связи с прогнозом качества нефтей (на примере Западного Казахстана)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 80-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, 4 авторлық куәлік пен 1 патенттің авторы.

**БАҚАНОВ** Ғалитдин (21.1.1958 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Ақмая а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2002), проф. (2003). ҚазМУ-ды (1980, қазіргі ҚазҰУ) және Новосибирск мемл. ун-тінің аспирантурасын (1985) бітірген. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бө-



*Ғ.Бақанов*

лімшесінде оқытушы, аға оқытушы (1980–82, 1985–90), Қызылорда өнеркәсіптік өндіріс ин-ты (1990–93) мен Қызылорда политех. ин-тында (1996–98) доцент болды. 1998 жылдан Қызылорда мемл. ун-тінде доцент, кафедра меңгерушісі, проректор қызметтерін атқарады. 2002 ж. «Методы решения конечно-разносных обратных задач теории распространения волн» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл.-зерт. еңбектері матем. физ. теңдеулері үшін қойылған кері есептерді шешудің сандық әдістері мәселесіне арналған.

**БАҚАУОВА** Зәуре Хафизқызы (4.1.1935 ж.т., Алматы қ.) – хим. ғыл. канд. (1970). Мәскеу қ-ндағы хим.-технол. ин-тын бітірген (1959). Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1959–91), ҚазҰУ-да оқытушы (1991–98) болып қызмет атқарды. Оның негізгі ғыл. еңбектері полимерлердің физ.-хим. қасиеттері және кіші молекулалы полимерлер мен по-

лиэлектролиттердің макромолекуласындағы конформац. өзгертулерге арналған. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1986).

**БАҚТЫБАЕВ** Қырғызбай (20.11.1932 ж.т., қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Жиенқұм а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1991), проф. (1991). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және КСРО ҒА-ның Ленинград (қазіргі Санкт-



*Қ.Бақтыбаев*

Петербург) физ.-тех. ин-тының аспирантурасын (1965) бітірген. Шымкент пед. ин-тында аға оқытушы (1954–58), Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында (1958), ҚазПИ-де (1981–97, қазіргі ҚазҰПУ) кафедра меңгерушісі, декан қызметін атқарды. 1990 ж. «Теоретико-групповой подход к исследованию низколежащих состояний ядер» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б-тың ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты – көпбөлшекті жүйелердің микроскопиялық жағдайлардағы құрылымын, ядр. жүйелердің жиынтық және көпбөлшектік сәйкестігін зерттеу мәселесі.

**БАҚТЫБЕКОВ** Қазбек Сүлейменұлы (24.6.1945 ж.т., Жамбыл қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1996), проф. ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінде ғыл. қызметкер, оқытушы, доцент, проф., кафедра меңгерушісі, декан (1975–2004) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі, проректор, кафедра меңгерушісі қызметінде. Б. – кристалдардағы радиациялық ақаулардың түзілуі және люминесценция бағытындағы танымал ғалым. Кристалдағы кешенді аниондардың радиациялық ақауларға тигізетін әсерін кванттық химия тәсілдерін қолдану арқылы тұңғыш рет анықтаған. «Анионды және катионды кешенді кристалдағы лю-



*Қ.Бақтыбеков*

минесценция мен радиациялық стимуляция үрдістері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 250-ден астам ғыл. жарияланымның бірнеше патенттердің авторы.

**БАҚШЫЛОВ** Темірболат Құрманғалиұлы (30.9.1928 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Петропавл қ.) – тарих ғыл. докт. (1990), проф.



*Т.Бақшылов*

(1990). ҚазПИ-ді (1949, қазіргі ҚазҰПУ), Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1964) бітірген. Петропавл пед. уч-щесінде оқытушы (1949–53), Оңт. Қазақстан обл. халыққа білім беру бөлімінде инспектор (1953–59), Шымкент пед. ин-тында (1959–62, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1964–78), декан (1980–90) қызметтерін атқарды. 1990 жылдан Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде проф. «Деятельность партийных организаций Казахстана по воспитанию у рабочих промышленности творческого отношения к труду, 1959–1970 гг.» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады.

**БАЛАҚАЕВ** Төлтай (13.4.1923 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. бұрынғы Келдібай а.) – тарих ғыл. докт. (1972), проф. (1979). ҚР-ның еңбек сің. қайраткері (2003). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-ды (1949, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан КП ОК жанындағы партия тарихы ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1949–56), Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында ғалым-хатшы, аға, ғыл. қызметкер (1956–67), бөлім меңгерушісі (1968–85), директордың орынбасары (1985–88), бас ғыл. қызметкер (1988–91) болды. «Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны 1941–1945 гг.» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Қазақ және орыс тілдерінде шыққан ұжымдық «Қазақ ССР тарихының» тараулары (1963, 1964, 1967 жылғы басылымдары), «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» (1968, орыс тілінде) еңбегін жазуға қатысты. Б. «Әбдірахман Әйтиев» (1958), «Қазақстанның колхозшы шаруалары Ұлы Отан соғысы жылдарында» (1971, орыс тілінде), т.б. ғыл. еңбектер мен мақалалардың авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1972), 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталған.

**БАЛАҚАЕВА** Гүлнәр Төлтайқызы (1.11.1949 ж.т., Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1999), проф. Ленинград (1978, қазір-

гі Санкт-Петербург) политех. ин-тын және ҚазМУ-дың аспирантурасын (1986, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1978 жылдан ҚазҰУ-да проф., кафедра меңгерушісі, Қазақстан-Британ тех. ун-тінде декан қызметтерін атқарды. 2008



*Г.Балақаева*

жылдан ҚазҰУ жанындағы акад. мәселелер бойынша департамент директоры, 2010 жылдан проректор, 2012 жылдан кафедра проф. «Обтекание твердых поверхностей реагирующими потоками. Численное моделирование» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БАЛАҚАЕВА** Гүлшат Төлтайқызы (24.6.1952 ж. т., Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (2003), проф. (2005). ҚазМУ-ды (1974, қазіргі



*Г.Балақаева*

ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында аға лаборант, инженер, кіші ғыл. қызметкер (1974–81), Қарағанды мемл. ун-тінде аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы, доцент (1982–2003), Қазақ ұлттық тех. ун-тінде доцент (2003–04) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан осы ун-тте кафедра меңгерушісі. «Взаимосвязь твердофазных превращений в неорганических полимерных соединениях» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БАЛАПАНОВ** Жұмахан (20.9.1920, қазіргі Алматы обл. Алакөл ауд. Қарасу а. – 2004, Алматы қ.) – экон. ғыл. докт. (1977), проф. (1979). Алматы а. ш. ин-тын (1956, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және СОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын (1967) бітірген. Партия, кеңес органдарында басшы қызметтер (1945–65) атқарған. Қазақ а. ш. эконо-



*Ж.Балапанов*

микасын ұйымдастыру ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1967–71), ин-т директоры (1971–77), Алматы халық ш. ин-тында кафедра меңгерушісі (1977) болды. 1975 ж. «Экономические основы специализации сельского хозяйства Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Оның ғыл. жұмысының негізгі бағыты – агр.-өнеркәсіп кешенінің шаруашылық тетігін ұйымдастыру, жоспарлау, басқару және жетілдіру мәселелері. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**БАЛАПАНОВА** Әлия Саққызы (27.3.1968 ж.т., Алматы қ.) – саясаттану ғыл. докт. (2008), проф. (2011). ҚазМУ-ды (1991, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазҰТУ-да ассистент, аға оқытушы, доцент (1991–2008) қызметтерін атқарды.



*Ә.Балапанова*

Негізгі ғыл. бағыты – геосаясат, қазіргі саяси процестер, жаңа шекаралар қауіпсіздігі факторы, саяси ғылымдарды зерттеу әдістері, әлемдік экономикалық саясат. «Әлемдік даму жағдайындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасының шекара саясаты» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БАЛҒАБАЕВ** Әлімбай Мәдібекұлы (2.3.1960 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Төрткөл а.) – а.ш. ғыл. канд. (1989). Қазақ



*Ә.Балғабаев*

а.ш. ин-тын бітірген (1982). Алматы қ-ндағы «Союзгипролесхоз» ғыл.-жобалау ин-тында инженер-топырақтанушы (1982–84), Қазақ а.ш. ин-тында кіші,

аға ғыл. қызметкер, ассистент (1985–93), Қазақ ұлттық агр. унтінде доцент, кафедра меңгерушісі (1993–2011) қызметтерін атқарды. 2011 жылдан осы унтте проф. Зерттеу аясы – Қазақстанның оңт.-шығ. аймағының суғармалы егіншілігі жағдайында, әртүрлі мал азықтық, астықты және ұрық алмасу ауыспалы егістіктерінде органик. және минералдық тыңайтқыштардың а.ш-лық дақылдары өнімділігі мен топырақ құнарлылығының тиімділіктерін зерттеу. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БАЛҒАБАЕВ** Нұрлан Нұрмаханұлы (12.4.1958 ж.т., Жамбыл обл. Байзақ ауд. Диқан а.) – а. ш. ғыл. докт. (2010). Жамбыл гидромелиор.-құрылыс ин-тын бітірген (1980). Осы ин-тта ассистент, кі-



*Н.Балғабаев*

ші, аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1980–95), Жамбыл мемл. а.ш. тәжірибе ст-нда директор (1996–97), ТарМУ-дың Экол.-экон. проблемалар жөніндегі ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1998–2001), осы ун-тте және Халықар. қазақ-түрік ун-тінде доцент, аға ғыл. қызметкер (2001–05) болды. 2005 жылдан «ҚазАгроИнновация» АҚ «Қазақ су шаруашылығы ғыл.-зерт. ин-ты» ЖШС-де директордың орынбасары, бас директоры. Негізгі ғыл. бағыты – а. ш. дақылдарының өнімін бағдарлау, суармалы жерлердің мелиор. режимін басқарудың тиімді әдістері мен суды үнемдеу технологиялары. «Бағдарланған түсім алуға арналған жүгері егісінде топырақтың су режимін басқарудың ғыл. негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 5 патенттің авторы.

**БАЛҒЫМБАЕВ** Албан Сұлтанұлы (9.7.1935 ж.т., Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. (1982), проф. (1995), ҚР Пед. ғыл. академиясының акад. (1997). ҚазМУ-ды (1958, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1962) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. интында аға лаборант (1958–59), Алматы зоотех.-малдәрігерлік интында (1962–66, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті)оқытушы, аға оқытушы Қарағанды пед. интында аға оқытушы, доцент (1966–69), Қарағанды кооперативтік ин-тында декан, доцент (1969–72), ҚазПИ-де (1972–85, қазіргі ҚазҰПУ) доцент, проф., Қазақ мемл. а. ш. ин-тында (1985–95, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі, ҚазҰУ-да проф. (1995–2000, 2002 жылдан) қызметтерін атқарады. «Активность субъекта в теоретическом познании» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 120-дан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЛМАҒАМБЕТОВА** Жаннат Төлеуқызы (6.7.1965 ж.т., Қарағанды обл. Богучар а.) – филол. ғыл. докт. (2011). Қарағанды мемл. ун-тін бітірген (1987). Қарағанды қ-ндағы орта мектепте мұғалім (1987–92), Қарағанды политех. ин-тында оқытушы (1993–94), болды. 1998 жылдан Қарағанды мемл. ун-тінде аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыты – салыстырмалы және типологиялық тіл білімі, аударма жүргізу, когнитивтік лингвистика, конитивтік транслятология, лингвоконцептология, мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы орыс тілі, басқа тілді аудиториядағы орыс тілі. «Көркем аударманың интегративтік-концептоло-



*Ж.Балмағамбетова*

гиялық аспектісі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам жарияланымның ғыл. авторы.

**БАЛТАБАЕВ** Марат Хамитұлы (24.12.1940, Павлодар обл. Ертіс ауд. Үлгілі а. – 2007, Алматы қ.) – пед. ғыл. докт. (1994), Халықар. ғыл. академиясының толық мүшесі (СПб, 1996), ҚР-ның еңбек сің. қызметкері, ҚР Халық ағарту ісінің үздігі. Мәскеудің мемл. мәдениет ин-тын бітірген (1966). Қазақ қыздар пед. ин-тында оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1966–86), ҚазПИ-де (1988–94, қазіргі ҚазҰПУ) кафедра меңгерушісі, декан, Қазақ білім академиясында лаб. меңгерушісі, ақпарат орт-ның директоры (1995–98) болды. 1998 жылдан Қазақ мәдениет және өнертану ғыл.-зерт. ин-тының директоры қызметін атқарған. «Основы музыкально-эстетического воспитания учащейся молодежи средствами казахской традиционной художественной культуры» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Оның негізгі ғыл. еңбектері мектеп оқушыларына көркем-эстетик. тәрбие беру ісінің ғыл. тұрғыдан негізделген концепциясын жасау мәселесіне арналған. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оқу құралдарының авторы.

**БАНДАЛЕТОВ** Сергей Михайлович (8.8.1918, Ресей, Курск обл. Белая дер. – 25.5.1985, Мәскеу обл. Пушкин қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1972). Мәскеу мемл. унтін бітірген (1948). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб.



*С.М.Бандалетов*

меңгерушісі (1948–83) болды. Б-тың негізгі ғыл.-зерт. еңбектері – Орт. Қазақстан аймағының силур жүйесі тау жыныстарының жалпы геологиясын, стратиграфиясын және палеогеографиясын зерттеуге арналған. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1982). 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**БАРАЕВ** Александр Иванович (16.7.1908, Санкт-Петербург қ. – 8.9.1985, қазіргі Астана қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1971), проф. (1972). Бүкілодақтық а. ш. ҒА-ның акад. (1966), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1968), Соц. Еңбек Ері (1980). Куйбышев (1930, қазіргі Самара) а. ш. ин-тын бітірген. Орал астық сұрыптау ст-ның (1950–53), Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тының (1953–57) және 1957 жылдан өмірінің соңына дейін Бүкілодақтық астық ш. ғыл.-зерт. ин-тының (қазіргі Қазақ астық ш. ғыл.-зерт. ин-ты) директоры болды. Б. егіншіліктің топырақ қорғау жүйесінің негізі – топырақты су және жел эрозиясынан қорғайтын сыдыра жыртып өңдеу әдісін тапты. Ол ауыспалы егіс танабында таза сүдігер жерді қолдануды, дәнді дақылдар егісін қысқа мерзімде аяқтауды ұсынды, өнімділігі аз шалғындар мен жайылымдарды түбегейлі жақсарту, көлдетіп суғарылатын жерлерді мейлінше тиімді пайдалану, сортаң жерлерді игеру жүйелерін жасап,



*А.И.Бараев*

өндіріске енгізді. Оның ұйымдастыруымен Қазақ а. ш. ғыл.-зерт. ин-тында топырақ баптайтын және тұқым себетін машиналардың жаңа түрлері (сыдыра жыртатын құралдар, аңызға тұқым себетін сеялкалар, ине тісті тырмалар) сынақтан өткізіліп, тәжірибеге енгізді. Лениндік сыйл. лауреаты (1972). 2 рет Ленин, Қазан революциясы, «Құрмет Белгісі» және Халықтар достығы ордендерімен марапатталған.

**БАРАМОВА** Шолпан Аузарқызы (1.12.1959 ж.т., Солт. Қазақстан



*Ш.Барамова*

обл. Ақжар ауд. Саға а.) – биол. ғыл. докт. (2004), проф. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1982, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Көкшетау обл. Менжинский кеңшарында малдәрігері (1982–1983) болды. 1983 жылдан Қазақ ғыл.-зерт. ветеринарния ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі. Ғыл. жұмыстары бруцеллезбен ауратын малдарды анықтау үшін диагностикалық препараттар алудың әдістерін зерттеуге арналған. «Ақбөкен ағзасының иммунологиялық көрсеткіштері, бруцеллез барысындағы диагностикасы және патологиясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 170-тен астам ғыл. жарияланымның, 25 патенттің авторы.

**БАРКОВ** Виктор Иванович (14.12.1950, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (2008). Қазақ а. ш. ин-тын бітірген (1973). Қазақ а. ш-н ме-



*В.И.Барков*

ханикаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тында (Каз АШМЭҒЗИ) аға инженер, кіші, аға ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі (1973–12). Ғыл. зерттеулерінің бағыты – мал ш-нда ток көзі және жылумен қамтамасыз ету жүйесін жасау; қалдықтарды өңдеу арқылы биогаз және органик. тыңайтқыш алу, биоэнергетикалық қондырғылар. «Выбор и построение систем электротеплообеспечения в молочном животноводстве» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 2 монография, 17 өнертабыстың авторы.

**БАРЛЫБАЕВА** Нина Ахметқызы (20.11.1924 ж.т., қазіргі Шы-

ғыс Қазақстан обл. Семей қ.) – мед. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), Қазақ КСР-інің еңбек сің. дәрігері (1961). Алматы мемл. мед. ин-тын (1945, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) және аспирантурасын (1951) бітірген. Қазақстан Денсаулық сақтау мин-лігінің Педиатрия ғыл.-зерт. ин-тында бала ауруларынан сақтану және оларды емдеу бөлімінде аға ғыл. қызметкер, меңгеруші, директордың орынбасары (1952–65), Алматы мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1965–92), декан (1968–79) болды. 1992 жылдан проф. Негізгі ғыл. еңбектері кардиология мәселелеріне арналған. Б. балаларда (соның ішінде жаңа туған сәбилерде) жүрек-қан тамыр, бүйрек, өкпе ауруларының патологиясы, миокардит, Д. гипервитаминоз, рахит ауруларының белгілерін анықтау, емдеу және олардан сақтану ерекшеліктерін зерттеді. Халықар. симпозиумдарда ғыл. баяндамалар жасады (Түркия, 1994; Египет, 1995).

**БАРЛЫБАЕВА** Сәуле Хатиятқызы (11.11.1956 ж.т., Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (2005), проф., Көркем гимнастикадан Халықар.



*С.Барлыбаева*

дәрежедегі спорт шебері (1995), Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы (1972–77), КСРО чемпионы (1976). ҚазМУ-ды (1979, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеу мемл. ун-тін (1992) бітірген. Қазақ телевидениесінде журналист, редактор, спорт шолушысы (1979–83), ҚазҰУ-да оқытушы (1983–2000), кафедра меңгерушісі (2000–01), осы ун-тте телерадио кешенінің директоры. «История развития информационного общества в сторанах Юго-Восточного Азии (на примере Малайзии и Сингапура)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 180-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 8 монография, 10 оқу құралының авторы.

**БАРМАНҚҰЛОВ** Марат Кәрібайұлы (13.2.1937, Алматы обл. Талғар қ. – 9.5.2000, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1981), проф. (1982). ҚазМУ-ды (1959, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу мемл. ун-



*М.Барманқұлов*

тінің аспирантурасын (1964) бітірген. ҚазМУ-да ассистент, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, декан (1964–86). 1980 ж. «Общность и специфика документальных жанров печати, телевидения и радиовещания» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 22 монографияның авторы.

**БАРСАЙ** Бақыт Телжанқызы (1949 ж.т., Атырау обл. Қызылқоға ауд., Тасшағыл а.) – пед. ғыл. докт. (2010), проф. Гурьев (қазіргі Атырау қ.) мемл. пед. ин-тын (1971) бітірген. Мұқыр орта мектебінде оқытушы, аға пионер жетекшісі, тәрбиеші, директордың орынбасары және директор (1971–90), Атырау қ-ндағы №19 орта мектеп директоры. (1992–95) болды. 1995 жылдан Атырау пед. ин-тында аға оқытушы, доцент, декан, проф. қызметтерін атқарды. Ғыл. бағыты – болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғыл.-



*Б.Барсай*

пед. негіздері, дидактикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі мәселелері. 80-нен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАСИН** Валентин Яковлевич (1.2.1921, Беларусь, Гомель обл. Буда-Кошелево қ., – 11.8.1985, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1975), проф. (1984). Рогачев мұғалімдер ин-тын (1941), Қазақ пед. ин-тын (1949, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және осы ин-ттың аспирантурасын (1959) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1959–63), Қазақ пед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1984) қызметтерін атқарған. 1975 ж. «XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. Мәні, түрі, кезеңі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – 16–20 ғ-лардың басындағы Қазақстан мен Ресейдің өзара қарым-қатынасы, Ресейдің бодандық туралы заң актілерінің қазақ өлкесінде жүзеге асу процесі мен оның сыртқы саясат жүйесіндегі Қазақстанның рөлі, Қазақстандағы рев. қозғалыс, 1916 жылғы көтеріліс тарихының, сондай-ақ Қазан төңкерісі карса-

ңындағы өлкенің әлеум.-экон. даму, 2-дүниежүз. соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихы, т.б. мәселелері. Б. 200-ден астам ғыл.-жарияланымның авторы.

**БАСИН** Юрий Григорьевич (28. 3.1923, Украина, Донецк обл. Артемов қ. – 5.11.2004, Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1964), проф. (1966), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1984). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан және Кеңес армиясы (1941–46) қатарында болған. Алматы заң ин-тын бітірген (1949). Еңбек жолын Алматы заң мектебінде бухгалтер, оқу ісі меңгерушісінің міндетін атқарушы, оқытушы, аға оқыту-



*Ю.Г.Басин*

шы (1947–55), ҚазМУ-да (1955–2004, қазіргі ҚазҰУ) доцент, проф., кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін атқарған. 1964 ж. «Проблемы советского жилищного права» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ғыл. жұмыстарында шаруашылықты жүргізудің құқықтық пішімдері мен келісімшарттық тәртіпті нығайту шараларын зерттеді. Қазақ КСР-і Азаматтық құқығының негізгі бөлімдерін жазуға қатысқан авторлардың бірі (1978, 1980). «Құрмет» орденімен және медальдармен марапатталған.

**БАТҚАЕВ** Ескендір Ибрагимұлы (8.10.1948 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ.) – тех. ғыл. докт. (1999), проф. (2000). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1972) және аспирантурасын (1975) бітірген соң оқытушы, аға оқытушы, доцент (1976–83), Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінің проф. (2000), кафедра меңгерушісі (2001) қызметтерін атқарады. Б-тың негізгі ғыл. бағыты – хлорбулы жоғары темп-ралық үрдістер тер-



*Е.Батқаев*

модинамикасы, механизмі, кинетикасы және минералды, техногендік шикізаттарды кешенді пайдалану. Б. 150 ғыл. еңбектің, оның ішінде 1 монография, 16 патент пен өнертабыстың авторы.

**БАТТАҚОВА** Шәрбану (1952 ж.т.) – мед. ғыл. докт. (2002). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1975, қазіргі Қарағанды мемл. мед. академиясы) бітірген. Осы унтте аға лаборант (1978–83), Қазақстан ҒА-ның Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1983–90) болды. 2002 жылдан лаб. меңгерушісі. 2001 ж. «Нейрофизиологические механизмы формирования взаимоотношений центров спинного мозга при воздействии комплекса производственных факторов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 120-дан астам ғыл. жарияланымның («Нейрофизиологические аспекты перестройки центров спинного мозга в условиях трудовой деятельности», 2000; «Клинико-функциональные изменения при сочетанной вибрационной болезни и вертоброгенной патологии», 2004) авторы.

**БАТТАЛХАНОВ** Ерболат Заманбекұлы (21.5.1950 ж.т., Алматы обл. Ұйғыр ауд. Үлкен Дихан а.) – пед. ғыл. докт. (2002). ҚазПИ-ді (1972, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында аға лаборант, одан кейін партия қызметінде (1980–87) жұмыс



*Е.Батталханов*

істеді; 2001 жылдан Алматы қ-ндағы №1 кәсіптік мектебінің директоры. «Формирование гуманистического мировоззрения учащейся молодежи как социально-педагогическая проблема» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 4 монографияның авторы.

**БАТУРИН** Владимир Степанович (23.1.1948 ж.т, Қарағанды қ.) – филос. ғыл. докт. (2005), проф. (2011). ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында



*В.С.Батурин*

кафедра меңгерушісі (1972–74), Қарағанды мемл. ун-тінде аға оқытушы, доцент (1974–83), декан (1983–87), проректор (1987–94) қызметтерін атқарды. 2005 жылдан проф. Зерттеу аясы – әлеуметтік қызмет, құқық фило-

софиясы, конфликтология, ойлау мәдениеті. 2004 ж. «Социальная деятельность: природа, сущность, стратегия организации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде бірнеше монографияның («Государственное управление и местное самоуправление: реальность и перспективы», 2003; «Правовое обеспечение рыночных преобразований в процессе модернизации Казахстанского общества», 2005) т.б. кітаптардың авторы.

**БАТЫРБАЕВ** Нұрлан Мұхтарұлы (25.2.1974 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд. Өгем а.) – заң ғыл. канд. (PhD, 2002), доцент (2007). Халықар. қазақ-түрік ун-тін (1996), аспиранту-



*Н.Батырбаев*

расын (2000) бітірген. Осы унтте деканның орынбасары (2000–02), кафедра меңгерушісі (2002–06), декан (2006–07), Түркістан гуманит. ғыл. және бизнес инты директорының орынбасары (2007 жылдан), қазіргі кезде декан. «Қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғаудың құқықтық негіздері» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. 25 ғыл. еңбектің, 1 монография, 4 оқу құралы, 7 оқу-әдістемелік құралдың авторы.

**БАТЫРБЕКОВ** Ғаділет Әндиянұлы (10.1.1934 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1987), проф. (1989). Мәскеу қ-ндағы энергет. ин-тын (1957) және Мәскеу обл-ндағы Обнинск физ.-энергет. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1963) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бас инженер, 1-инженер-реактор (1968–70), Жоғары энергет. ин-тында лаб. мең-



*Ғ.Батырбеков*

герушісі (1970–75), Ядр. физ. ғыл.-зерт. ин-тында лаб. меңгерушісі, директордың орынбасары (1976–80) қызметтерін атқарды. 1993 жылдан ҚР Ұлттық ядр. орт-ның бас директоры.

**БАТЫРБЕКОВ** Ғазиз Оразайұлы (23.4.1959, Алматы қ. – 20. 4.2003, сонда) – тарих ғыл. докт. (2000). Алматы мемл. халық ш. ин-ты (1980, қазіргі Қазақ экон. ун-ті) мен ҚазПИ-ді (1988, қазіргі ҚазҰПУ) және ҚазМУ-дың аспирантурасын (1989, қазіргі



*Ғ.Батырбеков*

ҚазҰУ) бітірген. Комсомол жұмысында (1982–86), ҚР Орт. мемл. архивінде жетекші ғыл. қызметкер (1989–90) болды. 1991 жылдан Қазақстан ҰҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында ғыл., аға ғыл қызметкер болып қызмет істеген. Қазақстан зиялылары тарихының даму жолы мен акад. Қ.И.Сәтбаевтың шығарм. мұрасын зерттеу мәселесімен («Наследие академика К.И. Сатпаева по общественным наукам», 1997; «Академик К.И.Сатпаев. Из писем и заметок», 1998; «Академик К.И.Сатпаев и его современники», 1999) айналысқан. «Наследие академика К.И. Сатпаева по общественным наукам в историческом освещении» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БАТЫРБЕКОВ** Еркеш Оразайұлы (20.8.1960 ж.т., Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1999), проф. (2007). ҚазМУ-ды (1982, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тының аспиранту-



*Е.Батырбеков*

расын (1986) бітіргенн Осы интта инженер (1986–87), кіші (1987–94), аға (1994–2000) ғыл. қызметкер болды. 2000 жылдан жетекші ғыл. қызметкер болып қызмет істейді. 1999 ж. «Полимерные материалы с регулируемым лечебным действием» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 450-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 6 монографияның авторы. ҚР «Дарын» мемл. жастар сыйл. (1994) мен Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйл. (2000) лауреаты.

**БАТЫРБЕКОВ** Оразай (1927 ж.т., Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Байқоңыр а.) – қоғам қайраткері, экон. ғыл. канд., доцент. ҚазМУ-ды (1951), аспирантурасын (1954) бітірген. Еңбек жолын соғыс жыл-

дары (1943 ж.) «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде курьерліктен бастаған. Алматы қ-ндағы Фрунзе ауд. (қазіргі Медеу ауд.) партия к-тінде бөлім меңгерушісі (1954–61), Қазақстан Компартиясы ОК–нде нұсқаушы, бөлім



*О.Батырбеков*

меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі (1961–77), Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы Алматы жоғ. мектебінде ректор (1977–90) қызметтерін атқарды. ҚазКСР Жоғ. Кеңесінің екі рет депутаты (VII–IX шақырылымдар) болды. Еңбек Қызыл Ту ордені, «Құрмет белгісі» ордені, КСРО-ның медальдарымен және алғысхаттарымен марапатталған.

**БАТЫРБЕКОВА** Райхан Оразайқызы (2.1.1967, Алматы қ. – 7.8.2002, сонда) – филол. ғыл.



*Р.Батырбекова*

канд. (1992). ҚазМУ-ды (1988, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазҰПУ-да орыс және шет ел әдебиеті кафедрасында қызмет істеген. «Из истории литературных связей», «Бернияз Кулеев» монографияларының және бірнеше мақаланың авторы. «Абай» энциклопедиясына мақала жазып, оның ішінде акад. Сәтбаевтың Абай туралы жазғандарын жүйелеп зерделеген.

**БАТЫРОВА** Назгүл Тұрсынханқызы (12.12.1975 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Кентау қ.) – экон. ғыл. канд. (2009), доцент (2011). Кентау тау-металлург. техникумын (1991), Халықар. қазақ-түрік ун-тін (1998) бітірген. 1998 жылдан бері Халықар. қазақ-



*Н.Батырова*

түрік ун-тінде лаборант, оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарады. 38 ғыл. еңбектің, 1 монография, оқу және оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

**БАТЫРШАҰЛЫ** Сайлау (5.1.1942 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Төле би а.) – экон. ғыл. докт. (1996), Төтенше және толық өкілетті дәрежедегі дипломат (1964). ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сің. қызметкері (2003). Ташкент мемл. ун-тін (1964) және КСРО Сыртқы істер мин-лігінің Дипломатия академиясын (1969) бітірген. КСРО және ҚР Сыртқы істер министрліктерінің ведомстволарында әртүрлі (1964–2002) қызметтер атқарды. Қазақ гуманит. және заң ун-тінде проф. (2003–04), ЕҰУ-де проф. (2002 жылдан), «Қайнар» ун-тін Халықар. және экон. орт-ның директоры (2005 жылдан). «Основные направления и этапы индустриализации стран Северной Африки» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. «Африка елдерін индустрияландыру проблемалары» (1987), «Солтүстік Африка елдерінің экономикасын индустризациялау» (1994), «Даму-



*С.Батыршаұлы*

шы елдердің өнеркәсібі» (1996) атты кітаптардың авторы. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАХТЫБАЕВ** Әбдіқайыр Нұроллаұлы (1938 ж.т., Тәжікстан, Қорғантөбе қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1992), проф. (1994), Тәжік мемл. ун-тін бітірген (1961). 1961–62 ж. Қорғантөбе қ-ндағы мектепте мұғалім, 1962–73 ж. Тәжік мемл. ун-тінде аға лаборант, ассистент, аға оқытушы, деканының орынбасары, 1973–93 ж. Қазақ хим.-технол. ин-тында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1993 жылдан Халықар. қазақ-түрік ун-ті Шымкент бөлімшесінде проф. кафедра меңгерушісі, декан, проректор. 90-нан сатам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЯЗИТОВА** Шарбан Дәкішқызы (20.3.1962 ж.т., Қызылорда обл. Сырдария ауд. Абай а.) – экон. ғыл. докт. (2008), проф. (1998). Қызылорда пед. ин-тын бітірген (1983). Қызылорда обл. Қармақшы ауд-ндағы №27, №113 қазақ орта мектептерінде, № 14 кәсіптік техник. уч-щесінде мұғалім (1983–93), Қызылорда қ-ндағы «Сейхун» ин-тында (қа-

зіргі «Қазақ-Қытай академиясы») оқытушы, кафедра меңгерушісі, ректор (1993–2008) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан «Қазақ-Қытай академиясында» кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстанның аграрлық секторының дамуы. «Қазақ-



*Ш.Баязитова*

станның аграрлық саласындағы кәсіпкерлік қызметін дамыту» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БАЯНДИН** Нұғыман Ыбырайұлы (12.1.1912, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Беріктас а. – 15.9.1991, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1973). Ташкент қ-ндағы Орта Азия мемл. ун-тін бітірген (1941). Қазақстан ҒА-ның Топырақтану ин-тында ғыл. еңбек жолын бастаған. Б. ғыл. экспедициялар құрамында Қазақ-



*Н.Баяндин*

станның біркатар жерлерін (Ертіс бойы, Семей, Зайсан, Сырдарияның төм. жағымен Алтай өңірі, т.б.) зерттеу жұмыстарына қатысқан. Ол басқарған ғыл. экспедициялар жұмысының нәтижесінде Қазақстанның осы аймақтары топырағының толық картасы жасалды. Бірқатар пед. ин-ттарда (Қазақ пед. ин-ты, Қазақ қыздар пед. ин-ты, Семей және Шығыс Қазақстан пед. ин-ты) оқытушы және Қазақ мемл. а. ш. ин-тында доцент (1950–72) қызметтерін атқарған. Б. Қазақстан топырағы жайлы бірқатар ғыл. еңбектердің («Освоение пойменных земель», 1973; «Школьникам о географических открытиях», 1979; т.б.) авторы.

**БАЯНДИНА** Сәуле Жұмажанқызы (16.1.1952 ж.т., Павлодар қ.) – филол. ғыл. докт. (2005). Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тын (1973, қазіргі Қазақ мемл. қыздар пед. ун-ті) бітірген. Павлодар обл-нда мектепте мұғалім (1973–74), ҚР Ұлттық кітапханасында кітапханашы (1974–80), Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, доцент (1980–2007), Көкшетау мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (2007) болды. 2009 жылдан осы ун-тте декан қызметін атқарады. «Функции языка в контексте современной лингвистической парадигмы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. саласындағы негізгі бағыты – тіл теориясы, қазақ тілі мен орыс тілінің салыстырмалы түрі және тілдерді оқыту әдістерінің мәселелері. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның («Функции языка в контексте современного языкознания», 2004) авторы.

**БАЯХМЕТОВ** Талғат (26.4.1947, Алматы обл. Панфилов ауд. Көктал а. – 2008, Алматы қ.) – экон. ғыл. докт. (1999), проф. (2004). Бүкілодақтық сырттай инж.-құрылыс ин-тын (1977), КСРО Мемл. Құрылыс экономикасы ғыл.-зерт. ин-тының (Мәскеу қ.) аспирантурасын (1982) бітірген. Талдықорған қ-сындағы өндірістік-құрылыс және әкімш. мекемелерінде инженер, бас инженер, бөлім бастығы (1968–79), «Талдықорған су құрылысы» трестінде бас инженер (1983–85), Талдықорған құрылыс техникумында директор (1985–88), Мәскеу инж.-құрылыс ин-тының Алматы бөлімшесінде директордың орынбасары (1988–90), Алматы сәулет-құрылыс ин-



*Т.Баяхметов*

тында (1990–99, қазіргі Қазақ мемл. Сәулет-құрылыс академиясы) аға оқытушы, доцент, проф., Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының кафедра меңгерушісі (1999–2008) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. бағыты – құрылыс кешенінің қызметін реттеу механизмі және оның экон. дамуы. «Қазақстан Республикасы құрылыс кешені шаруашылық қызметінің реттеу механизмі және даму стратегиясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде монография, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдардың авторы.

**БӘЙДІБЕКОВ** Әуез Кеңесбекұлы (29.3.1963 ж.т., Жамбыл обл.) – тех. ғыл. докт. (2007), проф. (2010). Қазақ политех. интын (1985, қазіргі ҚазҰТУ) және Киев инж.-құрылыс ин-тының аспирантурасын (1993) бітірген. Қазақ политех. ин-тында ассистент, оқытушы (1987–1990), кафедра меңгерушісі (1994–95), Алматы темір жол көлігі инженерлері ин-тында деканның орынбасары (1995–98), ҚазҰТУ-да проф. (2007–08) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан Еура-

зия ұлттық ун-тінде декан, кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыттары – сызба геометрия мен компьютерлік графиканың теор. негіздерін, оның ішінде жалпы түрлендіру әдістерін, квадраттық және биквадраттық түрлендіру әдістерінің теор. негіздерін зерттеу және оларды тәжірибеде қолдану жолдарын қарастыру. «Теория нелинейных преобразований и их применение в науке и технике» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.



*Ә.Байдібеков*

**БӘЙДІБЕКОВ** Мәлік Өрісбайұлы (17.8.1953 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд. Үйымшыл а.) – мед. ғыл. докт. (1995). Алматы мемл. мед. ин-тын (1976, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1976–90 ж. Торғай обл-нда хирург, уролог, 1990–94 ж. Шымкент №2 қ-лық ауруханада жедел жәрдем бөлімшесінің дәрігері қызметтерін атқарды. 1995 жылдан обл. урология бөлімшесінің бас дәрігері. ҚР урологтарының басқарма және облыс хирургтарының ғыл. қоғамы басқармасының мүшесі. 120-дан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БӘЙМЕНШЕ** Серікқали Ердіғалиұлы (1956 ж.т., Ақтөбе обл. Шалқар ауд.) – филол. ғыл. докт. (2004), проф. ҚазМУ-ды (1977, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Ақтөбе обл. газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, Қазақстанның батыс облыстары бойынша «Лениншіл жас» газетінің (қазіргі «Жас алаш») меншікті тілшісі, ҚазМУ-да аға оқытушы, Қазақстан КП ОК-нің Баспасөз орт-нда кеңесші, Қазақ КСР-і Сыртқы істер мин-лігінің ақпарат бөлімінде 2-хатшы (1977–91), ҚР Жоғ. Кеңесінің баспасөз қызметінде референт, кеңесші, баспасөз қызметі хатшысының орынбасары (1991–94), ҚР Жоғ. Кеңесінің баспалық-редакц. бөлімінде (1994–95), ҚР Парламент Сенаты аппаратында сектор меңгерушісі (1996–2003) қызметтерін атқарды. 2003 жылдан баспалық-редакц. бөлім меңгерушісінің орынбасары. Еуразия ұлттық ун-тінің проф. «Бейімбет Майлиннің белгісіз туындыларының шығармашылық тарихы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. бірқатар кітаптардың («Қос жүрек», 1990; «Майлының Бейімбеті», 1994; «Бейімбеттің сөзстаны», 1996; «Төртінші билік «тағылымы», 1996; «Тағзым», 1999; «Зергердің зертханасы», 2005), 1 монографияның авторы.



*С.Бәйменше*

**БӘЙТЕНОВ** Ноян Ахмедиярұлы (25.11.1934, Алматы қ. – 17. 12.1993, сонда) – тех. ғыл. докт. (1984), проф. (1986). Қазақ кен-металлургия ин-тын бітірген (1957). 1957–59 ж. Шыршық қатты қорытпалар комб-тында (Өзбекстан) инж., 1959–61 ж. Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында аспирант, 1969–93 ж. лаб. меңгерушісі болды. Б-тің негізгі ғыл.-зерт-лері құрамында титаны бар шикізатты және пигментті титан қос оксидін алуға, титан тетрахлориді конденсациясын жетілдіруге және оны қоспалардан тазартуға, қышқылмен шаймалау әдісі арқылы ильменит концентратынан рутилді, көмір ванадий кектерін шаймалауға, сондай-ақ целестин концентратынан стронций тұзын алуға, титан өндірісіндегі үймелерді пайдалану мақсатында хлоридті термолиздеу мәселелеріне арналған. Ол шикізатты кешенді пайдаланудың жаңа технологиясын жасады, сондай-ақ хлорлы металлургия саласында жаңа ғыл. бағыттың негізін қалады. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1988).

**БӘЙТІКОВА** Шолпан Сүгірбайқызы (30.3.1948 ж.т., Алматы қ.) – психол. ғыл. докт. (2007), проф. (2007). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1971). Алматы пед. шет тілдер ин-тында (1971–82), Қазақ а.ш. ин-тында (1982–85), Қазақ мемл. ун-тінде (1985–93, қазіргі ҚазҰУ), ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-ті ин-тында (1993–99), ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-ті академиясында (1999–2009) ғыл.-пед. қызметтер атқарды. Негізгі ғыл. бағыты – жедел-іздестіру қызметі психологиясы. Докт. диссертациясы жабық тақырып бойынша қорғалған. 50-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.



*Ш.Бәйтікова*

**БӘЙІШЕВА** Сәуле Әбдіхамитқызы (1938 ж.т., Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1986), проф. (1990). Алматы мемл. мед. ин-тын (1961, қазіргі Қазақ ұлттық мед. академиясы) бітірген. 1961 жылдан ҚР Денсаулық сақтау мин-лігі жанындағы Қазақ ұлттық онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарды. Б-ның 225-тен астам ғыл. еңбегі, 4 монографиясы жарық көрген.

**БӘКЕЕВ** Мұқаш Имантайұлы (1.2.1930, Алматы обл. Алакөл ауд. Үшарал қ. – 2008, Қарағанды қ.) – хим. ғыл. докт. (1991), проф. (1993). ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-де аспирант (1952–55), ҚазКСР ҒА Хим. ғылымдар ин-тында кіші



*М.Бәкеев*

ғыл. қызметкер, (1956–59), ҚазКСР ҒА Химия-металлургия ин-тында зертхана жетекшісі, бас ғыл. қызметкер (1960–96), ҚарМУ-да проф. (1996–2008) қызметтерін атқарды. Ғыл. зерттеулер аясы – физ. және анорганик. химия, гидрометаллургия процестері. «Элетролит ерітінділерінің физика-химиялық қасиеттері және гидратациясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы. «Ерен еңбегі үшін» КСРО медалімен (1967), ҚазКСР Жоғ. Кеңесінің Грамотасымен (1982) марапатталған.

**БӘКІРОВ** Жетпісбай Бәкірұлы (5.9.1950 ж.т., Қарағанды обл, Шет ауд.) – тех. ғыл. докт. (1999), проф. (2001). Қарағанды политех. ин-тын (1973) бітірген. Осы ин-тта ассистент, стажер-зерттеуші, доцент, аға ғыл. қызметкер (1973–96). 2000 жылдан кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Теоретические основы выбора параметров и оценки надежности



*Ж.Бәкіров*

и долговечности дисковых исполнительных органов с учетом случайных воздействий» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 1 монографияның авторы.

**БӘКІРОВА** Гүлжахан Шаймерденқызы (1959 ж.т.) – пед. ғыл. докт. (2010). ҚазМУ-ді (1981, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақ ұлттық пед. ун-тінде аға оқытушы (1993–97). 1997 жылдан доцент, проф. «Теоретико-мето-



*Г.Бәкірова*

дологические основы формирования экологической культуры студентов педагогического вуза» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БӘКІРҰЛЫ** Құрманбек (1944 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Бала би а.) – а. ш. ғыл. докт. (2003). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1967, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Ин-тты бітіргеннен кейін а. ш. ғылым саласында еңбек етті. 1995 жылдан осы кезге дейін Арал өңірі агроэкология және А. ш. ғыл.-зерт. ин-ты директорының ғыл. жұмыс-



*Қ.Бәкірұлы*

тар жөніндегі орынбасары. Ол бірнеше күріш сорттарының, оның ішінде «Маржан» және «Ару» сорттарының негізгі авторы. Б-ның 80-дей ғыл. еңбегі, 1 монографиясы жарық көрген. «Құрмет» орденімен және медальдармен марапатталған.

**БӘРІМБЕКОВ** Нұрлан Жақанұлы (26.11.1973 ж.т., Алматы обл. Үштөбе қ.) – психол. ғыл. докт. (2010). Жетісу мемл. ун-тін



*Н.Бәрімбеков*

бітірген (1994). Осы ун-тте ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-ті ин-тында (1998–99), ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-ті Академиясында (1999 жылдан) ғыл.-пед. қызметтер атқарады. Негізгі ғыл. бағыты – қарсы барлау қызметінің психо-

логиясы. Докт. диссертациясы жабық тақырып бойынша қорғалған. 40-тан астам ғыл. жарияланымның, 12 оқу және ғыл.-тәжірибелік құралдардың телавторы.

**БӘСІБЕКОВ** Баян Сабырғалиұлы (20.11.1937, Батыс Қазақстан обл. Ақжайық ауд. Тайпақ а. – 1988, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1985), проф. (1986). Саратов а. ш. ин-тын бітірген (1960). 1961 жылдан Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі. Негізгі ғыл. жұмыстары агрохим. саласының мәселелерін зерттеуге арналған. Батыс Қазақстан жағдайында тыңайтқыш қолдану, оның агрохим. қасиеттерін анықтау, тиімділігін арттыру мәселелерін зерттеді.

**БӘТПЕНОВ** Нұрлан Жұмағұлұлы (1949 ж.т., Ақмола обл., қазіргі Сандықтау ауд. Балқашин кенті) – мед. ғыл. докт. (1997), проф. (1997). Обл. клиник. ауруханада ординатор (1972–76), ғыл.-зерт. орт-ндағы травматология және ортопедия бөлімінде аспирант (1979–82), Целиноград



*Н.Бәтпенов*

мед. ин-тында (қазіргі Астана мемл. мед. академиясы) ассистент (1982–92), экон. мәселелері жөніндегі проректор (1992–96), доцент (1996–97) қызметтерін атқарды. 1997 жылдан Астана мемл. мед. академиясында проф. Б-тің 100-ге жуық ғыл. еңбегі, 1 монографиясы жарық көрген.

**БӘШІРОВА** Жамал Рақымқызы (24.2.1942 ж.т., Өскемен қ.) – пед. ғыл. докт. (2004). Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тын (1964, қазіргі Қазақ Мемл. қыздар пед. ун-ті) бітірген. Орта мектеп мұғалімі (1964–72), ҚазССР Білім беру мин-лігінде ғыл. қызметкер (1972–76), пед. ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, бөлім Меңгерушісі (1976–84), Қазақ Ұлттық ун-тінің оқытушысы (1984–2011). Зерттеулерінің бағыты – еңбек тәрбиесі, пед. қарым-қатынас, жоғары мектеп оқытушысын даяр-



*Ж.Бәшірова*

лау мәселелері. «Теоретические основы университетского образования в аспекте направленности на подготовку преподавателя высшей школы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕБИХ** Григорий Федорович (14.10.1924 ж.т., Қостанай обл. Федоров ауд. Пешковка а.) – хим. ғыл. докт. Мәскеу мемл.



*Г.Ф.Бебих*

ун-тін (1955) және аспирантурасын (1962) бітірген. Осы ун-ттің проф., Ресей ҒА-ның корр. мүшесі. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1955–58 ж. Харьков қ-ндағы Әскери артиллерияның хим. және физ. ф-тінде оқытушы, 1962 ж. хим. технологиясының кафедра меңгерушісі болды. 160-тан астам ғыл. еңбектің авторы. Қызыл Жұлдыз орденімен және медальдармен марапатталған.

**БЕГАЙДАРОВА** Роза Хасанқызы (23.4.1946 ж.т., Қарағанды қ.) – мед. ғыл. докт. (1995), проф. (1996). Қарағанды мемл. мед.



*Р.Бегайдарова*

ин-тын (1973, қазіргі Қарағанды мемл. мед. академиясы) бітірген. Жедел жәрдемде балалар дәрігері (1973–75), дәрігер-ординатор, лаборант-дәрігер, ассистент, доцент, проф. (1975–98) қызметтерін атқарған. 1999 жылдан Қарағанды мемл. мед. академиясында кафедра меңгерушісі. «Клинико-патогенетические аспекты кишечных инфекций у детей и патогенетическое обоснование корригирующей терапии» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 260-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 5 монографияның, 7 өнертабыстың авторы.

**БЕГАЛИЕВ** Қалауша Әділханұлы (1927 ж.т., Оңтүстік Қазақстан обл. Түркістан қалалық әкімдігі, Ұйық а.) – заң ғыл. докт. (1979), проф. Алматы заң ин-тын бітірген (1949). 1949–54 ж. Ақмола обл-ндағы Қорғалжын ауд. прокуратурасында тергеуші, Ақмола қ-лық прокурорының көмекшісі, Ақмола обл. прокурорының жалпы қадағалау бойынша көмекшісі, орынбасары, обл.

прокуроры. 1954–74 ж. Ақмола обл. прокурорының орынбасары, Республика прокурорының мамандар жөніндегі орынбасары, 1985 жылдан ҚазМУ-да (қазіргі



*Қ.Бегалиев*

ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі. 60-қа жуық еңбегі, оның ішінде 6 монографиясы жарық көрген. «Құрмет Белгісі» орденінің иегері.

**БЕГЕМБЕКОВ** Қырғызбай Нұрғазыұлы (17.5.1956 ж.т., Қырғыз респ. Қант ауд. Жданов атынд. ұжымшар) – а.ш. ғыл. докт. (2010). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1979, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Осы ин-тта аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, жетекші ғыл. қызметкер,



*Қ.Бегембеков*

ассистент 1980–93 қызметтерін атқарды. 1993 жылдан доцент. Ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – қой селекциясы. 150 оқу-ғылыми-әдістемелік еңбектері, олардың ішінде «Ақтоғай қойы» (Алматы, 2012), «Дегересские овцы Центрального Казахстана» (Алматы, 2012) монографиялары бар. «Орталық Қазақстанда дегерес қойын шығару, өсіру және жетілдіру әдістерінің ғыл.-тәжірибелік негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БЕГІМБЕТОВА** Раиса Сәлімқызы (1942 ж.т., Жамбыл обл. Шу қ.) – мед. ғыл. докт. (1996), проф. (1997). Қарағанды мемл. мед. ин-тында стажер-зерттеуші (1966–67), Алматы обл. ауруханасында дәрігер (1967–69), ассистент (1969–77), Ақтөбе мемл. мед. ин-тында доцент (1979–81), госпиталь терапиясы және ішкі ауруларды емханаларда оқыту кафедрасының доценті (1981–93) қызметтерін атқарды. 1993 жылдан Қазақ мемл. мед. ун-тінде кафедра меңгерушісі. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 5 оқу құралының авторы.

**БЕГІМҚҰЛОВ** Баратбек Кәденұлы (5.10.1951 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Өтеміс а.) – биол. ғыл. канд. (1981), доцент (1988). Алматы зоотех. -малдәрігерлік ин-тын (1974, қа-



*Б.Бегімқұлов*

зіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Мәскеу мемл. ин-тының аспирантурасын (1980) бітірген. 1974–76 ж. Қарағанды обл-ндағы Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумында, 1980 жылдан қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-тінде оқытушы, кафедра меңгерушісі (1992–96) қызметтерін атқарады. Б. Қазақстанның барлық мал түрлерін, Қырғыз жылқысы мен тау қодасын, Тәжікстанның зебу сиырын және Қытайдың құйрықты қойлары мен ұларын цитогенетик. талдаудан өткізіп, мал түрлерінің дара генетикасына үлкен үлес қосты. 3 оқулықтың және 3 оқу құралының авторы. ҚР ҒМ мемл. грантының (2009) иегері.

**БЕДАРЕВ** Сергей Алексеевич (5.9.1926 ж.т., Алматы обл. Ескелді ауд. Баисов Матай а.) – биол. ғыл. докт. (1972), проф (1980). ҚазПИ-де (1950, қазіргі ҚазҰПУ) және Қазақстан ҒА-ның Ботани-



*С.А.Бедарев*

ка ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкер. 1964–81 ж. Қазақ гидрометеорологиясы бөлімін басқарды. 1981 жылдан ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, декан (1985). Негізгі ғыл. еңбектері мал азығын өндіру мәселелеріне арналған. Батыс Қазақстанның шөл өңірінде шабындықтар мен жайылымдардың шығымдылығын болжау әдістерін ұсынды.

**БЕДЕЛБАЕВ** Әбдеш Құрамаұлы (4.10.1920, Жамбыл обл. Жуалы ауд. Қайрат а. – 7.10.1964, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1964). ҚазМУ-ды (1949, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1953) бітірген. Қазақ политех. ин-тында ассистент, кафедра меңгерушісі, ғыл. лаб-ны басқарған. Қазақстан ҒА-ның матем. және мех. секторында ғыл. топқа жетекшілік етті. Б. автоматтық басқару жайлы Мәскеуде

өткен Халықар. конгресте (1960), математиктердің Бүкілодақтық съезінде (Ленинград, 1961), Теор. және қолданбалы мех. жөніндегі II-Бүкілодақтық съезде (Мәскеу, 1964) баяндамалар жасады. Б.



*Ә.Беделбаев*

«Ляпунов функциясы әдісімен орнықты және оптималды реттелетін ой-жүйелер құру» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 30-дан астам ғыл. жарияланымның оның ішінде 1 монографияның («Автоматты реттеудің сызықтық емес жүйелерінің орнықтылығы») (1960) авторы.

**БЕЙБІТОВ** Мұрат Садықұлы (13.4.1954 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз қ.) – заң ғыл. докт. (2005), проф. (2007). ҚазМУ-ды (1981, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазПИ-де оқытушы, аға оқытушы, доцент (1981–91, қазіргі ҚазҰПУ), деканның орынбасары (1992–2001), декан (1997–2002), кафедра меңгерушісі (2002–06) қызметтерін атқарды. 2006 жылдан ҚР Президенті жанындағы Мемл. басқару академиясы Сот төрелігі ин-тының ректорының орынбасары, директоры. «Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау институты (теория және практика мәселелері)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. жұмыстары әкімшілік құқық, конституциялық құқық және муниципалдық құқық мәселелерін зерттеуге арналған. Б. 50-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның («Қазақстан Республикасының конституциялық бақылау институты. Эволюция және модернизация проблемалары», 2005) және 2 оқу құралдарының («Жоғары оқу орындарындағы өздігінен басқаруы», 1997; «Қазақстан Республикасының экология құқығы», 2007) авторы.

**БЕЙЛИНСОН** Марк Моисеевич (10.6.1932 ж.т., Беларусь, Витебск қ.) – геогр. ғыл. докт. (1989), проф. (1993), Қазақ КСР-інің (1977) және КСРО (1979) Халық ағарту ісінің үздігі. Қазақ мемл. пед. ин-тын (1957) бітірген. Осы ин-тта доцент (1967), деканның орынбасары (1969) болды. 1989 жылдан кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1987 ж. «Формирование и разрушение ледяного покрова на водотоках и водоемах аридных зон» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БЕЙСЕБАЕВ** Ақзат Әкімқұлұлы (26.6.1935 ж.т., Жамбыл обл. Тараз қ.) – мед. ғыл. докт. (1986), проф. (1992). Алматы



*А.Бейсебаев*

мемл. мед. ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1962–82 ж. Қазақ клиник. және эксперименттік хирургия ғыл.-зерт. ин-тында (қазіргі Хирургия ғыл. орт.) ғыл. қызметкер, директордың орынбасары болды. Осы ин-тта оның бастамасымен балалар өкпе хирургиясы бөлімі ашылған, оған Б. жетекшілік етті. 1982 жылдан Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, меңгерушісі, директоры (1987–89). Негізгі ғыл. еңбектері кеуде хирургиясына арналған. Б. өкпе ісіктерін, плевра және көкірек (диафрагма) ауруларын хирургиялық жолмен емдеу мәселелерімен шұғылданады. Республикада тұңғыш рет тыныс алатын кеңірдек тарамдарын қайта қалпына келтіру операциясын жүзеге асырды. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, 10 авторлық куәліктің иегері.

**БЕЙСЕБАЕВ** Ақылжан Мәсімханұлы (20.5.1936 ж.т., Алматы обл. Талғар қ.) – тех. ғыл. докт. (1989), проф. (1989). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1960,



*А.Бейсебаев*

қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. «Қарағандыкөмір» комбтында тау-кен шебері, 31-шахта бастығының көмекшісі, қауіпсіздік бөлімінің жетекші инженері болды. 1964–96 ж. бұрғылау-жару полигонында бас инженер, Қазақ ұлттық тех. ун-тінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**БЕЙСЕБЕКОВ** Марат Қиянұлы (14.9.1954 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Пионер а.) – хим. ғыл. докт. (2005), проф. (2007). ҚазМУ-ды (1977, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-де аға лаборант, аға инженер, кіші ғыл. қызметкер (1978–85), Жамбыл жеңіл және тамақ

өнеркәсібі технол. ин-тында оқытушы (1985–87), ҚазМУ-да аға ғыл. қызметкер (1987-1989), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (1989–97, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) оқытушы қызме-



*М.Бейсебеков*

тін атқарған. 1997 жылдан ҚазҰУ-да проф. Ғыл. зерттеулері тиімді жаңа дәрілік формалар алу мәселесіне арналған. «Дәрілік және биол. белсенді қосылыстардың полимерлік туындылары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның, 20 алдын ала патенттің авторы.

**БЕЙСЕЕВ** Оспан (7.10.1935 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Сарыжаз а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1990), проф. (1991). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ)



*О.Бейсеев*

бітірген. 1957–91 ж. аралығында Қазақтың минералдық шикізаттар ғыл.-зерт. ин-тында әр түрлі бөлімдерді басқарды. ҚР Геол. және жер қойнауын қорғау мемл. к-тінде (1991–92), 1992–95 ж. респ. «Қазминерал» геол.-өндірістік кәсіпорнында, респ. Геол. музейінде, «Өркен» акцион. қоғамында, т.б. ғыл.-өндірістік мекемелерде лауазымды қызметтер атқарды. 1995 жылдан Қазақ ұлттық тех. ун-тінің кафедра меңгерушісі. 400-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЙСЕЕВА** Гүлжан Бейсеқызы (1954 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Шалкөде а.) – а. ш. ғыл. докт. (2010). Қазақ Қыздар пед. ин-тын(1975, қазіргі Қазақ Мемл. қыздар пед. ун-ті) бітірген. Қазақстан ҒА Топырақтану ин-тында ғыл. қызметкер, жетекші ғыл. қызметкер (1978–2009) болды. 2009 жылдан Қазақ топырақтану және агрохимия ғыл.-зерт. ин-тының бөлім мең-



*Г.Бейсеева*

герушісі. Негізгі ғыл. бағыты – бүлінген жерлерді зерттеу, оларды рекультивациялау, биол. рекультивациялау және табиғи жолмен қалпына келу жағдайында техногендік-бүлінген ландшафтарда бастапқы топырақ түзілу үрдісін зерттеу. «Шығыс Қазақстандағы техногендік бүлінген жерлердің топырақ-өсімдік-су жүйесіндегі ауыр металдардың биогеохимиялық миграциясы мен аккумуляциясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 180-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БЕЙСЕМБАЕВ** Еркін Асанұлы (1950 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – мед. ғыл. докт. (1996). Семей мемл. мед. ин-тын (1973, қазіргі Семей мемл.мед. академиясы) бітірген. Өскемен қ-нда №1 қ-лық жұқпалы аурулар ауруханасында (1973–74), Пав-



*Е.Бейсембаев*

лодар қ-лық жұқпалы аурулар ауруханасында дәрігер (1974–76), Харьков мед. ин-тында (1976–79), Семей мемл. мед. ин-тында (1980–86), Павлодар ФУВ-да ассистент (1986–89) қызметтерін атқарды. 1989 жылдан Павлодар ФУВ-да клиник. иммунология курсының меңгерушісі. Б. 70-тен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЙСЕМБАЕВА** Зәмзәмия Бейсембайқызы (12.3.1944 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Малкелді а.) – пед. ғыл. докт. (2005), проф. (2008). Қазақ мемл.



*З.Бейсембаева*

пед. ин-тын (1968, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақстан ҰҒА-ның Тіл білімі ин-тында ғыл. қызметкер (1968–84), Қазақ мемл. қыздар пед. ун-тінде доцент, ка-

федра меңгерушісі, проф. (1984–2011) болды. 2011 жылдан Орталық Қазақстан технология және менеджмент ин-тында қызмет атқарады. «Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 80-нен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЙСЕМБАЕВА** Роза Ұлтубайқызы (1944 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд. Мырзакент кенті) – биол. ғыл. докт. (1985), проф. (1997). Мәскеу мемл. ун-тін (1966) және аспирантурасын (1969) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1970–94), Био-



*Р.Бейсембаева*

технология жөніндегі ұлттық орт. бас директорының орынбасары (1994–95) қызметтерін атқарды. 1995 жылдан ҚР ҰҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тында лаб. меңгерушісі. 70-тен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЙСЕМБИЕВ** Қасым (5.9.1919, Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Талап а. – 11.12.1980, Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. (1960), проф. (1961). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Ташкенттегі мұғалімдер техникумын бітірген. Ұстаздарымен бірге «Халық жауы» деп айыпталып, бір жыл қамауда отырған. Орта Азия мемл. ун-тін (1944) және СОКП ОК-нің Жоғары партия мектебін (1948) бітірген. Шымкент (қазіргі Оңт. Қазақстан) обл. Келес ауд. байланыс бөлімінің бастығы, Шымкент қ-лық комсомол к-тінің 1-хатшысы, қ-лық партия к-тінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1952–61), Қазақ ұлттық тех. унтінде (1961–64), ҚазМУ-да (1964–75, қазіргі ҚазҰУ) қызмет атқарған. 1975 жылдан Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) кафедра меңгерушісі болды. 8 ғыл. еңбегі жарық көрді. Бұлардың ішінде «Мировоззрение Абая Кунанбаева» (1956), «Қазақ ағартушыларының әлеум.-саяси көзқарастары туралы» (1958), т.б. кітаптары бар.

**БЕЙСЕНБАЕВ** Жұмажан Құрманұлы (1950 ж.т., Ресей, Омбы обл. Называевский ауд. Утичье а) – биол. ғыл. докт. (1991), мед. ғыл. докт (1995). Семей мемл. ин-тын (1960) бітірген. Алматы мемл. мед ин-тында (1962–64, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) ғыл. қызметкер, дәрігерлердің білімін жетілдіру ин-тында ғыл. қызметтер (1964–67) атқарды. Қазақ КСР-і бас радиобиологы (1967–69), Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тының жанындағы радиац. экология бөлімінің меңгерушісі (1969–91), Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында (1993–96, қазіргі Қазақ Мемл. қыздар пед. ун-ті) проф. қызметтерін атқарды. 1997 жылдан кафедра меңгерушісі. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.

**БЕЙСЕНБАЕВ** Орал Қорғанбекұлы (1950 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд.) – тех. ғыл. докт. (1996), проф. (1996). Ташкент мемл. ун-тін бітірген (1973). 1975–91 ж. Ташкент пед. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, меңгеруші, докторант. 1995–97 ж. Оңт. Қазақстан тех. ун-тінде кафедра меңгерушісі, декан. 1997–2001 ж. Қазақ–Кувейт ун-тінің проректоры қызметтерін атқарды. 2001 жылдан Қазақ–Өзбек инж.-гуманит. ун-тінің



*О.Бейсенбаев*

проректоры. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЙСЕНБАЕВА** Аида Аршабекқызы (1.6.1940 ж.т., Алматы қ.) – пед. ғыл. докт. (1997), проф. (1998), Қазақ КСР-і Халық ағарту ісінің үздігі (1990). Қазақ



*А.Бейсенбаева*

мемл. пед. ин-тын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және аспирантурасын (1969) бітірген. Осы ин-тта аға оқытушы (1970), доцент (1974) қызметтерін атқарды. 1996 ж. «Пәнаралық байланыс негізінде жоғары сынып оқушыларына білім берудің ізгілендіруі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. жұмыстарының бағыты – пәнаралық байланыс, білім беруді ізгілендіру, әлемдік білім беру кеңістігі жағдайындағы ғыл. мен практика интеграциясы мәселелері. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде бірнеше монографияның, оқулықтардың авторы.

**БЕЙСЕНБАЕВА** Балқия Самратқызы (1941 ж.т., Қостанай

обл. Қостанай ауд.) – мед. ғыл. докт. (1995). Алматы мемл. мед. ин-тын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Қазақ көз аурулары ғыл.-зерт. ин-ты жанындағы көз аурулары емханасында ординатор (1964–66), 1966 жылдан осы ин-тта кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер болды. Б. 90-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БЕЙСЕНБАЕВА** Мәншүк Тоқтарбекқызы (26.10.1978 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Алға а.) – заң ғыл. канд. (2009). Қазақ мемл. заң академиясын (2000) бітірген. 2000–02 ж. Тараз мемл. унтінде оқытушы, 2002 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде аға



*М.Бейсенбаева*

оқытушы болып қызмет атқарады. «Ақтайлақ бидің соттық шешімдері мен биліктері» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. 14 ғыл. еңбектің авторы.

**БЕЙСЕНОВ** Бағдат Қайбылдаұлы (14.3.1968 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Шәуілдір



*Б.Бейсенов*

а.) – филос. ғыл. докт. (2012). ҚазМу-ды (1998, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Философия және саясаттану факультетінің доценті. «Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері: «Тұлға социологиясы», А., 2003; «ХХ ғасыр Батыс философиясы», А., 2004, т.б.

**БЕЙСЕНОВ** Қасымбек Шайжанұлы (1949 ж.т., Жамбыл обл. Шу қ.) – филос. ғыл. докт. ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Шымкент пед. ин-тында оқытушы (1971–94) болды. 1994 жылдан Тараз мемл. ун-тінің оқу ғыл.-әдістемелік кешенінің директоры. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЙСЕНОВА** Айнаш Серғазықызы (24.7. 1972 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (2009), проф. Қазақ политех. ин-тын (1993, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. ҚазҰТУ-да стажер-зерттеуші, оқытушы (1994–98), Қазақстан-Ресей халықар. ун-тінде (2007 жылдан «Алатау» Қазақстан ун-ті) оқу бөлімінің



*А.Бейсенова*

бастығы, проректор қызметтерін атқарады. «Теоретические основы расчета перспективных мостовых кранов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 50-ден астам ғыл. еңбектің авторы.

**БЕЙСЕУОВ** Қалимолла (1944 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Гродеков а.) – тех. ғыл. докт. (1996), проф. (1992). Жамбыл технол. ин-тын бітірген (1965). Осы ин-тта оқытушы (1965–78), аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1978–92) қызметтерін атқарды. 1992 жылдан осы кафедрада проф. 90-нан астам



*Қ.Бейсеуов*

ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, 13 авторлық куәліктің иегері.

**БЕКБАЕВ** Рақым Қыздашұлы (15.12.1955 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Қостөбе а.) – тех. ғыл. докт. (2006), проф. (2010). Жамбыл гидромелиор.-құрылыс ин-тын бітірген (1978). 1978 жылдан Қазақ су шар. ғыл.-зерт. ин-тында кіші ғыл. қызметкер,



*Р.Бекбаев*

бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстанның әр түрлі табиғи аймағына тән суармалы топырақ қабаттарындағы экол. және мелиор. процестерді зерттеу және олардың матем. модельдері мен реттеу технологиялары. «Почвенно-экологические процессы и методы их регулирования на орошаемых экосистемах Казахстана» деген тақырыпта докт.

дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның, 10 патенттің авторы.

**БЕКБАСАРОВ** Исабай Исақұлы (21.10.1954 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Төле би а.) – тех. ғыл. докт. (2008), проф. Жамбыл гидромелиор.-құрылыс ин-тын (1977), Пермь политех. ин-ның аспирантурасын (1982) бітірген. Жамбыл гидромелиор.-құрылыс ин-тында аға зертханашы, ассистент, аға оқытушы (1977–89), ҚазСҚСҒЗИ Оңт. Қазақстан



*И.Бекбасаров*

бөлімінде аға, жетекші ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі (1989–96), Тараз мемл. ун-тінде доцент, деканның орынбасары, декан, оқу бөлімінің бастығы (1996–2004), осы ун-тте білім сапасының мониторингі орт-ның жетекшісі (2004–09) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан осында Ғылым және жаңа технологиялар департаментінің директоры әрі «Наноинж. зерттеу әдістері» зертханасының меңгерушісі. Ғыл. бағыты – ғимараттар мен құрылымдардың әртүрлі топырақ жағдайында қор үнемдейтін іргетас құрылымдары және оларды орнатудың тиімді технологияларын дайындау. «Гидротехникалық құрылымдар іргетастарын тиімді орнатуды қамтамасыз етудің әдістемесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 130-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БЕКБЕРГЕНОВ** Мақаш (1928, Қызылорда обл. Қызылорда қ. – 1995) – филол. ғыл. докт. (1982). Қызылорда мұғалімдер ин-тын (1940), ҚазПИ-ді (1942, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1944 ж. Қызылорда пед. интында (Қызылорда мемл. ун-тінде) оқытушы, 1944–47 ж. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде аспирант, 1947 ж. Шымкент мұғалімдер ин-тында, 1949 ж. Ташкент театр интында, 1953 ж. қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің ашылуына байланысты Ташкент пед. интында оқытушы болған. «Революциялық шындық және оның қазақ прозасындағы көрінісі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б-тің «Сөз зергері» (1967), «Азаттық үшін алысқандар» (1976) атты кітаптары бар. Қазіргі қазақ әдебиеті мәселелерін, С.Мұқанов, Ғ.М.Мүсірепов, З.Ж.Шашкин, т.б. жазушылар шығармаларын зерттеген.

**БЕКЕЖАН** Өмірбек Қадырханұлы – (25.8.1963 ж.т. Атырау обл. Исатай ауд. Тұщықұдық а.) – филос. ғыл. докт. (2011). Беларусь мемл. ун-тін (1990) бітірген. Атырау мемл. ун-тінде оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1990–



*Ө.Бекежан*

2012) қызметтерін атқарды. Ғыл. бағыты – әлеум. мифология, техника философиясы, мәдени-әлеум. мәселелер, шетелдік еңбек миграциясы. «Жаһандану жағдайындағы техника феномені: әлеуметтік-философиялық талдау» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам ғыл. жарияланымның, авторы.

**БЕКЕНОВ** Аманқұл (16.11.1939 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд.) – биол. ғыл. докт. (1991), проф. (1993). ҚазПИ-ді (1961, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) бітірген. 1961 жылдан Зоол. интында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1995 жылдан осы инттың директоры. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстандағы омыртқалы жануарларды (қосмекенділер, бауырымен жорғалаушы-



*А.Бекенов*

лар, құстар, сүтқоректілер) қорғау мәселелеріне арналған. Б. Қазақстанның шөл және шөлейтті аудандарын мекендейтін сүтқоректілердің биол., экол. ерекшеліктерін зерттеп, жойылып бара жатқан омыртқалы жануарларды қорғап қалудың теор. негіздерін ұсынды. Осы сала бойынша республика ғыл. мекемелерінде және жоғары оқу орындарында атқарылып жатқан ғыл.-зерттеулерді үйлестіруге басшылық жасады. Ол Қазақстанда ақбөкенді қорғау және оның санын қалпына келтіру мәселесін зерттеді. Қазақ КСР-інің Мемл. сыйл. лауреаты (1982).

**БЕКЕНОВ** Мырзағұл Бекенұлы (20.8.1941 ж.т., Қостанай обл. Жангелді ауд. Торғай а.) – тех. ғыл. докт. (1997), проф. (2006). Қазақ а.ш. ин-тын (1968, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Алматы обл. Кеген ауд. Тоғызбұлақ ұжымшарында ше-

берхана меңгерушісі, бас инженер (1968–70), Қазақ а. ш. механикаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тында (ҚазАШМЭҒЗИ) инженер, аға инженер, аға ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі, жетекші ғыл. қызметкер (1970–92), ҚР А. ш. мин-лігінде бас маман, бөлім бастығы (1992–95), Агр. зерттеулер ұлттық академ. орт-нда ғыл. хатшының кеңесшісі (1995–98), ҚазАШМЭҒЗИ-де зертхана меңгерушісі (1998–2000), директордың орынбасары (2000–06), бас ғыл. қызметкер (2007–09) болды. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – агроөнеркесіп кешенінің машина-трактор паркіне техникалық қызмет көрсету технологиялары мен құралдарын жасау, тех. сервистің жаңа инж. объектілерін негіздеу және жобалау. «Агроөнеркәсіп кешенінің жөндеу базасының объектілерін жобалаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның, 4 авторлық куәліктің авторы.

**БЕКЕНОВ** Тасыбек Нүсіпбекұлы (11.11.1958 ж.т., Қарағанды обл.) – тех. ғыл. докт. (1998), проф. (2000). Қарағанды политех. ин-тын бітірген (1981). Осы ин-тта ассистент, аспирант, оқытушы, аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы доцент (1981–2000), Қазақстан-Ресей халықар. ун-ті Қарағанды бөлімшесінің директоры (1998–2000), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі (2000–10) қызметтерін атқарды. Ғыл. бағыты – дөңгелекті көліктің қозғалыс теориясын және топырақ табанының беріктілік теориясын дамыту, оның ішінде дөңгелекті көліктің бұрылуы мен өтімділік қасиеттерін бағалау әдістерін, топырақ табанының деформациялануы мен нығыздалу және оның көтергіш мүмкіндіктерін бағалау әдістерінің теор. негіздерін зерттеу және оларды тәжірибе жүзінде қолдану жолдары. «Основы расчета опорно-сцепных параметров самоходных машин при обеспечении их проходимости» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕКЕТАЕВ** Ахметбек Мұратұлы (6.11.1919 ж.т., Қызылорда обл. Қазалы қ.) – мед. ғыл. докт. (1977), проф (1979). Алматы мемл. мед. ин-тын (1942, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан 1946–80 ж. Қазақстан ҒА-ның Физиол. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, директордың ғыл. орынбасары (1956–80) қызметтерін атқарды. 1980 жылдан ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) адам және жануарлар анатомиясы мен физиологиясы кафедрасының проф. Негізгі ғыл. еңбектері қан айналысы физиологиясына арналған. Б. лимфа түзілуі мен лимфа айналысының нервтік және қан арқылы реттелу механизмін зерттеді. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

**БЕКЖАНОВ** Ғинаят Рахметоллаұлы (7.3.1927 ж.т., Павлодар обл. Баянауыл ауд.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1992), проф. (1992), Қазақ КСР-інің еңбек сің. барлаушы геологы (1970). Қазақ тау-кен металлургия интын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Қарағайлы геол. барлау экспедициясының отряд бастығы, бас геологы (1951–61), Қазақ геофиз. тресінің бас геологы, бас инженері (1961–73), Қазақ минералдық шикізат ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1973–97), 1987 жылдан «Казнедра» ғыл.-өндірістік бірлестігінің бас директоры, 1994–98 ж. «Геология и разведка недр Казахстана» журналының редакторы болды. Негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары Қазақстанның геологиясы мен жер қыртысының терең қойнауларын кешенді зерттеуге, металл шикізаты кен орындарының геологиясына, металлогенияға, кен орындарын іздеудің геохим. әдістеріне, салалық геол. ғылымдарының дамуына арналған. Қазақ КСР-і (1972), КСРО (1984) Мемл. және Қ.И. Сәтбаев атынд. (1991) сыйлықтарының лауреаты. Ленин, Еңбек



*М.Бекенов*



*Т.Бекенов*



*Ғ.Бекжанов*

Қызыл Ту, «Құрмет» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**БЕКЖАНОВ** Зарқұм Сартайұлы (30.1.1938 ж.т., Қызылорда обл. Қармақшы ауд.) – тех. ғыл. канд. (1974), проф. (1998). Ташкент т.ж. көлігі инженерлері интын (1965), Ленинград т.ж. инженерлері ин-тының аспирантурасын (1974) бітірген. Қазақ т.ж. Жосалы ст-сында кезекші, станса бастығының орынбасары, Шымкент бөлімшесінде графист (1965–1973), Алматы т.ж. көлігі инженерлері ин-тында доцент, декан, кафедра меңгерушісі (1978–1997) қызметтерін атқарды. Зерттеулерінің бағыты – т.ж. көлігімен тасымалдау технологиясы және оны ұйымдастыру. 100-ден астам ғыл. жарияланымның және ғыл.-әдістемелік еңбектерінің авторы.



*З.Бекжанов*

**БЕКЖАНОВА** Сәуле Ертайқызы (18.7.1962 ж.т., Петропавл қ.) – тех. ғыл. докт. (2002), проф. (2005). Алматы т.ж. көлігі инженерлері ин-тын бітірген (1985). Осы ин-тта ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі (1985–98), Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында аға ғыл. қызметкер, доцент, кафедра меңгерушісі, кәсіподақ төрайымы, проф., декан (1998–2011) қызметтерін атқарды. 2011 жылдан осы академияның проректоры. Негізгі ғыл. бағыты – т.ж. көлігі, жүк тасымалдарын ұйымдастыру және тасымалдау технологиясы, логистика. «Жылжымалы құрамның және жолдың өзара әрекетін есепке ала отырып, мұнай және мұнай өнімдерін темір жол көлігімен тасымалдау теориясы және тәжірибесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 9 өнертабыс, 7 оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы.



*С.Бекжанова*

**БЕКҚОЖИН** Аманжол Жуанышұлы (29.9.1958 ж.т., Солт. Қазақстан обл. М.Жұмабаев ауд. Алуа а.) – а.ш. ғыл. канд. (1995), доцент (2003). Бұрынғы Ленин а.ш. техникумын (1978), Целиноград а.ш. ин-тын (1986, қазіргі Қазақ мемл. агротех. ун-ті) бітірген. 1986–87 ж. Целиноград обл. Селеті ауд-ның «Қарабұлақ» ш-нда зоотех.-селекционер, 1987–2011 ж. Көкшетау мемл. ун-ті мен Қазақ мемл. агротех. ун-тінде ассистент, аспирант, деканның орынбасары, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін атқарды. 2011 жылдан Агротех. ун-тте кафедра меңгерушісі. «Продуктивные качества и биологические особенности черно-пестрого скота и его помесей с голштинской породой в Северном Казахстане» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. бағыты – ірі қара малының резистенті және тұқым қуалауы бағытында ғыл. ізденіс жүргізу. Б. Жаңа сүтті «Есіл» типтес қазақтың қара ала малының (2007) және 54 ғыл. еңбектің, оның ішінде 1 оқулық, 2 оқу құралы, 1 ұсыныс және оқу-әдістемелік құралдардың авторы. А.И.Бараев атынд. 2-дәрежелі дипломмен марапатталған.



*А.Бекқожин*

**БЕКҚҰЛОВ** Әбілқай (31.12. 1927 ж.т., Алматы обл. Жамбыл ауд. Бірлік а.) – экон. ғыл. докт. (1987). Ленинград т. ж. көлігі инженерлері ин-тын бітірген (1948). 1948–49 ж. 1 Алматы ст-нда инженер, Түрксіб жолаушы қызметінің диспетчері, 1942–52 ж. Қазақстан ҒА Транспорт проблемасы секторының, 1952–61 ж. Экон. ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері, 1961–63 ж. ҚазМУдың (қазіргі ҚазҰУ), 1963–88 ж. Алматы халық ш. ин-тының (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) доценті, кафедра меңгерушісі, проф. 1988 жылдан материалдық-тех. жабдықтау экономикасы мен жоспарлау кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. Ғыл. қызметінің негізгі бағыты – материалдық ресурстарды үнемдеу негізінде Қазақстанның экон. байланыстарын ұтымды ету.

**БЕКЛЕМИШЕВ** Анатолий Борисович (15.4.1946 ж.т., Украина, Одесса обл. Измаил қ.) – биол. ғыл. докт. (2004). ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ғыл.-зерт. ин-тында аға лаборант, кіші, аға ғыл. қызметкер (1969–78), Новосибирск қ-ндағы КСРО Медбиоөнеркәсібінің бүкілодақтық ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб., бөлім меңгерушісі (1978–86), ҚР ҰҒА-

ның Молек. биология және биохимия ин-тында лаб. меңгерушісі (1986–92) болды. 1998 жылдан Новосибирск қ-ндағы Ресей ҒА-ның Сібір бөлімшесінің Биохимия ин-тында лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарады. «Вакциналық және диагностикалық препараттар құрастыруда молекулярлық биология мен генетикалық инженерия әдістерін қолдану» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл.-зерттеулері молекулярлық биологияны медицинамен ұштастыру мәселесіне арналған. Б. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, 11 авторлық куәлік пен патенттің авторы.

**БЕКМАҒАМБЕТОВА** Роза Қарпыққызы (26.7.1954 ж.т., Қостанай обл. Қостанай ауд. Жаркөл а.) – пед. ғыл. докт., проф. Қостанай пед. ин-тын (1975) бітірген. Қостанай обл. Қостанай ауд-ндағы (1975–76), Қостанай



*Р.Бекмағамбетова*

қ-ндағы (1976–78) орта мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1978–81), Қостанай пед. ин-тында оқытушы (1981–82), ҚазПИ-де (1982–2009, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) стажер-зерттеуші, аспирант, оқытушы, доцент, проф. қызметтерін атқарды. 2009 жылдан осы ун-тте кафедра меңгерушісі. «Қазақстандағы бастауыш мектептер үшін мұғалім кадрларын даярлаудағы оқу орындарының даму тарихы (1917–1991 ж.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – Қазақстандағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын оқу орындарының қалыптасуы мен даму тарихы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дидактикалық даярлау, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту үрдісін жетілдіру мәселесі, мектепке дейінгі педагогика, отбасылық педагогика. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 14 оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың монографияның авторы.

**БЕКМАХАНОВА** Нәдия Ермұқанқызы (6.9.1947 ж.т., Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1997). ҚазМУ-ды (1970, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу обл. Пущино қ-ндағы КСРО ҒА-ның Микроорганизмдер биохимиясы және физиологиясы ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1973) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Микробиология және вирусология ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1973–95) болды. 1996 жылдан лаборатория меңгерушісі қызметтерін атқарады. Оның ғыл.-зерт. еңбектері өсімдіктердің аурулары және зиянкестеріне қарсы қолданылатын қосылыстарды бөліп алу және анықтауға арналды.

**БЕКМАХАНОВА** Нәйлә Ермұқанқызы (20.11.1940 ж.т., Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1978),



*Н.Бекмаханова*

Халықар. славян академиясының корр. мүшесі (1994). Мәскеу мемл. тарих-архив ин-тын (1963) және КСРО тарихы ин-тының Ленинград бөлімшесінің аспирантурасын (1966) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1966–67), ҚазМУ-да (1967–70, қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушы, КСРО ҒА-ның КСРО тарихы ин-тында аға ғыл. қызметкер (1970–90) болды. 1990 жылдан Ресей ҒА-ның Ресей халықтарының тарихы және ұлтаралық мәселелері ин-ты орт-нда жетекші ғыл. қызметкер. «Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII–60-е годы XIX в.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады.

**БЕКМҰРАТОВ** Ермек Бекмұратұлы (15.5.1942 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Бөген а.) – мед. ғыл. докт. (1986), проф. (1988). ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад. (1995), ҚР Мед. ғыл. академиясының корр.



*Е.Бекмұратов*

мүшесі (1998). Алматы мемл. мед. ин-тын бітірген (1968, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті). 1968–70 ж. Отырар ауд. ауруханасының дәрігер-рентгенологы, 1970–73 ж. аспирант, 1973–76 ж. Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, 1976–82 ж. ҚР Денсаулық сақтау мин-лігі 4-Бас басқармасының Орт. ауруханасында рентгенорадиология бөлімінің меңгерушісі, 1983–91 ж. Қазақ туберкулез ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, рент-

ген-радиоизотоптық диагностика бөлімінің меңгерушісі, 1991–97 ж. Халықар. қазақ-түрік унтінде декан қызметтерін атқарды, 1997 жылдан қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. фармацевтика академиясында проректор, кафедра меңгерушісі. Б-тың 160-қа жуық ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 патент, 2 монография, 6 оқулықтың авторы.

**БЕКМҰРЗАЕВА** Эльмира Қуанышқызы (13.6.1970 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ.) – мед. ғыл. докт. (2006), проф. (2010). Алматы мемл. мед. ин-тын (1993, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Шымкент мемл. мед. ин-тының аспирантурасын (1996) бітірген. Оңт. Қазақстан мемл. мед. академиясында оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2009 жылдан Оңт. Қазақстан мемл. фармацевтика академиясында оқытушы, кафедра меңгерушісі. «Қазіргі тандағы мұнай өңдеу өндірісі жұмысшыларының асқорыту мүшелері ауруларының түзілуінің клиникалық-гигиеналық ерекшеліктері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 60-тан астам ғыл.жарияланымның, 2 патенттің авторы.



Э.Бекмұрзаева

**БЕКМҰХАМБЕТОВ** Ерсайын Сатыбалдыұлы (5.4.1934 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Теректі ауд. Подстепное а.) – тех. ғыл. докт. (1991), проф. (1994). Мәскеу Жоғары тех. уч-щесін бітірген (1957). 1957–60 ж. КСРО Авиация өнеркәсібі мин-лігінің арнаулы кәсіпорнында инженер, аға инженер, 1960–94 ж. Қазақстанның Ядр. физика ин-тында кіші және аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі болды. 1994 жылдан ҚР Ұлттық Ядр. физ. орт-ның Атом энергиясы ин-тында лаб. меңгерушісі. Б. ғарыштық ядр.-энергет. қондырғыдағы меншікті электр қуаты жоғары термоэмиссиялық түрлендіргіш-реактордың жылу шығарушы элементтер жиынтығын зерттеу және оларды сынақтан өткізудің жаңа ғыл. бағытын негіздеп, кешенді тәжірибелік база құрды. Реактордағы сәулелендірілген баяу балқитын металдардың шығу жұмысын өлшеудің аса дәл әдісін жасады. Жоғары темп-ра кезінде жылу шығарушы элементтер жиынтығындағы масса тасымалдау және газ бөлініп шығу процестерінің заңдылығын анықтады. Металдардың радиациялық зақымдану физикасы және радиац. материалтану саласындағы жұмыстары үшін оған Қазақ КСР-і мемл. сыйл. берілген (1978).

**БЕКМҰХАМЕДОВ** Арыстан Еркебұланұлы (1930 ж.т., Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1984). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1955), ҚР ҰҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тының аспирантурасын (1963) бітірген. Жезқазған шахта құрылыс комбты басқармасында бас геолог (1955–56), Қазақ шикізат минералдары ин-тында инженер, ғыл. қызметкер (1957–59), қара Металдар формациясы лаб-сында кіші, аға ғыл. қызметкер (1963–66), лаб. меңгерушісі (1966–96) қызметтерін атқарды. 1996 жылдан ҚР ҰҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында бас ғыл. қызметкер. Б. 180-нен астам ғыл. жарияланымның авторы. 4 көп томды ұжымдық монографиясы жарық көрген.

**БЕКМҰХАМЕДОВ** Еркін Лутфуллаұлы (1934 ж.т., Ақтөбе обл. Шалқар қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1992). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Бетпақдала тәжірибе ст-ның мал азығын өндіру бөлімінде кіші ғыл. қызметкер, Мойынқұм құмдарында шөп егу, зерттеумен (1959–63), Қазақ қой ш. ғыл.-зерт. ин-тының жайылымын жақсарту бөлімінің кіші ғыл. қызметкері (1963–69), Алматы обл-ның шөл аймағын зерттеумен айналысты (1965–68). Қазақтоғай-жайылым ғыл.-зерт. ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1969–91), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) мал азығын өндіру, агрономия мен ботаника кафедрасының доценті



Е.Бекмұхамедов

(1991–93). Куба Республикасында мал азығы және жайылым тәжірибе ст-нда ғыл. кеңесші қызметін атқарған. «Қазақстанда шөп өндірудің агробиологиялық ерекшеліктері мен оны егудің технологиясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕКОВ** Асқар Абдулхалықұлы (1948 ж.т., Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1995). ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-да лаборант (1973–74), Қазақ КСР-і ҒА-ның Астрофиз. ин-тында аспирант (1974–77), осы ин-тта кіші, аға ғыл. қызметкер (1977–95) болды. 1996 жылдан Астрофиз. ин-тында бас ғыл. қызметкер. Б. 90-нан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕКСЕЙІТОВ** Тоқтар Кәрібайұлы (1.3.1959 ж.т., Павлодар обл. Ақтоғай ауд. Әуелбек а.) – а.ш. ғыл. докт. (2004), проф. (2007). Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1981, қазіргі Семей мемл. ун-ті) бітірген. 1981–83 ж. Кенжекөл а-нда зоотехник-селекционер, 1983–93 ж. Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тында ассистент, доцент, 1993 жылдан Павлодар мемл. ун-тінде доцент, декан қызметтерін атқарады. «Қой шаруашылығында инбридингті қолданудың ғылыми негіздері» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. бағыты – мал генетикасы мен селекциясы. «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2005), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2010) төсбелгілерімен марапатталған.



Т.Бексейітов

**БЕКТАЕВ** Қалдыбай Бектайұлы (27.11.1920, Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Шұбар а. – 1996, Шымкент қ.) – физ.-матем. ғыл. канд., филол. ғыл. докт. (1975), проф. (1976), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1980). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Орта Азия ун-тін бітірген (1946). 1946–48 ж. Шымкент пед. ин-тында оқытушы, 1958–96 ж. кафедра меңгерушісі, декан (1965–68) болды. 1968–74 ж. Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тының статист.-лингвист. зерттеулер және автоматтандыру тобын басқарды. Негізгі ғыл. еңбектері ықтималдық теориясына, матем. статистикаға, ақпарат теориясына және матем.-инж. лингвистика мәселелеріне арналған. Ол – матем. және кибернетикалық әдістерді түркі тілдерін зерттеуге тұңғыш рет қолданған ғалым. Б-тың басшылығымен республикада алғаш рет электрондық есептеуіш машинаның көмегімен мәтіндердің ағылшын тілінен орыс тіліне машиналық аудармасы жасалды. 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



Қ.Бектаев

**БЕКТАЕВА** Роза Рахымқызы (1945 ж.т., Целиноград қ., қазіргі Астана қ.) – мед. ғыл. докт. (1992). проф. (1995). Целиноград мед. ин-тын (1970, қазіргі Астана мед. ун-ті), Мәскеу мед. ин-тының аспирантурасын (1980) бітірген. Целиноград ауд. ауруханасында бөлім меңгерушісі (1971–75), Целиноград мед. ин-тында ассистент (1980–84), кафедра меңгерушісі (1984–97) қызметтерін атқарды. 1997 жылдан Ақмола мемл. мед. академиясында респ. гастроэнтерологтар ассоциациясының вице-президенті. Б-ның 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.



Р.Бектаева

**БЕКТЕМЕСОВ**, Б е к т е м і с о в Мақтағали Әбдімәжитұлы (10.6. 1963 ж.т., Алматы обл. Ұйғыр ауд. Тегермен а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2006), проф. (2011). ҚазМУ-ды (1985, қазіргі ҚазҰУ) және КСРО ҒА-ның Сібір бөлімшесі Матем. ин-тының аспирантурасын (1990) бітірген. ҚазПИ-де (1985–2009, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) инженер, стажер-зерттеуші, деканның орынбасары, аға оқытушы, доцент, декан, проректор, кафедра меңгерушісі, ҚазҰУ-да декан, бірінші проректор (2010), ҚР Білім және ғылым мин-лігінде комитет төрағасының орынбасары (2011–2012) қызметтерін атқарды. 2012 жылдан Семей мемл. пед. ин-тының ректоры. Оның ғыл. жұмысының негізгі бағыты – жаратылыстанудың кері және қисынды емес есептері, білім беруді ақпараттандыру. «Қисынды емес есептерді шешудің оңтайландыру әдістері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.



М.Бектемесов

**БЕКТЕНОВ** Мұхтасиф (Латиф) Бектенұлы (19.2.1940 ж.т., Атырау обл. Құрманғазы ауд., Дәшин а.) – тех. ғыл. докт. (2009), проф. (2011). ҚазПИ-ді (1961, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантура-

сын (1970) бітірген. ҚазПИ-де ассистент, лаб. жетекшісі, аға оқытушы, декан, доцент (1961–79), Алматы малдәрігерлік ин-тында (1980–89, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі, Алматы автокөлік жолдары ин-тында (1989–96, қазіргі Қазақ көлік және коммуникация академиясы) кафедралардың меңгерушісі. Қазақ көлік және коммуникация академиясында проректор (1998–2005), Орт. Азия ун-тінде кафедра меңгерушісі, ғыл. хатшы (2005–10) қызметтерін атқарды. 2011 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде проф. Негізгі ғыл. бағыты – талғампаз жартылай өткізгіш, жұқа қабаттардың (селективная пленка) көмегімен күн сәулесінің энергиясын жылу және электр энергиясына айналдыру. «Теория и практика разработки экологически безопасной технологии стройтельства дорог с использованием солнечной энергии» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 10 монографияның авторы.



*М.Бектенов*

**БЕКТЕНОВ** Несіпхан Әбжапарұлы (15.5.1954 ж.т., Жамбыл обл. Жуалы ауд. Бірлік а.) – хим. ғыл. докт. (2007), проф. (2008). ҚазМУ-ды (1978, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазКСР ҒА-ның Мұнай және табиғи тұздар ин-тында (Атырау қ.) инженер (1978–79), Қазақ мемл. ун-тінде инженер, бас инженер, аспирант, аға ғыл. қызметкер (1979–89), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, проф. (1990–2006) қызметтерін атқарды. 2006 жылдан Химия ғылымдары ин-тында жетекші ғыл. қызметкер, бас ғыл. қызметкер, проф. Негізгі зерттеу бағыттары – жоғары молекулалы қосылыстар химиясы, құрамында көп функционалды топтары бар ионалмастырғыш шайырлар және мембраналар алу, оның қолдану салалары және экол. мәселелер. «Селективные полифункциональные ионообменники на основе гомо- и сополимеров глицидилметакрилата: синтез, свойства и применение» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 350-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның, 41 алдын-ала берілген патенттің авторы.



*Н.Бектенов*

**БЕКТЕНОВА** Гүлнәр Амантайқызы (2.4.1947, Өскемен қ. – 2011, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (2000), проф. (2011). Мәскеу мемл. унтін (1970) бітірген. Химия ғылымдары ин-тында аға лаборанттан бас ғыл. қызметкер (1970–2011). Ғыл. жұмыстарының бағыты – әр түрлі органик. және неорганик. материалдардағы биол. белсенді қосылыстар – ферменттердің хим. және сорбциялық иммобилизация үдерістерін зерттеу, жоғары белсенді және тұрақты иммобилизинденген биокатализаторларды алу, зерттеу және оларды қолданудың жаңа бағыттарын анықтау. «Ферменттерді бейорганикалық және органикалық полимерлері тасығыштарда иммобилизациялау» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.



*Г.Бектенова*

**БЕКТҰРҒАНОВ** Әбдіманап Елікбайұлы (28.7.1958 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд. Абай а.) – заң ғыл. докт. (1997). ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы ун-тте ассистент, аға оқытушы, доцент, сырттай оқыту бөлімі деканының орынбасары, декан, ун-ттің экон. және құқық ин-ты директорының орынбасары, директор (1981–2001) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан Тараз және Жетісу мемл. ун-ттерінің ректоры.



*Ә.Бектұрғанов*

**БЕКТҰРҒАНОВ** Рамазан Сейдахметұлы (15.1.1967 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Қайнарбұлақ а.) – мед. ғыл. докт. (2007), проф (2010). Қарағанды мемл. мед. ин-тын бітірген (1995). Оңт. Қазақстан мемл. мед.

академиясында ассистент, аға оқытушы, доцент, проф. (1995–2008), Халықар. қазақ-түрік ун-



*Р.Бектұрғанов*

ті президентінің кеңесшісі (2008–09) қызметін атқарды. 2009 жылдан оқу-клиник. базасының директоры қызметінде. «Қазақстанның өндірісі дамыған аумақ тұрғындарының медициналық көмекпен қамтамасыздандырылуын ұйымдастыруды басқару» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, 2 авторлық куәліктің иегері.

**БЕКТҰРҒАНОВА** Бақытжамал Еркінқызы (10.2.1955 ж.т., Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. (1992), проф. ҚазМУ-ды (1977, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы халық ш. ин-тында (1978–85), Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ мемл. басқару ака-



*Б.Бектұрғанова*

демиясы) оқытушы (1989–93), Қазақ мемл. басқару академиясының жанындағы әлеум.-экон. орт-тың директоры (1993–95), проф. (1995–99), Қазақстан ҰҒА-ның Әлеум. және саясаттану ин-тының директоры (1995–96), 1995 ж. Алматы қ. Әлеум. және саясаттану ассоциациясының президенті, 1996 ж. қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-тінде проф., 1999 жылдан Қазақстан демокр. күштері Форумының тең төрайымы, 2000 ж. «Қазақстан әйелдері» республикалық қоғамдық қозғалысының көшбасшысы.

**БЕКТІБАЕВ** Әділғазы Дәуітұлы (1930 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Белащы а.) – тех. ғыл. докт. (1992). Қазақ кен-металлургия ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. ҚазКСР ҒА-ның Алтай кен-металлургия ғыл.-зерт. ин-тында (Өскемен қ.) кіші ғыл. қызметкер, аға ғыл. қызметкер (1957–70) болды. 1970 жылдан ҚазКСР ҒА Тау-кен ісі ин-тының аға ғыл. қызметкері. Ғыл. зерттеулерінің негізгі бағыты – кен өндіру тиімділігін арттыру. «Пути повышения полноты и эффективности извлечения полезных ископаемых из недр (на примере подземных рудников Алтая)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 330-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде монографияның, 25 өнертабыстың иегері.

**БЕКХОЖИН** Хайыржан Нұрғожаұлы (25.12.1910, Павлодар



*Х.Бекхожин*

обл. – 3.11.1979, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1965), проф. (1976). ҚазМУ-ды (1942, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Журналистік қызметін 1929 ж. Павлодар округтік «Кеңес туы», ауд. «Колхоз» газеттеріне хат-хабар жазудан бастап, 30-жылдары саяси-шаруашылық науқандарға, Қазақстан ауыл тілшілерінің қозғалысына белсене қатысты. 1935–39 ж. Семей обл. «Екпінді» газетінде қызмет істеді. 1942–45 ж. Қостанай обл. «Большевиктік жол» газетінің редакторы, 1945–79 ж. ҚазМУ-да аға оқытушысы, декан, кафедра меңгерушісі болды. «Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860–1930 жылдар)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. журналист кадрларды даярлау және Қазақстан баспасөзі тарихын зерттеу ісіне елеулі үлес қосты. Ол 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕЛАН** Павел Степанович (16.8. 1927 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Аққөл ауд.) – тарих ғыл. докт. (1990). ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақстан ҒА-ның



*П.С.Белан*

Тарих, археол. және этнол. ин-тының аспирантурасын (1960) бітірген. Осы ин-тта кіші, аға жетекші және бас ғыл. қызметкер болды. Б. 150-ден астам ғыл. жарияланымның («Казахстанцы в боях за Ленинград», 1973; «На всех фронтах: казахстанцы в сражениях Великой Отечественной войны 1941–1945 гг.», 1995) авторы.

**БЕЛГІБАЕВ** Бауыржан Әбдірахманұлы (1954 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Өскемен қ.) – тех. ғыл. докт. (1996), проф. (1996).

ҚазМУ-ды (1977, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1980) бітірген. 1980–91 ж. оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, 1993–96 ж. Қазақ ғыл.-зерт. ин-тында докторант, декан, кафедра меңгерушісі, Шығыс Қазақстан мемл. ун-ті жанындағы Жоғары бизнес колледжінің директоры қызметтерін атқарды. Б. 30-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БЕЛГІБАЕВ** Қанаш Мұқамбайұлы (5.12.1952 ж.т., бұрынғы Көкшетау обл. Көкшетау ауд. Сәберлі а.) – экон. ғыл. докт. (1986), проф. (1990). ҚазМУ-ды (1955, қазіргі ҚазҰУ), Қазақ мемл. а.ш. ин-тының (1961, қазіргі Қазақ Ұлттық агр. ун-ті) аспирантурасын бітірген. 1955–58 ж. Қаскелең ауд. партия к-тінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Қазақ мемл. а.ш. ин-тында кафедра меңгерушісі, проф. (1989) қызметін атқарады. «Проблемы повышения эффективности использования основных производственных фондов в сельском хозяйстве Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 8 монографияның авторы.



*Қ.Белгібаев*

**БЕЛГІБАЕВ** Мұхит Есенұлы (16.11. 1935 ж.т. Шығыс Қазақстан обл. Бесқарағай ауд. Атшапқан а.) – геогр. ғыл. докт. (1993), проф. ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген (1960). ҚазКСР ҒА-ның Топырақтану ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1960–62), осы ин-тың Целиноградтағы бөлімшесінде ғыл. қызметкер (1990), Қазақстан ҒА Топырақтану институнда лаб. меңгерушісі (1990–93), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде кафедра меңгерушісі, ҚазҰУ-да ғыл.-пед. қызметтер атқарды (1993–2003). 2003 жылдан Семей мемл. пед. институтында қызмет істейді. Негізгі ғыл. бағыты – эолтану, желдің топыраққа эрозиялық әсерін зерттеу. «Влияние эоловых процессов на динамику почвенного покрова семиаридной зоны Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Медальдармен марапатталған.



*М.Белгібаев*

**БЕЛЬСКАЯ** Лидия Леонидовна (11.2.1935 ж.т., Украина, Харьков қ.) – филол. ғыл. докт. (1982), проф. (1985). ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазПИ-де (1972–95, қазіргі ҚазҰПУ)кафедра меңгерушісі (1989–90) қызметтерін атқарды. «Стихосложение С.Есенина в развитии русской стихотворной культуры» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 2 монография мен көптеген мақалалардың («Песенное слово С.Есенина. Поэтическое мастерство», «Анализ поэзии и поэзия анализа») авторы.

**БЕЛЯЕВ** Кеңес Жүзбайұлы (5.11. 1937 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Шиелі кенті – 28.8.2004, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1990), проф. Шымкент пед. ин-тын (1961), Алматы қ-ндағы жоғары партия мектебін (1969), ҚазПИ-дің (1975, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) аспирантурасын бітірген. 1961–72 ж. Сарыағаш ауд. комсомол к-тінің хатшысы, партия к-тінің үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы, кеңшар партия к-тінің хатшысы қызметтерін атқарған. 1976–80 ж. Жезқазған обл. білім қоғамы төрағасының орынбасары, 1980–90 ж. Жезқазған пед. ин-тының кафедра меңгерушісі, 1991–2004 ж. Қазақ ұлттық тех. ун-тінде проф., секция меңгерушісі қызметтерін атқарды. 20-дан астам ғыл. жарияланымның, бірнеше монографиялардың авторы.

**БЕЛЯЕВ** Николай Николаевич (12.6.1953 ж.т., Ресей, Вологда обл. Бабаев қ.) – биол. ғыл. докт. (1994), проф. (1997). ҚазМУ-ды (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. КСРО Мед. ғыл. академиясы Тағамтану ғыл.-зерт. ин-тының Қазақ бөлімшесінде кіші ғыл. қызметкер (1976–77), Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау мин-лігінің Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғыл.-зерт. ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1977–84), ҚР ҰҒА-ның Молек. биология және биохимия ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер, директордың орынбасары (1985–97) қызметтерін атқарды. 1997 жылдан лаб. меңгерушісі. «Исследование механизмов участия гистамина в иммунопатологии и иммуномодуляции» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 190-нан астам жарияланымның, 5 өнертабыстың авторы.

**БЕЛЯШОВ** Дмитрий Николаевич (1940 ж.т.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1992). Қазақ политех. ин-тын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1964–70 ж. кіші ғыл. қызметкер, аға инженер, Қазақ ұлттық тех. унтінде ғыл.-зерт. бөлімінің бас инженері, 1970–94 ж. Бүкілодақтық ғыл.-зерт. ин-ты Қазақ бөлімшесі ғыл. орт-ның директоры болды. 1994 жылдан ҚР ҰҒА-

ның Геофиз. ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары қызметтерін атқарады.

**БЕРДӘЛИЕВ** Кеңес (1933 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд.) – экон. ғыл. докт. (1990), проф. (1990). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1957–58 ж. Мемл. жоспарлау к-тінде экономист, аспирант (1959–62), ҚазМУ-да оқытушы, деканның орынбасары (1962–65), Алматы халық ш. интында кафедра меңгерушісі, декан (1974–85), осы ин-тта сырттқы оқу бөлімінің проректоры (1983–93) болды. 1993 жылдан Қазақ мемл. басқару академиясында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. Б. 90-нан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕРДЫШЕВ** Әбдімәулен Сүлейменұлы (7.4.1958 ж.т., Өзбекстан, Ташкент обл. Кибрай ауд. Ақ алтын кенті) – физ.-матем. ғыл. докт. (2000), проф. (2006). Ташкент мемл. ун-тін (1980) Өзбекстан ҒА-ның матем. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантура-



*Ә.Бердышев*

сын және докторантурасын бітірген. Өзбекстан ҒА-ның Матем. ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер (1980–2000), «Сырдария» ун-тінде (Шымкент қ.) проректор, ректор (2001–08), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде проф. (2008–11 ж.). 2011 жылдан ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі. Ғыл. бағыты – дифференц. теңдеулер, матем. физика теңдеулері. «Аралас және аралас-құрамдас типтегі теңдеулер үшін шекаралық есеп теориясының спектральді мәселелері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның авторы. Өзбекстан Жастар одағы сыйл. лауреаты (1990), «Ы.Алтынсарин» атынд. сыйл. (2006), «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2008).

**БЕРДІБАЕВ** Оңғарбек (7.11. 1911, Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 7.1.1972, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1955), проф. (1956), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1961). Алматы мемл. мед. ин-ты (1937, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1937–46 ж. сол ин-тта тері-венерология кафедрасында ординатор, ассистент, доцент, 1946–52 ж. Қазақстан ҒА-ның Өлкелік патология ин-тында директордың орынбасары, директоры, микология секторының меңгерушісі, 1952–56 ж. Қазақ тері-венерология ғыл.-зерт. ин-тының директоры, 1956 жылдан Алматы мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Грибковые заболевания в Казахстане и пути их ликвидации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері таз ауруын емдеу мәселелеріне арналған. Тері-венерология (трихофития, микроспория) ауруларын емдеу әдістерін табуға елеулі еңбек сіңірген. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

**БЕРДІБАЕВА** Жамал Шайыққызы (31.10.1939 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Қазаншұңқыр а.) – биол. ғыл. канд. (1971), проф. (2006). Өскемен мемл. пед. ин-тын (1961, қазіргі Шығыс Қазақстан мемл. ун-ті), Қазақ пед. ин-тының аспирантурасын (1968 қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1961 жылдан Өскемен мемл. пед. ин-тында оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проф. қызметтерін атқарады. «Шығыс Қазақстан облысының бауырымен жорғалаушылары және қосмекенділері» тақырыбында канд. дисс. қорғады. «Еңбек ардагері»



*Ж.Бердібаева*

медалімен және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

**БЕРДІҒОЖИН** Лесқали Базарғалиұлы (1964 ж.т., Атырау обл. Мақат к.) – тарих ғыл. докт., доцент. Гурьев пед. ин-тын (1989, қазіргі Атырау мемл. ун-ті) бітірген. Осы ин-тта 1987–2000 ж., оқытушы, аға оқытушы, декан-



*Л.Бердіғожин*

ның орынбасары, ғыл. кеңес хатшысы, Еуразия гуманит. инты Атырау бөлімшесінде доцент (2000–01), Атырау мемл. ун-тінде деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі, «Болашақ» ун-тінде (Қызылорда қ.) кафедра меңгерушісі (2001–04) қызметтерін атқарды. 2011 жылдан Атырау мемл. ун-ті ректорының кеңесшісі. Ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты –

1836–38 ж. қазақ халқының азаттық қозғалысы тарихының мәселелері, деректік негізі мен тарихнамасы, Қазақстанның мұнай-газ өндірісі саласындағы жұмысшы, инженер-тех. кадрларының қалыптасуы және өсуі мәселелері. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БЕРЕЗИН** Владимир Элизарович (11.10.1953 ж.т., Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1988), проф. (2002). ҚазМУ-дың (1976, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу қ-ндағы Вирусология ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1980) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Микробиология және вирусология ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1976 жылдан), директор (1995–2006), ҚР ҰҒА-ның биол. және мед. бөлімшесінің акад.-хатшысы (2002–03) қызметтерін атқарды. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 10 өнертабыс пен 5 патенттің авторы.

**БЕРЖАНОВ** Амантай Бержанұлы (7.11.1948 ж.т., Ақтөбе қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2011), проф. (2006). Ақтөбе мемл. пед. ин-тын (1971), Қазақ мемл. пед. ин-тының (1978, қазіргі Қазақ



*А.Бержанов*

Ұлттық пед. ун-тінің аспирантурасын) бітірген. Ақтөбе обл. Шалқар ауд-нда орта мектепте мұғалім, Арқалық пед. ин-тында оқытушы (1971–75), аға оқытушы, доцент (1978–86), Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесінде доцент (1986–88), Ақтөбе мемл. ун-тінде доцент, проф. (1988–2006) қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. бағыты – дифференц. теңдеулер және матем. физика саласына жататын бірінші ретті дербес туындылы теңдеулер жүйесінің айнымалылардың бір бөлігі бойынша көп периодты шешімдерін зерттеу. «Кейбір дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйесінің айнымалылардың бір бөлігі бойынша көппериодты шешімдерін зерттеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БЕРЖАНОВ** Досымжан Сахуұлы (4.1.1950 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд. Құланды а.) – тех. ғыл. докт. (1996), проф. (1997). Қазақ хим.-технол. ин-тын бітірген (1973). 1973–81 ж. Жамбыл «Химпром» өндірістік бірлестігінде ауысым бастығы, цехтың аға шебері, технологы, фосфор секторының жетекшісі, цех бастығы, 1981 ж. Шымкент «Фосфор» өндірістік бірлестігінде аға шебер, Қазақ хим.-технол. ин-тының аға ғыл. қызметкері, 1981–92 ж. Жамбыл «Химпром» өндірістік бірлестігінде ауысым, бөлімше бастығы, жетекші инженер-технолог, бас инженердің орынбасары, 1992–96 ж. «Нодфос» өндіріс бірлестігінің бас инженері, 1996–99 ж. «Химпром» АҚ-ның бас инженері, «Қазфосфор» ААҚ-ның вице-президенті, «Нодфос» АҚ-ның президенті болды. 1999 жылдан «Химпром» АҚ-ның бас инженері. «Научное обоснование, разработка и внедрение ресурсосберегающих и малоотходных технологий в фосфорном производстве» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 40-тан астам ғыл. жарияланымның оның ішінде 3 монографияның, 15 авторлық куәліктер мен патенттердің иегері.

**БЕРЖАНОВ** Қартбай Бекемұлы (20.12.1924, Батыс Қазақстан обл. қазіргі Ақжайық ауд. Сайқұдық а. – 23.2.1975, Алматы қ.) – пед. ғыл. докт. (1966), проф. (1967). ҚазПИ-ді (1947, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және аспирантурасын (1950) бітірген. Осы ин-тта оқытушы, доцент (1947–55), Алматы обкомында бөлім меңгерушісі (1955–57), Қазақ қыздар пед. ин-тының (1957–



*Қ.Бержанов*

61, қазіргі Қазақ мемл. қыздар пед. ун-ті) проректоры, кафедра меңгерушісі, ҚазПИ-де доцент (1961–67), ҚазМУ-да (1967–75, қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1965 ж. «Ағарту ісінің дамуындағы орыс-қазақ серіктестігі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған қазақ тілінде тұңғыш «Педагогика тарихы» оқулығын жазған. Ғыл.-зерт. жұмысының негізгі бағыты – қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы оқу-ағарту ісіне және кеңес дәуіріндегі (1917–41) Қазақстан мұғалімдерінің қоғамдық, мәдени-ағартушылық қызметін зерттеуге арналған.

**БЕРКЕТОВ** Сапарбек Сұлтанұлы (16.8.1933 ж.т., Алматы обл. Іле ауд.) – тех. ғыл. канд. (1976). Қазақ тау-кен металлургия ин-



*С.Беркетов*

тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1959 ж. «Майкаинзолото» комб-тында инженер, 1961 ж. Павлодар алюминий з-тында, 1977–88 ж. Павлодар хим. з-тында директор, 1988–91 ж. «Космофарм» концернінің директоры, 1991 жылдан «Орлан» АҚ-ның директоры, президенті (1995) қызметтерін атқарған. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1978).

**БЕРКІМБАЕВ** Камалбек Мейірбекұлы, 13.6.1969 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Кентау қ.) – пед. ғыл. докт. (2007), проф. (2008). Қазақ мемл. пед. ин-тын (1992, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) бітірген. Түркістан мемл. ун-тінде (Түркістан қ.) оқытушы, Халықар. қазақ-түрік ун-тінде (ХҚТУ) оқытушы, аға оқытушы (1992–95), ХҚТУ Кентау ин-тында директордың орынбасары, декан (2003–07) қызметтерін атқарды. 2007 жылдан ХҚТУ Кентау ин-тында директордың орынбасары. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.



*К.Беркімбаев*

**БЕРКІМБАЕВА** Шәмшә Көпбайқызы (10.10.1942 ж.т., Алматы обл. Қарасай ауд. Тұрар а.) – пед. ғыл. канд., доцент. Халықар. пед. ғыл. академиясының акад. Қызылорда пед. уч-щесін (1961), Қазақ мемл. қыздар пед. ун-тін (1966) және КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғыл. академиясын (1984) бітірген. Еңбек жолын туған ауылындағы мектепте мұғалім болып бастаған. 1970–87 ж. Алматы обл. Қасқелең ауд., Алматы обл. комсомол к-ттерінің 1-хатшысы, Алматы қ. Совет ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, Алматы обл. партия к-тінің хатшысы, 1987–99 ж. Алматы қ. 12-қазақ орта мектебінің директоры, ҚР Білім министрінің орынбасары, Алматы обл. білім басқармасының бастығы. 1999–2002 ж. ҚР Парламенті Сенатының депутаты, 2002–03 ж. ҚР Білім және ғылым министрі, 2003–11 ж. Қазақ мемл. қыздар пед. ун-тінің ректоры қызметтерін атқарды. Ғыл. еңбектері білім беру мәселелеріне, оның ішінде қазақ мектептеріндегі білім беру мәселелеріне бағытталған. Жоғары пед. оқу орындарына арналған «Қазақ тәлімінің тарихы» (2004), «Педагогика тарихы» (2009) оқулықтарының авторы. «Педагогика» қазақша түсіндірме терминол. сөздіктің (2007) редакторы және ғыл. жетекшісі. Б. «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері». Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальдармен, Халықар. «Сократ» сыйлығымен марапатталған.



*Ш.Беркімбаева*

**БЕРКІНБАЙ** Омархан Беркінбайұлы (27.3.1949 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түркістан ауд. Майдантал а.) – малдәрігерлік ғыл. докт. (2007), проф. Алматы зоовет. ин-тын (1977, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Оңт. Қазақстан обл. Түркістан ауд. «Куйбышев» атынд. кеңшарда (1966–69), Алматы қ-нда ғыл.-пед. қызметтер атқарған. Ғыл. зерттеулерінің негізгі бағыты – Қазақстанның жеке аймақтары мал ш-ндағы құрт аурулары, эймериялардың түрлік құрамын анықтау, қой эймериозының мерзімдік және жас айырмашылығына байланысты өзгеруі. 340-тан астам ғыл., оқу-әдістемелік еңбектердің авторы, оның ішінде 3 монография («Профилактика и лечение заразных болезней сельскохозяйственных животных», 1988; «Паразитоценозы и смешанные инвазии овец» 2012, т.б.), 14 оқу құралың, 15 оқулықтың, 10 патент және авторлық куәліктің иегері.



*О.Беркінбай*

**БЕРҚАЛИЕВ** Базылбек Түменұлы (1927 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Қаратөбе ауд. Аққозы а.) – тех. ғыл. докт. (1991), проф. (1992). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық



*Б.Берқалиев*

тех. ун-ті) бітірген. 1951–62 ж. кен орындарында, өндіріс саласында, 1966–81 ж. Қарағанды политех. ин-тында (қазіргі Қарағанды мемл. тех. ун-ті), 1992–97 ж. Қазақстан ҒА-да қызметтер атқарды. Б-тің 190-нан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕРЛІБАЕВ** Бақдәулет Тұрбекұлы (17.1.1953 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Шәлкөде а.) – тарих ғыл. докт. (2010). ҚазПИ-ді (1979, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) бітірген. Осы ин-тта ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент (1979–2002), Қазақ-Британ тех. ун-тінде аға



*Б.Берлібаев*

лектор (2002–06), ҚазҰПУ-да доцент (2006–10), Шет тілдер және іскерлік карьера ун-тінде декан (2010–11) қызметтерін атқарды. 2011 жылдан бастап ҚазҰПУ-да проф. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстандағы тарихи білімінің ұлттық моделі. «1920–2000 жылдардағы Қазақстандағы тарихи білімнің қалыптасып, дамуы: тарихи-теориялық зерттеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БЕРТАЕВА** Күләш Жазықбайқызы (1.4.1962 ж.т., Алматы қ.) – экон. ғыл. докт. (2006). Алматы мемл. а. ш. ин-тын (1983, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Алматы халық ш. ин-тының (1997, қазіргі Қазақ экон. ун-ті) аспирантурасын, докторантурасын (2005) бітірген. 2005–06 ж. Қазақ экон. ун-тінде доцент, кафедра меңгерушісі, проф. болды. 2006 жылдан ҚазҰПУ-да



*К.Бертаева*

кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕРУС** Владимир Кириллович (1941 ж.т., Ресей, Новосибирск обл. Карасук қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1996). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1964–66 ж. Алматы обл. Балтабай а-нда зоотехник, 1966–67 ж. зоотех.-малдәрігерлік ин-тында аға лаборант, 1967–75 ж. кіші ғыл. қызметкер, 1975–81 ж. ғыл. қызметкер, 1981 ж. аға ғыл. қызметкер, жетекші ғыл. қызметкер болып істеген. Б. 70-тен астам ғыл.-зерт. еңбектің авторы.

**БЕРІКХАНОВА** Гүлназ Еженханқызы (25.12.1958 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Зна-



*Г.Берікханова*

менка а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2010), доцент (2000). Семей пед. ин-тын (1975), ҚазКСР ҒА Математика және механика ин-тының аспирантурасын бітірген. Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Мыңбұлақ орта мектебінде мұғалім, Семей мемл. пед. ин-тында оқытушы, кафедра меңгерушісі (1975–95), Семей мемл. ун-тінде аға оқытушы, деканның орынбасары, декан, доцент қызметтерін атқарды (1996–2004). 2004 жылдан Семей мемл. пед. ин-тының деканы. Негізгі ғыл. бағыты – матем. модельдеу және дифференц. теңдеулер. «Дифференциальные уравнения колебаний пластины с учетом точечных связей и их конечномерные возмущения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БЕСБАЕВ** Мұса Сүлейменұлы (3.3.1928 ж.т., қазіргі Батыс Қазақстан обл. Бөкей ордасы ауд. Шоңғай а.) – тарих ғыл. докт. (1983), проф. (1986). ҚазМУ-ды (1950, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (1953–69, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және КСРО ІІМ-нің жоғары мектебінде (Алматы қ.) доцент, Қазақстан КП ОК-нің жауапты қызметкері (1969–83), Целиноград пед. ин-тының (қазіргі Еуразия ұлттық ун-ті) ректоры (1983–88), 1988–2003 ж. Алматы жоғары партия мектебінде проф., Қазақстан менеджмент, экономика және бол-



*М.Бесбаев*

жам ин-тында кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Деятельность коммунистической пар-

тии Казахстана по интернациональному воспитанию трудящихся в условиях развитого социализма» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ғыл. еңбектері ұлт саясатының мәселелерін зерттеуге арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**БЕСПАЕВ** Халел Абдулхақұлы (12.2.1933 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Көкпекті ауд. Көкпекті а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1984), проф. (1994). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1955, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. «Казолово» кен басқармасында аға геолог (1955–57), Алтай кен-металлургия ғыл.-зерт. ин-тында (қазіргі Геол. ғылымдар ин-тының Алтай бөлімі, Өскемен қ.) ғыл. қызметкер (1957–64), Қазақстан ҒА Өндіргіш күштерді зерттеу кеңесінің ғыл. хатшысы (1964–65), төрағасының орынбасары (1966–69), Қазақстан ҒА Төралқасының акад.-хатшысының орынбасары (1965–66), Геол. ғылымдар ин-тының ғыл. хатшысы (1969–71), осы ин-ттың лаб. меңгерушісі (1971–95) қызметтерін атқарды. 1995 жылдан Геол. ғылымдар ин-тының директоры. Негізгі ғыл. жұмыстары кен орындарының геологиясына, металлогенияға арнаған. Ол Қазақстандағы кен орындарының пайда болуының геол. жағдайларын, кен элементтерінің таралу заңдылықтарын зерттеген. Риддер-Сокол кен орнында қосымша алтын қорын ашып, геол.-барлау жұмыстарын жүргізді (1997). Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1995).


*Х.Беспаев*

**БЕСПАЕВА** Гүлия Қабенқызы (1.7.1954 ж.т., Семей қ.) – пед. ғыл. канд. (1987), доцент (1996). Семей пед. ин-тын (1975), Қарағанды мемл. ун-тінің аспирантурасын (1983) бітірген. 1975–76 ж. орта мектепте мұғалім, 1976–80 ж. Жамбыл технол. ин-тының Семей бөлімшесінде оқытушы, 1983–87 ж. Семей ет және сүт өндірісі технол. ин-тында аға оқытушы, 1987–91 ж. Семей пед. ин-тында оқытушы, 1991–96 ж. Технол. ин-тта, 1996–2000 ж. Қаржы ин-тында кафедра меңгерушісі Қазақ қаржы-экон. ин-тында кафедра меңгерушісі, проф., декан, (2000–06) жылдан проректор. 1986 ж. «Обучение студентов глагольно – именным словосочетаниям, выражающим отношения образа и способа действия» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. 50-ден астам ғыл. еңбектің, 2 оқу құралы мен 2 оқу сөздігінің авторы.


*Г.Беспаева*

**БЕСПАЛОВ** Вениамин Федорович (26.3.1906, Ресей, Сызрань қ. – 8.10.1983, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1969), Қазақ КСР-інің еңбек сің. геолог-барлаушысы (1976). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1948, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1931–41 ж. Орт. және Онт. Қазақстанда геол. картаға түсіру партиясының бастығы болды. 1941–43 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан, 1943–55 ж. Қазақстан геол. басқармаларының барлау, геол. картаға түсіру партияларында қызмет істеді. ҚазМУ-да (1955–68, қазіргі ҚазҰУ), Қазақ политех. ин-тында доцент, 1968–83 ж. Геол. ғылымдар ин-тының тектоника секторының меңгерушісі болған. Ғыл. еңбектері аймақтың геология мен тектоника мәселелеріне арналған. Б. Орт. Қазақстандағы прекембрий мен төм. палеозой құрылымдарының ара-жігін көрсетті, бірінші вольфрамит кен орнын ашты. Қазақстанның көптеген аймақтарының геол. карталарының авторы және редакторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1982). Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.


*В.Ф.Беспалов*

**БЕССЧЕТНОВ** Петр Поликарпович (22.8.1924, Ресей. Кемерово обл. Ленинск-Кузнецкий қ. – 2003, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1969), проф. (1974). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1950) және аспирантурасын (1954) бітірген. 1950–54 ж. ассистент, 1954–65 ж. декан, кафедра меңгерушісі (1965–92) болды. 1992 ж. Қазақ ұлттық агр. ун-тінде проф. қызметін атқарды. Б. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы.

**БЕССЧЕТНОВА** Маргарита Васильевна (5.8.1925 ж.т., қазіргі Ресей, Самара обл. Красный Яр с.) – биол. ғыл. докт.

(1976). ҚазПИ-ді (1955, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1957 жылдан Алматы қ-ндағы Қазақстан ҒА-ның қазіргі Бас ботаника бағында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Оның негізгі ғыл. еңбектері қолданбалы ботаника саласына арналған. Қазақстанда және ТМД елдерінде өсіруге жерсіндірілген райхан гүлінің 15 жаңа түрін шығарды. Б-ның 13 өнертабысы бар.

**БЕСТЕРЕКОВ** Үйлесбек (30.7.1946 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд. Түлкібас ст.) – тех. ғыл. докт. (2007), проф. (2010).



*Ү.Бестереков*

Қазақ химия-технол. ин-тын (1969), Мәскеу химия-технол. ин-тының аспирантурасын (1977) бітірген. Шымкент фосфор өндірістік бірлестігінде инженер-технолог (1969–73) болды. 1977 жылдан Қазақ химия-технол. ин-тында (қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) ғыл.-пед. қызмет атқарады. Ғыл. жұмыстарының бағыты – сулы қоспаларды жартылай өткізгішті полимерлік мембраналар арқылы кері осмос, ультрасүзгілу, микросүзгілеу тәсілдерімен бөлу, ажырату, тазалау үрдістерінің ілімі мен қолданбалылығы; судың, сулы-электролитті қоспалардың қасиеттері мен құрылымы ерекшеліктері туралы жаңа кванттық-толқындық ілімнің негіздері мен қолданбалылығы. «Сулы қоспаларды мембраналық ажырату механизімінің жұқа қабатты моделі ілімінің негіздері және оның экологиялық-технологиялық аспектілері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 50-ден астам ғыл. жарияланымның, 7 өнертабыс куәлігінің авторы.

**БЕТЕМБАЕВА** Махфуза Манатқызы (19.2.1928 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Торғай а.) – а. ш. ғыл. докт. (1976), проф. (1978), Қазақ КСР-і Жоғары мектебінің еңбек сің. қызметкері (1979). Мәскеу тоқыма ин-тын (1950) және аспирантурасын (1953) бітірген. 1953–63 ж. Қазақстан ҒА-ның Биол. ин-тында, аға ғыл. қызметкер, лаб. мең-



*М.Бетембаева*

герушісі болды. 1963 жылдан қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-тінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проф. қызметтерін атқарады. Б. 90-нан астам ғыл. жарияланымның авторы.



*А.Биғалиев*

**БИҒАЛИЕВ** Айтқожа (25.12.1942 ж.т., Ресей, Самара обл. Кинель-Черкас ауд. Березняк с.) – биол. ғыл. докт. (1980), проф. (1981). Алматы зоо-тех.-малдәрігерлік ин-тын (1965, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және Жалпы генетика ин-тының (Мәскеу қ.) аспирантурасын (1968) бітірген. Қазақ КСР-і ҒА-ның Экспериментальды биология ин-тында ғыл. хатшы (1969–71), Ақтөбе мемл. мед. ин-тының кафедра меңгерушісі (1971–85), Қарағанды мемл. мед. ун-тінің проректоры, ректоры (1985–91), ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, ҚазҰУ жанындағы Экол. проблемалар ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1991–2007) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан ҚазҰУ-да проф. Негізгі ғыл. бағыты – экол. генетика, қоршаған орта факторларының биота мен тұрғындар денсаулығына әсерінің салдарына экол.-генетик. баға беру. «Оценка генетической опасности солей тяжелых металлов как загрязнителей окружающей среды (на примере хрома)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 10 монографияның авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған (2005).

**БИДАЙБЕКОВ** Есен Ықыласұлы (2.10.1945 ж.т., Жамбыл обл. Талас ауд. Аққұм а.) – пед. ғыл. докт. (1998), проф. (2002). ҚазМУ-ды (1967, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1973) бі-



*Е.Бидайбеков*

тірген. Осы ун-тте инженер-программист, 1973–84 ж. аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарды. 1984 жылдан Алма-

ты мемл. пед. ун-тінде (қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) кафедра меңгерушісі. «Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. жұмысының негізгі бағыты – кері есептеу матем.-физ. және информатика мен методикасының теориясы; ғылым мен білім беру ақпараты. Б. оқу орындарын ақпараттандыру жөніндегі республикадағы көрнекті ғалымдардың бірі. 150-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БИЕКЕНОВ** Кеңес Үмбетжанұлы (29.9.1933 ж.т., Ақтөбе обл. Шалқар қ.) – әлеуметтану ғыл. докт. (1993), проф. (1993). ҚазМУ-ды бітірген (1956, қазіргі ҚазҰУ). 1965–68 ж. аспирант, 1973–78 ж.



*К.Биекенов*

Ақтөбе пед. ин-тының кафедра меңгерушісі, 1978 ж. доцент, кафедра меңгерушісінің орынбасары, Алматы саясат және басқару ин-тының кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Методологический и социологический анализ политической культуры хозяйственного руководителя» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 60-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы.

**БИЕКЕНОВ** Марат Әбидоллаұлы (19.9.1942 ж.т., Қарағанды қ.) – филос. ғыл. докт. (1989), проф. (1990), ҚР Халық ағарту ісінің үздігі. Алматы халық ш. ин-тын, ҚазМУ-дың аспирантурасын бітірген. 1972–82 ж. Алматы мемл. мед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) аға оқытушы, доцент, 1984–94 ж. кафедра меңгерушісі, 1994–95 ж. ҚР Жоғ. Кеңесі халықар. қатынастар комиссиясының эксперті, 1995–96 ж. ҚР Үкіметі аппа-



*М.Биекенов*

ратының сыртқы байланыстар бөлімінің референті, 1996 жылдан ҚР Парламенті Сенаты аппаратының халықар. істер, қорғаныс және қауіпсіздік секторының меңгерушісі қызметтерін атқарды. «Взаймосвязь демократического централизма и самоуправления народа» деген тақырыпта докт. дисс.қорғаған. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, бірнеше монографияның авторы.

**БИЖАНОВ** Ахан Құсайынұлы (23.8.1949 ж.т., Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Шелек а.) – саясаттану ғыл. докт. (1997). Қазақ политех. ин-тын (1971) бітірген. Алматы темір-бетон з-тында электрик, инженер-электрмеханик, 1976–94 ж. Алматы қ. Ленин ауд. атқару к-ті төрағасының, Алматы қ. әкімш. бастығының 1-орынбасары. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты, Мемл. құрылыс және аймақтық саясат жөніндегі к-т төрағасының орынбасары болды. 1995–96 ж. ҚР Президентінің көмекшісі, ҚР Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Алматы қ. әкімінің орынбасары (2000), ҚР Парламенті Сенатының депутаты болды. «Демократические основы модернизации казахстанско-



*А.Бижанов*

го общества (политический анализ)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады.

**БИЖАНОВ** Әлім Байжанұлы (16.1.1961 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд. Абай а.) – а. ш. ғыл. докт. (1999), проф. (2005). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1984, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және Орта Азия мемл. ун-тін (2003) бітірген. 1984–86 ж. Ақтөбе обл. Мартөк ауд-нда мал дәрігері болды. 1986 жылдан Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тында аспирант, кіші және аға ғыл. қызметкер, кафедра меңгерушісі. Ғыл. еңбектері жылқы малының жұқпалы ауруларының таралуы және оған қарсы күрес шараларын зерттеуге арналған. 150-ден астам ғыл. жарияланымның авторы, оның ішінде 17 патент пен 3 авторлық куәліктің иегері.

**БИЖАНОВ** Фрунзе Бижанұлы (18.6.1932, Қарақалпақстан, Қыпшақ ауд. Киров атынд. ұжымшар – 18.4.1999, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1977), проф. (1981), Қазақстанның еңбек сің. ғыл. қайраткері (1991). ҚазМУ-ды (1955, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1961) бітірген. 1962–64 ж. Қазақ хим.-технол. ин-тында (Шымкент қ.) лаб. меңгерушісі, 1969–71 ж. Органик. катализ және электрхим. ин-тында аға

ғыл. қызметкер болды. 1971 ж. катализдік синтез лаб-сын ұйымдастырған. 1972 жылдан осы лаб-ның меңгерушісі. Негізгі ғыл. еңбектері органик.қосылыстардың (спирттер, алифатты қатарлар нитрильдері, бояғыш заттар, т.б. алуда қолданылатын жартылай өнімдердің) нәзік катализдік синтезіне арналған. Б. сутегі қысымымен гидрогендеу реакциясының кинетикасы мен механизмін зерттеуге арналған жаңа әдістер ұсынды.

**БИЖАНОВА** Галина Ержанқызы (30.9.1947 ж.т., Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1995), проф. (1997). ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Математика және механика ин-тында кіші, аға, бас



*Г.Бижанова*

ғыл. қызметкер (1974–98), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1998–2003), Математика ин-тында бас ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (2003–11) қызметтерін атқарды. 2011 жылдан Математика ин-ты директорының орынбасары. Негізгі ғыл. бағыты – матем. талдау, зілденген және классикалық Гельдер кеңістігінде регулярлы емес шеттік есептердің параболалық және эллиптикалық теңдеулері үшін, еркін (белгісіз) шекаралы сызықтық емес есептердің шешімін және коэрцитивтік бағалауларын дәлелдеу. «Зілденген гельдерлік функциялар кеністігінде Стефан және Флорин көп өлшемді есептері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БИЖАНОВА** Гүлбаршын Қожақызы (1949 ж.т., Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Шелек а.) – биол. ғыл. докт. (1998), проф. ҚазМУ-ды бітірген (1971, қазіргі



*Г.Бижанова*

ҚазҰУ). Қазақстан ҒА-ның Ботаника және фитоинтродукция ин-тында (1971–81), Шелек а-ндағы орта мектепте (1981–86), ҚР ҰҒА-да (1991–92; 1994–96), ҚР Мин. Кабинетінде (1992–94) қызмет істеген. 2000 жылдан респ. Жоғары аттестаттау комиссиясында бөлім меңгерушісі, ғыл. хатшы. Негізгі ғыл. жұмыстары Қазақстан өсімдіктерінің қазіргі жағдайын зерттеуге бағытталған. 40-тан астам ғыл. еңбегі, монографиясы және бірнеше геоботаник. картасы жарияланған.

**БИЗАҚОВ** Сейдін (26.11.1937 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Сүмбе а.) – филол. ғыл. докт. (2000), проф. (2001). ҚазПИ-ді (1960, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тының аспирантурасын (1972) бітірген. Райымбек ауд. Сүмбе а. орта мектебінде оқытушы (1960–68), Қазақ КСР ҒА-ның Тіл білімі ин-тында ғыл. қызметкер (1972–75), Қазақ политех. ин-тының Қаратау бөлімшесінде кафедра меңгерушісі (1975–85), Тіл білімі ин-тында аға, жетекші ғыл. қызметкер (1985–2001) болды. 2001 жылдан Тіл білімі ин-тының бас ғыл. қызметкері. Негізгі ғыл. жұмыстары қазақ тілі мәдениеті, әдеби норма, лексикогр., этногр. мәселелеріне арналған. «Әдеби норма және варианттылық» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде монография-



*С.Бизақов*

ның авторы. Б. қазақтың ұлттық тақта ойынын дамытуға ат салысып, «Тоғызқұмалақ әліппесі» оқулығын жазды. Ол туысқан халықтардың тілі, тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүріне арналған бірнеше ғыл.-танымдық кітаптың авторы.

**БИМЕНДИНА** Лариса Әмірқызы (14.1.1942 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Аққөл ауд.) – хим. ғыл. докт. (1990), проф. (1994). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1965). 1967–99 ж. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында аспирант, кіші, аға, бас ғыл. қызметкер, ғыл. хатшы болды. Ғыл.-зерттеулері полимерлердің физ. химиясына арналған. Б. суда еритін және ісінетін полимерлердің, полиэлектролиттердің қасиеттерін анықтап, олардың әр түрлі қосылыстар кластарымен (беттік активтік заттар, металл иондары, бояулар, т.б.) әрекеттесуін зерттеді. 1975–83 жылдар аралығында жүргізілген «Суда ерігіш полимерлер және олардың комплекстері» атты кешенді еңбегі үшін 1986 ж. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. берілген.

**БИМЫРЗАЕВ** Сейіткерім (5.11. 1942 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Кеңес а.) – физ.-

матем. ғыл. докт. (1998). ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы мемл. мед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) және ҚазМУ-да оқытушы. Соңғы жылдары ҚР Ұлттық ядр. физ. орт-нда аға ғыл. қызметкер болып жұмыс істейді. «Электростатистикалық фокустанушы жүйелердің корпускулдық оптикасы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. 70-тен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БИРЮЧКОВ** Юрий Васильевич (15.5.1929 ж.т., Ресей, Астрахан қ.) – мед. ғыл. докт. (1971). Астрахан мед. ин-тын бітірген (1956). Норильск, Мәскеу, Новосибирск қ-ларында дәрігер, Ақтөбе мед. ин-тыда ассистент,



*Ю.В.Бирючков*

доцент, кафедра меңгерушісі (1956–70), проректор (1973–98) қызметтерін атқарды. «Бас сүйегінің ашық сынықтарында мидың жарақатының бастапқы және ерте диагноз қою, емдеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 18 өнертапқыштық, үш жаңашылдық ұсыныстары бар. 170 ғыл. еңбегі жарияланған.

**БИСЕМБАЕВ** Қуатбай Қуанбайұлы (2.3.1955 ж.т., Қызылорда обл. Қазалы ауд.) – тех. ғыл. докт. (2010). ҚазМУ-ды (1978, қазіргі ҚазҰУ), Киев мемл. ун-тінің аспирантурасын (1987) бітірген. Қызылорда пед. ин-тында аға оқытушы (1978–94), Қорқыт Ата атынд. гуманит. ун-тінде (Қызылорда қ.) доцент (1994–99), Алматы қ-ндағы Білім қызметкерлерінің мамандығын жетілдіру және кадрларды қайта даярлау ин-тының доценті (1999–2006) қызметтерін атқарды. 2006 жылдан Қазақ ұлттық пед. ун-тінде доцент. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – голономды емес жүйелер динамикасы, механик. жү-



*Қ.Бисембаев*

йелердің сызықты емес тербелістері. «Теңселмелі тірек арқылы жүзеге асатын сызықты емес, голономды емес байланысы бар дірілден қорғау жүйесінің динамикасы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БИСЕНҒАЛИ** Зинол-Ғабден Қабиұлы (21.1.1950 ж.т., Атырау обл. Құрманғазы ауд.) – филол. ғыл. докт. (1997), проф. (1999). ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ)



*З.-Ғ.Бисенғали*

және оның аспирантурасын (1981) бітірген. Қазақ радиосында редактор (1972–78), Қаз-МУ-де оқытушы (1981–83), «Мектеп» баспасында аға редактор (1984–86) қызметтерін атқарды. 1986 жылдан Қазақ ұлттық ун-тінде – оқытушы, аға оқытушы, доцент, проф., кафедра меңгерушісі. Ғыл. еңбектері негізінен әдебиет тарихын зерттеуге арналған. «ХХ ғасыр басындағы қазақ романы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. көптеген ғыл. жарияланымның оның ішінде 4 монографияның авторы.

**БИСЕНОВ** Қылышбай Алдабергенұлы (21.7.1957 ж.т., Қызылорда обл. Жалағаш ауд. Мәдениет а.) – тех. ғыл. докт. (1995), проф. (1992). ҚР Білім беру ісінің үздігі (1996), ҚР Инж. академиясының акад. (2000). Қазақ политех ин-тын (1979, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1979–80 ж. сол ин-тта ғыл.-зерт. жұмыстарымен шұғылданды. 1980–82 ж. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесінде оқытушы, 1982–85 ж. КСРО Мемл. құрылыс к-тінің Бетон және темір-бетон ғыл.-зерт. ин-тының аспиранты, 1986–90 ж. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан, директордың орынбасары, 1990–96 ж. Қызылорда агроөнеркәсіптік өндіріс ин-тында проректор, 1996–



*Қ.Бисенов*

98 ж. Қызылорда политех. ин-тының ректоры болды. 1998–2007 ж. Қызылорда мемл. ун-тінің ректоры, 2007–11 ж. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, 2011 жылдан Қызылорда мемл. ун-тінің ректоры. Б-тің негізгі ғыл. еңбектері жергілікті материалдардан

құрылыс материалдарын өндіру технологиясына арналған. «Технология ячеистых бетонов с использованием барханных песков и отходов обогощенных флюоритовых руд с учетом факторов жаркого климата» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ол шағыл құмдардан флюорит кентасын байыту қалдықтарын пайдалана отырып ұялы бетон алу әдісін өндіріске енгізді. «Құрмет» орденімен, медальдармен марапатталған.

**БИТТЕЕВ** Шамай Бекжанұлы (23.4.1944 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1991). Қазақ политех. ин-тын (1968, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және аспирантурасын (1977) бітірген. Осы интта инженер, аға ғыл. қызметкер (1972–74), әскери кәсіпорындарда жобалаушы инженер (1977–83), әскери оқу орындарында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі



*Ш.Биттеев*

(1983–91) қызметтерін атқарды. 1993 жылдан Қазақ КСР Ішкі істер мин-лігі жоғары мектебінде кафедра меңгерушісі. 2004 жылдан Қазақ көлік және коммуникация академиясында проф. Б. «Цемент бетонды қоспаның дозаторлығымен байланысқан процесті автоматты басқару жүйесін өңдеу және зерттеу» деген тақырыпты докт. дисс.қорғаған. Б. Көптеген ғыл.-әдістемелік кітаптар мен оқу-құралдарының, 4 алдын ала патенттің авторы.

**БИЯРОВ** Тілеухан (1949 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд. Еңбек а.) – тех. ғыл. докт. (1993), проф. (1995). ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1972–73 ж. ҚазҰУ жанындағы ғыл.-зерт. ин-тының инженері, 1973–76 ж. аспирант, 1976–89 ж. оқытушы, аға оқытушы, доцент болды. 1989 жылдан кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. «Основы динамики и вопросы устойчивости механизмов высоких классов и машин со многими степениями свободы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 180-ге жуық ғыл. мақаланың, 3 монографияның авторы.

**БИЯШЕВ** Қадыр (18.6.1939 ж.т., Ақтөбе обл. Ойыл ауд. Ойыл а.) – ветеринария ғыл. докт. (1992), проф.(1994). Жоғары оқу орнының құрметті қайраткері (2009). Алматы малдәрігерлік ин-тын (1967, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және аспирантурасын (1972)



*Қ.Бияшев*

бітірген. Осы ин-тта ассистент (1972–74), алғашқы дайындық курсы бөлімін басқарушы (1974–82), кафедралардың меңгерушісі (1994–2001, 2001–09) қызметтерін атқарды. Б. «Жануарлардың сальмонеллезі және күресу шаралары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. бағыты – гендік инженерия, төрт түлік мал мен құстың ішек ауруларының алдын алу мәселелері. «Жануарлардың сальмонеллезі және күресу шаралары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, 2 авторлық куәліктің, 2 патенттің, 38 алдын ала патенттің авторы. Б. «Парасат» орденімен (1999) марапатталған.

**БИЯШЕВ** Рүстем Ғақашұлы (11. 3.1938 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ.) – тех. ғыл. докт.



*Р.Бияшев*

(1986). ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1960–68 ж. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында аға лаборант, инженер, кіші ғыл. қызметкер, 1968–74 ж. аға ғыл. қызметкер, 1974–94 ж. Бүкілодақтық ғыл.-зерт. ин-тында (Мәскеу) аға ғыл. қызметкер, 1994 ж. ҚР ҰҒА-ның Информатика және басқару ин-ты директорының орынбасары қызметтерін атқарады. Б. 170-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БОБРОВ** Лев Гордеевич (17.6. 1928 ж.т., Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1970), проф. (1971). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1951–55 ж. Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тының картоп-көкөніс ст-нда кіші ғыл. қызметкер, 1955–62 ж. осы ғыл.-зерт. ин-тында директордың орынбасары, директоры, 1962–69 ж. Қазақ КСР-і А. ш. мин-лігінің Респ. тәжірибе ст-ның директоры, 1969–88 ж. Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тының директоры қызметтерін атқарды. Б. 190-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 5 кітаптың авторы.

**БОГДАН** Александр Владимирович (5.8.1946 ж.т., Ресей, Краснодар қ.) – тех. ғыл. докт. (1995). Новочеркасск политех. ин-тын (1969) бітірген. 1972–73 ж. Павлодар индустриялды ин-тында аға оқытушы, кафедра меңгеру-



*А.В.Богдан*

шісі доцент (1973–97), Б. 170-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 30 патенттің авторы.

**БОГОЯВЛЕНСКИЙ** Андрей Павлинович (4.7.1963 ж.т., Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (2007). ҚазМУ-ды (1986, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚР Білім және ғыл. минлігінің Биол. зерттеу орт-нда қызмет істейді. Оның негізгі ғыл. еңбектері вирусология және иммунология мәселелеріне арналған. Б. 180-нен астам ғыл. жарияланымның, 8 куәліктің авторы.

**БОЖАНОВ** Есберген Тоқшылықұлы (1.5.1943 ж.т., Алматы обл. Жамбыл ауд. Дегерес а.) –



*Е.Божанов*

физ.-матем. ғыл. докт. (1997), проф. (1993). ҚазМУ-ды (1965, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1970) бітірген. 1965–73 ж. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында қызмет істеді. 1976–90 ж. Қазақ политех. институтының Ақтау қ-ндағы жалпытех. ф-тінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, декан. 1993 ж. бөлімше Ақтау политех. ин-ты болып құрылып, оның ректоры болды. «Исследование проблем устойчивости упругих тел, гибких пластин и оболочек и их приложения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Оның негізгі ғыл. жұмыстары қолданбалы матем. саласына арналған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 6 монографияның авторы.

**БОЗОВ** Нұрбек Сафиұлы (1935 ж.т., Батыс Қазақстан обл., қазіргі Зеленов ауд.) – филос. ғыл. докт. (1997), проф. Орал пед. ин-тын (1960), Орал мемл. ун-тін (1971) бітірген. 1960–63 ж. мұғалім, мектеп директоры, 1963–



*Н.Бозов*

72 ж. Солт. Қазақстан обл. Степной орта мектебінің директоры болды. 1972 жылдан Көкшетау ун-тінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проф. қызметін атқарады. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БОЗЫМОВ** Қазыбай Қараұлы (16.2.1949 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд. Сексеуіл ст.) – а. ш. ғыл. докт. (1994), проф. (1996). Батыс Қазақстан а. ш. ин-тын (1976), Орынбор қ-ндағы Бүкілодақтық май және ірімшік өндіру өнеркәсібі ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1981) бітірген. 1976–79 ж. Батыс Қазақстан обл. а. ш. ин-тында ассистент, доцент (1981–87), партия к-тінің хатшысы (1987–90), проректор (1990–96) қызметтерін атқарды. 1996 жылдан Батыс Қазақстан агр.-тех. ун-тінің 1-



*Қ.Бозымов*

проректоры. Б. 90-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы.

**БОЙКО** Галина Ильясовна (1943 ж.т., Татарстан Республикасы) – хим. ғыл. докт. (1992), проф. ҚазМУ-ды (1967, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1978–89 ж. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында аға ғыл. қызметкер, 1990–92 ж. жетекші ғыл. қызметкер, 1993 жылдан бас ғыл. қызметкері болып жұмыс істейді. Б. 180-нен астам ғыл. жарияланымның, 16 авторлық куәлік, 6 патенттің авторы.

**БОЙКО** Федор Константинович (20.2.1920 ж.т., Павлодар обл. Павлодар ауд.) – тех. ғыл. докт. (1980), проф. (1976). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Ленинград техникумын (1939), Мәскеу индустр. ин-тын (1947) бітірген. 1939–42 ж. Астрахань обл. Баскунчак ауд. Бассоль з-ты басқармасы бастығының және бас механиктің көмекшісі, Павлодар қ. Октябрь з-тының аға инженер-электригі, бас энергетигі, бас инженері (1946–50), Павлодар қ-лық к-тінің бөлім меңгерушісі (1951–52), Қазақстан КП обл. к-тінің бөлім меңгерушісі (1952–62), Павлодар индустр. ин-ты-

ның (қазіргі Павлодар мемл. ун-ті) проректоры (1962–64), Павлодар пед. ин-тының доценті (1964–69), Павлодар индустр. ин-тының кафедра меңгерушісі



*Ф.К.Бойко*

(1969–76), ин-т ректоры (1976–84) қызметтерін атқарды. 1984 жылдан кафедра меңгерушісі, проф. 100-ден астам ғыл. еңбек пен 10 монографияның авторы.

**БОҚАЕВ** Нұржан Әділханұлы (5.1.1956 ж.т., Қостанай обл. Қарабалық ауд. Өрнек а.) – физ.-матем ғыл. докт. (1996), проф. (2003), ҚР-ның Жаратылыстану



*Н.Боқаев*

ғылымдары академиясының акад. (2003). ҚарМУ-ды (1977) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1984) бітірген. ҚарМУ-да аға оқытушы, доцент (1984–96), кафедра меңгерушісі (1996–99), декан (1999–2005), Еуразия ұлттық ун-тінде проф, деканның орынбасары (2005–09), 2009 жылдан кафедра меңгерушісі қызметінде. Ғыл. зертеулерінің бағыты – функциялар теориясы мен функционалдық анализ, ортогоналдық қатарлар теориясы және олардың сигналдарды өңдеуге қолданылуы. «Жалпыланған Уолш және Хаар системалары бойынша қатарлардың Фурье коэффициенттері және жалғыздық теоремалары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, көптеген оқу құралдарының авторы.

**БОЛАТБАЕВА** Айгүл Әбдімажитқызы (25.6.1975 ж.т., Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Жосалы кенті) – пед. ғыл. докт. (2009), Қазақстан пед. ғылымдары академиясының акад. (2009). ҚазҰУ-ды (1996) бітірген. Қазақ білім академиясында (1997–2003), ҚазҰУ-да (2000–05), ҚР Президенті жанындағы Мемл. басқару академиясында (2005–06), Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында (2006–07), ҚР ҰҚК Шекара академиясында (2007 жылдан) ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты. Негізгі ғылыми бағыты – жоғары әскери мектеп педагогикасы, зерттеушілік іс-әрекет әдісна-



*А.Болатбаева*

масы, даму психологиясы, оқытудың интерактивті технологиялары, білім саясатын талдау тәжірибесі. «Әскери жоғары оқу орнының магистранттарымен зерттеушілік іс-әрекет әдіснамасын игеру процесінің тұжырымдамалық және қолданбалы негіздерінің дамуы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БОЛАТОВ** Жамалбек (9.3.1931, Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Бесжылдық а. – 6.8.1978, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1971), проф. (1976). ҚазПИ-ді (1952, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және аспирантурасын (1955) бітірген. ҚазПИ-де оқытушы (1954–56), Қазақстан ҒА-ның қазіргі Тіл білімі ин-тының (1961 жылға дейін Тіл және әдебиет ин-ты) ғыл. қызметкері (1956–76), ҚазПИ-дің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі (1976–78) қызметтерін атқарды. 1970 ж. «Қазіргі қазақ тілінің шығыс говорлар тобы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б-тың ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты қазақ тілінің диалектологиясы.

**БОЛАТОВА** Гүлжан Жамбылқызы (17.7.1976 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Зеренді ауд. Жаңаауыл а.) – ғалым, филол. ғыл. докт. (2010). ҚазҰУ-ды (1997) және докторантурасын (2010) бітірген. 2000 жылдан ҚазҰУ-де ғыл.-пед. қызмет атқарады. «Воссоздание национального своеобра-



*Г.Болатова*

зия романа-эпопеи М.О.Ауэзова «Путь Абая» на русский язык» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 60-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БОЛҒАНБАЕВ** Әсет (8.3.1928, Қарағанды обл. Актоғай ауд. Қараменде а. – 12.1.1999, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1972). Қарқаралы пед. уч-щесін (1947), ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы жылдан өмірінің

соңына дейін Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тында ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі болды. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты қазақ тілі лексикологиясы мен лексикографиясын зерттеуге арналған. Б-тың «Қазақ тіліндегі синонимдер» зерттеуі лексикологиядағы іргелі ғыл. еңбек ретінде бағаланды. Б. бұл монографиясында барлық сөз табына қатысты синонимдерді талдау арқылы қазақ тіліне тән дара заңдылықтарды зерттеді. Синонимдік қатардың, ең алдымен етістікте, сонан соң зат есім мен сын есімде көп кездесетінін көрсетті. «Қазақ тілі лексикологиясы» (1979) деген еңбегінде синхрондық зерттеу әдісін қолданып, лексикология қағидаларын тың тілдік деректермен толықтырды. Б. – «Абай тілі сөздігін» (1968), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» құрастырушылардың бірі (1974–84). Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1988).



*Ә.Болғанбаев*

**БОЛДЫРЕВ** Вячеслав Михайлович (25.1.1936, Алматы обл. Кербұлақ ауд. Қоғалы а.– 20.8. 2002, Алматы қ.) – геогр. ғыл. докт. (1996), проф. Мәскеу мемл. ун-тін (1958) бітірген. ҚазКСР ҒА геогр. секторында аға лаборант, кіші ғыл. қызметкер (1958–64), аға ғыл. қызметкер (1964–66), ҚазҰУ-да доцент (1966–85, 1991–93), декан (1986–88, 1996–2001), ҚазМУ партия ұйымының хатшысы (1988–91), кафедра меңгерушісі (1993–96), проф. (2001–2002). Б-тің зерттеулері негізінен әртүрлі гидрометеорологиялық сипаттамаларды есептеудің формулаларын жасалауға арналған. «Қазақстанның таулы өзендерінің ағындысын зерттеу мен есептеу деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, екі оқу құралының, 3 монографияның авторы.



*В.М.Болдырев*

**БОЛОТОВ** Альберт Васильевич (15.9.1934 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1970), проф. (1971). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1957–59 ж. Алматы 1-ГЭС-інің кезекші инженері, Қазақстан ҒА Алтай тау-металлургия ғыл.-зерт. ин-ты кіші ғыл. қызметкер (1959–60), Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) аға инженер, бас инженер, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, кафедра меңгерушісі, декан (1960–74), Алматы энергетика ин-тында ректор (1975–85), кафедра меңгерушісі (1985–91), ҚР Инж. академиясының вице-президенті (1991–96) болды. 1996 жылдан Алматы энергетика және байланыс ин-тында кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. 400-ден астам ғыл. мақала мен 80 өнертабыс және 2 монографияның авторы.



*А.В.Болотов*

**БОЛЬШАКОВА** Екатерина Васильевна (26.12.1916, қазіргі Ресей, Кемерова обл. Мариинск қ. – 26.7.1963, Алматы қ.) – биол. ғыл. канд. (1949). Томск ун-тін бітірген (1940). Б. 1940–42 ж. Алматы мемл. қорығында кіші ғыл. қызметкер болды. 1942 жылдан өмірінің соңына дейін КСРО ҒА-ның Қазақстан бөлімшесінде, Қазақстан ҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тында (қазіргі «Биоген» акцион. жабық қоғамы) қызмет істеді. Қазақ арқар-меринос қойын шығаруға қатысқаны үшін Б-ға КСРО Мемл. сыйл. берілді (1950).

**БОНДАРЕВА** Варвара Ивановна (17.12.1903 ж.т., Ресей, Дондағы Ростов қ.) – ветеринария ғыл. докт. (1964). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1932, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Семей обл. (қазіргі Шығыс Қазақстан обл.) және Алтай аймағы шаруашылықтарында мал дәрігері (1932–38), Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері (1938–60). 1960 жылдан Қазақстан ҒА-ның Зоол. ин-тында аға ғыл. қызметкер болып жұмыс істейді.

**БОНДАРЬ** Анатолий Александрович (1941 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Ақсу а.) – тех. ғыл. докт. (1992), проф. (1994). Өскемен жол құрылысы ин-тын (1965), аспирантурасын (1970) бітірген. 1965–69 ж. Өскемен жол құрылысы ин-тының оқытушысы, «Южгорсельпроект» мемл. жобалау ин-тының жобалаушылар тобының жетекшісі (1970–73), Павлодар индустр. ин-ты-ның (қазіргі Павлодар мемл. ун-ті) аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі (1973–77), Жамбыл гидро-

мелиоративтік-құрылыс ин-тының кафедра меңгерушісі (1977–88), доценті (1988–92), проф. (1992–93), кафедра меңгерушісі (1993–96) болды. 1996 жылдан осы кафедрада қызмет атқарады. Б. 140-тан астам ғыл. еңбек пен 5 монография, 14 авторлық куәлік және патенттердің авторы.

**БОПАЕВ** Қаден Балапанұлы (17.6.1942 ж.т., ҚХР, Құлжа қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (2000), проф. (2000). ҚазПИ-ді (1968, қазіргі ҚазҰПУ) және аспирантурасын (1973) бітірген. 1973 жылдан қазіргі Жетісу мемл. ун-тінде декан. Негізгі ғыл. жұмысы айырымдық динамик. жүйелердің дүдәмал жағдайындағы орнықтылығын зерттеуге арналған. 60-қа жуық еңбегі бірнеше шет ел тілдерінде жарияланған.

**БОРАНБАЕВ** Сандыбай Режепұлы (15.10.1960 ж.т., қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Қаратөбе а.) – филол. ғыл. докт. (2008). ҚазМУ-ды (1987, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тының аспирантурасын



*С.Боранбаев*

(1994, қазіргі Қазақ мемл. қыздар пед. ун-ті) бітірген. Талдықорған қ-лық комсомол к-тінде қызметкер (1987–89), Талдықорған пед. ин-тында оқытушысы (1989–91), Халықар. қазақ-түрік ун-ті Шымкент бөлімшесінің аға оқытушысы (1994–99), Қазақ еңбек және әлеум. қатынастар академиясы Шымкент бөлімшесінің оқу ісі жөніндегі проректоры (1999–2002), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің доценті (2002–2004) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі қызметінде. Ғыл. зерттеулер аясы – XI–XVI ғғ. «түркі, қыпшақ, половец, куман тілдері» деген атпен белгілі болған ескі қыпшақ тілінің тарихи байланысы. «Ескі қыпшақ тілі мен қазақ тілінің генетикалық сабақтастығы» атты тақырыпта докт. дисс. қорғады. 50-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БОРАШ** Баян Тәліпұлы (23.5.1938 ж.т., Ақтөбе обл. Темір ауд. Шибұлақ а.) – филол. ғыл. докт. (2012), проф. (2008). Қызылорда мемл. пед. ин-тын (1960) бітірген. Қызылорда, Ақтөбе обл-рында мектеп мұғалімі (1960–61, 1963–66), Ақтөбе обл. партия к-тінде әр түрлі қызметтерде болған (1966–89). 1990 жылдан Ақтөбе мемл. ун-тінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент, проф. Негізгі ғыл. бағыты – әдебиеттегі адамның жас шамасының жырлануы, қазақ әдебиетіндегі хандар-



*Б.Бораш*

дың тұлғалық көркем бейнесі. «Қазақ поэзиясындағы хандар бейнесінің эволюциясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БОРБАСОВ** Сайын Молдағалиұлы (3.3.1954 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Ақтүбек а.) – саясаттану ғыл. докт. (1999), проф. (2005). ҚазМУ-ды (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Семей пед. ин-тында (1977–95), Семей мемл. ун-тінде (1986–2000), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде (2001–07), Қазақ ұлттық агр. ун-тінде (2008 жылдан) ғыл.-пед. жұмыстармен



*С.Борбасов*

айналысады. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстандағы ұлттық қатынастар, этносаясат, қоғамның саяси жүйесі және оны демократияландыру мәселелері. «Постоталитарлық Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 300-ге жуық ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.

**БОРБАСОВА** Зияда Назыбекқызы (15.2.1971 ж.т., Астана қ.) – экон. ғыл. канд. (2007), проф. (2009). Қазақ тұтыну коопера-



*З.Борбасова*

ция ин-тын (Қарағанды қ.) бітірген (1994). Қарағанды экон. ун-тінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – Қазақстанның астық өнімдерінің нарығы –

теориясы, әдістемесі, жаһандану жағадайындағы даму стратегиясы. «Проблемы формирования и развития рынка зернопродуктов Республики Казахстан в условиях глобализации» монографиясының (2006), оқу-әдістемелік құралдарының авторы. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемл. грантының иегері (2010).

**БОРБАСОВА** Қарлығаш Молдағалиқызы (15.3.1968 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Ақтүбек а.) – филос. ғыл. докт. (2011). ҚазҰУ-ды бітірген (1993). Осы ун-тте тәлімгер-зерттеуші, оқытушысы, аспирант, аға оқытушы,


*Қ.Борбасова*

доцент (1993–2011), 2011 жылдан проф. қызметін атқарады. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – дінтану. «Қазақстандағы жаңа діни бірлестіктер және ұлттық қауіпсіздік мәселесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 50-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.

**БОРЧАШВИЛИ** Исидор Шамилович (1954 ж.т.) – заң ғыл. докт. (1996), проф. (1998), ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад. (2001). КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебін бітірген (1980). 1984–91 ж. ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің оқытушысы, аға оқытушы, доценті болды. 1992 жылдан кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. 100-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 13 монографияның авторы.


*И.Ш.Борчашвили*

**БОТАБЕКОВ** Әділбек Қожабекұлы (18.11.1959 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Үшқайың а.) – тех. ғыл. канд. (1988). Халықар. көлік академиясының акад. (2009). Мәскеу инж.-құрылыс ин-тын (1982), Құрылыс конструкция-


*Ә.Ботабеков*

лары орт. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1988, Мәскеу) бітірген. Алматы сәулет-құрылыс ин-тында оқытушы, доцент, проф., декан, проректор, вице-президент (1982–2008, қазіргі Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының ректоры. «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2005), «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, (2009), «Құрмет» орденімен (2011) марапатталған.

**БОТАҒАРИЕВ** Төлеген Әміржанұлы (7.8.1959 ж.т., Атырау қ.) – пед. ғыл. докт. (2002), проф. (2004). Қазақ дене шынықтыру ин-тын (1980), Мемл. орт. дене шынықтыру ин-тының (Мәскеу қ.) аспирантурасын (1989) бітірген. Гурьев пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушысы (1980–84), Атырау мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1989–99), Ақтөбе мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1999–2004), Ақтөбе мемл. пед. ин-тында проректор, оқу-әдістемелік басқармасының бастығы (2004–07), Ақтау мемл. ун-тінде ин-т директоры (2007–08), Батыс Қазақстан мемл. ун-тінде ин-т директоры, декан (2008–10) қызметтерін атқарды. 2010 жылдан Ақтөбе мемл. пед. ин-тында оқу-әдістемелік басқармасының бастығы. Негізгі ғыл. бағыты – оқушылар дене тәрбиесінің аймақтық мәселелері. «Научно-пе-


*Т.Ботағариев*

дагогическое обоснование совершенствования физического воспитания школьников с учетом региональных условий» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ге жуық ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БӨГЕНОВ** Еркін Сембекұлы (1936 ж.т., Алматы обл. Қаскелең ауд. Шамалған ст.) – тех. ғыл. докт.


*Е.Бөгенов*

(1989), проф. (1991). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1960) бітірген. Қырғыз КСР-і Оңт. тау-кен комб-тында шебер, кен бөлімінің бастығы, Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) доцент болды. Бүкілодақтық фосфор өнеркәсібі ғыл.-зерт. ин-тында директордың орынбасары қызметін атқарды. Қазақтың хим.-технол. ин-тында оқытушы, доцент, проф. (1981–91). 1994 жылдан Қазақ ұлттық тех. ун-тінде кафедра меңгерушісі. 8 оқу құралының авторы.

**БӨЖЕЕВ** Мұратбек (1910, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. – 4.2.1980, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1973). Саратов мемл. ун-тін (1930) және Мәскеу пед. ин-тын (1932) бітірген. ҚазПИ-де (қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және ҚазМУ-да (ҚазҰУ) оқытушы, проф. (1934–41), Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында кіші (1957–61), аға ғыл. қызметкер (1961–80) болып жұмыс істеді. Б-тің ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ



*М.Бөжеев*

әдебиеті, қазақ фольклоры мәселелері, Абайдың ақындық мектебі. Қазақ әдебиеті тарихының 6 томдығының, М.О.Әуезовтің 12 томдық шығарма жинағының құрастырылуына және басылуына қатысып, атсалысты.

**БӨЖЕНОВ** Анатолий Шәменұлы (1934 ж.т.) – тех. ғыл. докт. (1990), проф. (2002). Мәскеу инж.-құрылыс ин-тын бітірген (1958). 1958–64 ж. Қазақ өнеркәсіп құрылысы жобасы ин-тында инженер, 1964 ж. Киев автожол ин-тының аспиранты, 1964–68 ж. Өскемен жол құрылысы ин-тында жұмыс істеді. 1968 жылдан Қарағанды политех. ин-тында (қазіргі Қарағанды мемл. тех. ун-ті) кафедра меңгерушісі. 130-дан астам ғыл. еңбегі бар.



*А.Бөженов*

**БӨКЕЙХАНОВ** Диас Ғабдулхакимұлы (28.5.1937 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ.) – тех. ғыл. докт. (1992), проф. (1994). Ташкент политех. ин-тын (1961) бітірген. 1961–66 ж. Орт. карьераның бұрғылау жөніндегі тау-кен шебері, бұрғылау-жару жұмыстарының бастығы, 1967–69 ж. Қазақ политех. ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) аға инженер, кіші, ғыл. қызметкері. 1969 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тау-кен ин-тында аға инженер, аспирант, аға оқытушы, доцент, лаб. меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарады. Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйл. лауреаты. 120-дан астам ғыл. еңбектің, 3 монографияның авторы.



*Д.Бөкейханов*

**БӨКЕЙХАНОВ** Нұрым Райымжанұлы (13.10.1940 ж.т., Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1985), проф. (1991). ҚазМУ-ды (1963, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы унтте инженер, ҚазКСР Химия ғыл. ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер (1962–85), Ақтөбе пед. ин-тында проректор (1985–89), ҚазКСР ҒА Мұнай химиясы және табиғи тұздар ин-тының (Атырау қ.) директоры, лаб. меңгерушісі (1989–94), Алматы инж. орталығында директордың орынбасары, Мәскеу мемл. тех. ун-ті «Станкин» бөлімшесінде (Мәскеу обл. Егоревск қ.) декан, директордың орынбасары (1994–2000) қызметтерін атқарды. 2000 жылдан осы бөлімшеде проф. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – Азотты қосылыстар синтезінің каталитик. түйіндес процестері, ресурсты үнемдейтін тех. жүйелер. «Алкилбензолдар мен оның туындыларының гетероатомды алмастырғыштармен қышқылдық аммонолизі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.



*Н.Бөкейханов*

**БӨКЕНОВ** Ахат Мұхамедиұлы (31.10.1950 ж.т., Қарағанды қ.) – мед. ғыл. докт. (1997), проф. (2002). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1973, қазіргі Қарағанды мемл. мед. ун-ті) бітірген. 1974–77 ж. Қа-

рағанды мемл. мед. ин-тының №2 госпитальдық хирургия, онкология кафедрасының дәрігер-лаборанты, 1977–94 ж. ассистент, 1994–96 ж. доцент, докторант, 1997–2009 ж. осы ун-тте проф. 2009 жылдан кафедра меңгерушісі. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – өңеш обырында хирургиялық емнің өңеш-асқазан анастомазын салу техникасында өкпе обыры хирург. емнің кеңірдек кесігінің пластикасына, асқазан



*А.Бөкенов*

обырын аралас еміне арналған 10 авторлық куәлігі бар. «Асқазан обырының емдеу әдісін таңдау және жеке болжамдар қорытындылары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БӨКЕТОВА** Нұрсұлу Ыбырайқызы (4.4.1948 ж.т., Солт. Қазақ-



*Н.Бөкетова*

стан обл.) – филол. ғыл. докт. (1995), проф. (1998). Алматы пед. шет тілдер ин-тын (1970, қазіргі Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті) бітірген. 1970–74 ж. Оңт. Қазақстан обл. орта мектебінде мұғалім, 1974–93 ж. Қарағанды мемл. ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, 1994–98 ж. декан. 1996 жылдан «Лингва» тіл және аударма ин-тының ректоры қызметтерін атқарады. 60-тан астам ғыл. енбектің, оның ішінде 5 монографияның авторы.

**БӨЛЕКБАЕВ** Сағади Байұзақұлы (1946 ж.т., Алматы обл. Кербұлақ ауд. Беріктас а.) – филос.



*С.Бөлекбаев*

ғыл. докт. (1999), проф. (2000). ҚазМУ-ды (1973, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1973–80 ж. Қарағанды мемл. ун-тінде, 1980–89 ж. ҚазМУ-да, 1989–94 ж. Қазақ мемл. архит.-құрылыс ин-тында (қазіргі Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы), 1994–99 ж. Қазақ мемл. заң ун-тінде, 1999–2000 ж. Орт. Азия ун-тінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болды. Б-тың еңбектері өтпелі кезеңдегі экономика мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын, әлеум.-филос. мәселелерін зерттеуге арналған. 40-тан аса ғыл. еңбектің, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БӨЛЕКБАЕВА** Лиза Ертасқызы (17.10.1931 ж.т., Қызылорда обл. Қазалы қ.) – биол. ғыл. докт. (1974), проф. (1984). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақстан ҒА-ның Физиол. ин-тының аспирантурасын (1957) бітірген. Осы ин-тта кіші (1958–62), аға (1962–74) ғыл. қызметкер. 1974 жылдан лаб. меңгерушісі



*Л.Бөлекбаева*

қызметтерін атқарады. 350-ден астам ғыл. мақала, 4 монографияның авторы.

**БӨЛЕШОВ** Мырзатай Әбілдаұлы (29.12.1953 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Қайнарбұлақ а.) – мед. ғыл. докт. (2002), проф. (2003). Алматы мемл. мед. ин-тын (1978, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1980–90 ж. обл. мед. мекемелерінде, 1991 ж. пед. қызметте, 1992–95 ж. Шымкент пед. ин-тының кафедра меңгерушісі, 1996–2001 ж. Оңт. Қазақстан мемл. мед. акаде-



*М.Бөлешов*

миясының аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі доценті қызметтерін атқарды. 2001–02 ж. осы кафедрада проф. 2002 жылдан кафедра меңгерушісі. «Комплексная оценка количественного влияния многофакторных динамических систем на формирование уровня здоровья работников свинцового производства» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 мо-

монографияның, 4 авторлық куәліктің, 1 инновациялық патенттің авторы.

**БӨРІБАЕВ** Төлеуғали Қайыржанұлы (16.12.1957 ж.т., Қостанай обл. Жангелді ауд. Аққөл а.) – филос. ғыл. докт. (2005), проф. (2010). ҚазМУ-ды (1985, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақ агротех. ун-тінде ассистент, аға



*Т.Бөрібаев*

оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан (1985–2006) қызметтерін атқарды. 2007 жылдан Қазақ экономика қаржы және халықар. сауда ун-тінде (Астана қ.) проректор, кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыты – қазақ философиясы, әлеум. философияның өзекті мәселелері, филос. актонология, дін мәселелері. «Қазіргі замандағы қазақ халқы менталитетіндегі даму ерекшеліктерін әлеуметтік-философиялық талдау» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2008), ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін төсбелгілерімен (2009) марапатталған.

**БРАГИНА** Татьяна Михайловна (26.2.1954 ж.т., Ресей, Ростов обл.) – биол. ғыл. докт. (1987). Ростов мемл. ун-тінің биол.-топырақтану ф-тін (1976) бітірген. Қостанай обл. Наурызым мемл. қорығының кіші ғыл. қызметкері (1976–84) болды. 1984 жылдан директордың ғыл. жұмыстар



*Т.М.Брагина*

жөніндегі орынбасары. 50-ден астам ғыл. мақаланың авторы.

**БРАУН** Эдуард Эдуардович (1936 ж.т.) – а. ш. ғыл. докт. (1993). Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1965). 1968–78 ж. Целиноград а. ш. ин-тында (қазіргі Қазақ агротех. ун-ті) аспирант, ассистент, доцент. 1978–83 ж. Батыс Қазақстан а. ш. ин-тында доцент, оқытушы, 1983–88 ж. кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. Б. 110 ғыл. еңбектің, бірнеше оқулықтың авторы.

**БРЕЙДО** Иосиф Вульфович (1947 ж.т., Қырғызстан, Жетіөгіз ауд. Тамға а.) – тех. ғыл. докт. (1997). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) электртех. ин-тын (1971) бі-



*И.В.Брейдо*

тірген. 1974–87 ж. Қарағанды қ-нда Кен ісі ин-тында қызметкер, Қарағанды Көмір ғыл.-зерт. ин-тында лаб. меңгерушісі (1987–88) қызметтерін атқарды. 1988 жылдан Қарағанды мемл. тех. ун-тінің кафедра меңгерушісі. 90-нан астам ғыл. еңбектің, 26 өнертабыстың авторы.



*А.М.Бренер*

**БРЕНЕР** Арнольд Михайлович (1952 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд. Жетісай қ.) – тех. ғыл. докт. (1994). Қазақ хим.-технол. ин-тын бітірген (1975). 1975–79 ж. Қазақ ипрофосфор ғыл.-зерт. ин-тында инж.-механик, кіші ғыл. қызметкер; 1979–75 ж. Қазақ хим.-технол. ин-тында аспирант, аға ғыл. қызметкер; 1985–89 ж. аға оқытушы, 1989–92 ж. докторант қызметтерін атқарды. 1992 жылдан Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде лаб. меңгерушісі. Б. 120 ғыл. еңбектің авторы.

**БРЯКИН** Михаил Иванович (18.11.1902, Ресей, Алтай өлкесі, Каменск ауд. – 11.2.1985, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1953), проф.



*М.И.Брякин*

(1955). Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1957). Томск ун-тін бітірген (1927). 1927–34 ж. Солт. Қазақстан обл-нда дәрігер, 1934 жылдан Алматы мемл. мед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі әрі Қазақстан Денсаулық сақтау мин-нің бас

хирургі (1954–64) болды. «О некоторых последствиях перерезки блуждающих нервов в эксперименте и при хирургических вмешательствах в клинике» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері құрсақ және кеуде хирургиясына арналған. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

**БУДЧАНОВ** Иван Артемьевич (17.4.1916, Павлодар қ. – 13.1.1985, Ақтөбе қ.) – биол. ғыл. докт. (1973). 2-дүниежүз. соғысқа қа-



*И.А.Будчанов*

тысқан. Днепропетровск мемл. ун-тін (1941) бітірген. Одесса мед. ин-тының ассистенті, доценті (1945–58), 1958 жылдан Ақтөбе мемл. мед. ин-тының кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды.

**БУКТУКОВ** Николай Садвокасович (10.6.1948 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Күршім ауд. Ұраң-



*Н.С.Буктуков*

кай а.) – тех. ғыл. докт., проф. (1992). Қазақ политех. ин-тын (1971, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1972–95 ж. ҚР ҒА Тау-кен ісі ғыл.-зерт. ин-тының аға инж., кіші, аға ғыл. қызметкері, лаб. меңгерушісі, бас ғыл. қызметкері, Қазақ ұлттық тех. ун-тінің проф., ҚР ҰҒА Төралқасының патенттік-лицензиялық және маркетинг бөлімінің бастығы, ҚР ҰҒА президентінің орынбасары (1995–96). 1994 жылдан ҒА «Қазғылым» АҚ Басқармасының төрағасы қызметтерін атқарады. 60-тан астам ғыл. еңбек пен 2 монографияның авторы.

**БУЛУКТАЕВ** Юрий Очирович (16.3.1949 ж.т., Молдавия, Котов ауд. Корнешты с.) – саясаттану ғыл. докт. (2009). Мәскеу мемл. ун-тін (1975) бітірген. Алматы мемл. мед. ин-тында оқытушы (1984–99), ҚазМУ-дың ЖОО оқытушылары біліктілігін арттыру ин-тында (1991–99), Философия және саясаттану ин-тында аға ғыл. қызметкер (1999–2008), ҚР Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы ӘЭСИ-дің жетекші сарапшысы, орталық жетекшісі (2008–10) қызметтерін атқарды. 2010 жылдан ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратег. зерттеулер ин-тының бас ғыл. қызметкері. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – саясат теориясы; саяси жүйелер мен режимдердің трансформациясы; саяси партиялар мен партиялық жүйелер; демократияландыру және азаматтық қоғам. «Демократиялық үдерістердің жа-



*Ю.О.Булуктаев*

һандануы жағдайындағы саяси режимдердің посткоммунистік трансформациясы (Қазақстан материалдары негізінде)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**БУЛЬИНА** Мария Андреевна (1.10.1916, Пенза обл. Голицыно ауд. Скачки с. – 1.2.1997 Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1962), проф. (1964). Қазақ КСР-інің еңб. сің. дәрігері (1967). Алматы мемл. мед. ин-тын (1939, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1939–42 ж. Қостанай обл. Орджоникидзе ауд. Денисовка кентінде дәрігерлік телім меңгерушісі, 1942–45 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1946–60 ж. Қазақ мемл. мед. ин-тында ординатор, ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, 1960 ж. Ақтөбе мемл. мед. ин-тында акушерлік-гинекол. кафедрасын ұйымдастырушы, 1967–69 ж. осы ин-тта ф-т деканы, оқу ісі жөніндегі проректоры, 1972 ж. штаттан тыс проректоры, 1983–85 ж. проф.-кеңесші қызметтерін атқарды. Б-ның докт. дисс. босануы қиын әйелдерді емдеу әдісі тақырыбына арналған. Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**БУРДИНА** Елена Ивановна (16.9.1953 ж.т., Удмурт АКСР-і, Кез ауд. Кез кенті) – пед. ғыл. докт. (2007), проф. (2008). Халықар. пед. білім беру академиясының және ҚР пед. ғыл. академиясының



*Е.И.Бурдина*

(2009) акад. Семей пед. ин-тын (1979), Мәскеу мемл. пед. ин-тының аспирантурасын (1987) бітірген. 1982 ж. Павлодар пед.

ин-тының оқытушысы, Павлодар мемл. ун-тінің кафедра меңгерушісі (1996–99), доцент (1999) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан проф. «Теория и практика развития творческого потенциала педагогов в системе непрерывного многоуровневого педагогического образования» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 12 оқу және оқу-әдістемелік құралдардың, 1 монографияның, 1 сөздіктің және 2 электронды оқулықтың авторы. Ы.Алтынсарин атынд. 3-сыйлықтың (2007) және «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемл. грантының иегері (2008). «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен (2006), С.Торайғыров атынд. алтын медальмен марапатталған.

**БУТИН** Болат Мәжікенұлы (27.9.1946 ж.т., Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1995), проф. (1997). ҚазМУ-ды бітірген (1970). ҚазКСР ҒА-ның Хим. ғылымдар ин-тында аға лаборант, кіші, аға ғыл. қызметкер (1970–86). лаб. меңгерушісі (1986–96), бас. ғыл. қызметкер (1997–2000) қызметтерін атқарды. 2000 жылдан Қазақ мемл.



*Б.Бутин*

қыздар пед. ун-тінің деканы. Ғыл. зерттеулерінің бағыты – органик. химия, нәзік орг. синтез, элементорг. қосылыстар. «Стереоизомерные фосфабициклононаны (деканы), селенаны, селенабициклодеканы: синтез, стереохимия и свойства» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 270-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.

**БУТИН** Мәжікен Есенұлы (17.1.1910, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Жаңақала ауд. – 18.10.1974, Алматы қ.) – экон. ғыл. докт., проф. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. экономисі (1967). Ленинград (Санкт-Петербург) тұтыну кооперациясы ин-тын (1931), Мәскеу экон. және тауартану ин-



*М.Бутин*

тының аспирантурасын (1933) бітірген. 1933–40 ж. Алматы, Челябинск қ-ларының жоғары оқу орындарында, 1941–43 ж. КСРО Ішкі істер халкомы жүйесінде жауапты қызметтер атқарды. 1943–45 ж. Қазақ КСР-і Тамақ өнеркәсібі министрінің орынбасары, 1945–54 ж. министрі, 1954–57 ж. Целиноград (қазіргі Ақмола) облаткомының төрағасы, 1957–67 ж. ҚазМУ-дың, Алматы халық ш. ин-тының кафедра меңгерушісі болды. 1957 ж. ҚазМУ-да республикадағы тұңғыш бухгалтерлік есеп кафедрасын ұйымдастырды. 1967 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ КСР-і тамақ өнеркәсібі министрінің 1-орынбасары болып істеді. Ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты – бухгалтерлік есеп, экон. талдау салаларының теор. және практик. негіздері. Б., әсіресе, бухгалтерлік есеп саласының республикада орнығуына, бухгалтер мамандар даярлауға үлкен үлес қосты. Осы сала бойынша 50-ден астам еңбектің авторы. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**БУХАЕВА** Анар Арғынғазықызы (8.4.1972 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Зайсан қ.) – саясаттану ғыл. канд. (2005). Шығыс Қазақстан мемл. ун-тін бітірген (1995). 1996–98 ж. Семей қ-нда экономика және шағын бизнесті бақылау саласында, 1998–2000 ж. Мемл. қаржы ин-тында, 2000–01 ж. Се-



*А.Бухаева*

мей мемл. ун-тінде, 2001–03 ж. ҚазҰПУ-да стажер-ізденуші, 2003–06 ж. Семей мемл. ун-тінде, Семей мемл. пед. ин-тында аға оқытушы қызметтерін атқарады. 2006 жылдан Қазақ қаржы-экон. академиясында кафедра меңгерушісі. «Проблемы формирования национальной идентичности в Республике Казахстан: политологический анализ» тақырыбында канд. дисс. қорғаған.

**БҰҚАТҰЛЫ** Базылхан (9.5.1932, Моңғолия, Баян Өлгий аймағы – 16.1.2012, сонда) – филол. ғыл. докт. (1993), проф. (1995). Улан-Батор қ-сындағы Мұғалімдер дайындау мектебін (1950), Моңғолия ұлттық ун-тін (1960) бітірген. Баян Өлгий аймағында мұғалім (1950–56), Улан-Батор қ-сындағы Қазақ радиосының алғашқы редакторы және дикторы (1960–61), Моңғолия ҒА-ның Тіл, әдебиет ин-тында ғыл. қызметкер (1960–66), Баян-Өлгий аймағының №1 қазақ орта

мектебінде мұғалім (1966–70), Баян Өлгий аймағының Оқыту-әдістемелік кабинетінде маман



*Б.Бұқатұлы*

(1970–73), Моңғолия ҒА-ның Тіл, әдебиет ин-тында аға ғыл. қызметкер (1973–94), Қазақстан ҒА-ның Шығыстану ин-тында жетекші ғыл. қызметкер (1994–99), Моңғолия, Баян Өлгий аймағындағы Қоғамдық ғылымдар орталығында бас ғыл. қызметкер (1999–2009) болып жұмыс істеді. Негізгі ғыл. зерттеулері алтаистика ғылымына, қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи зерттеуіне арналған. Б. Моңғолиядағы қазақтардың тарихына, тіліне, ауыз әдебиетіне, әдет-ғұрпына қатысты деректер жинап, Баян Өлгийде Моңғол ҒА-ның Қазақ бөлімшесін ашуға ат салысты. «Моңғолиядағы қазақтардың тілі және оның кейбір алтай тілдеріне қатысы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 12 монографияның, 20-ға жуық оқулықтардың авторы.

**БҰЛАШЕВ** Айтбай Қабыкешұлы (10.7.1957 ж.т., Ақмола обл. Целиноград ауд. Шінет а.) – ветеринария ғыл. докт. (1994), проф. (1996). Целиноград а. ш. ин-тын (1978, қазіргі Қазақ агротех. ун-ті) және аспирантурасын (1984) бітірген. 1984–89 ж. Целиноград а. ш. ин-тында ассистент, доцент, лаб. және бөлім меңгерушісі (1989–93) болды. 1993 жылдан Ақмола агр. ун-тінің ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры қызметтерін атқарады. 60-тан астам



*А.Бұлашев*

ғыл. еңбек пен 1 монографияның авторы.

**БҰЛДЫБАЕВ** Баянжан Шүленбайұлы (4.8.1966 ж.т., Алматы обл. Балқаш ауд. Үшжарма а.) – заң ғыл. докт. (2009), проф. (2008). ҚазМУ-ды (1991, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-де (1983–85), Алматы қ-сындағы «Промдорстрой» трестінде (1987–1995), ҚР ҰҚК-де (1995–97) әртүрлі жұмыста болған. 1997 жылдан ҚР ҰҚК-де ғыл.-пед. қызмет атқарады. Негізгі ғыл. бағыты – ұлттық



*Б.Бұлдыбаев*

қауіпсіздік органдарының барлау, қарсы барлау қызметі, қоғамдық-саяси және қарсы барлау ақпараты. 40-тан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**БҰЛДЫБАЙ** Анарбай Сағиұлы (1950 ж.т., Алматы обл. Кербұлақ ауд. Боранбай а.) – филол. ғыл. канд. (1998), доцент (2001). Панфилов пед. уч-щесін (1969), ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1974–89),



*А.Бұлдыбай*

Қазақ сәулет-құрылыс академиясында кафедра меңгерушісі (1989–95), Орт. Азия ун-тінде проректор, Халықар. мамандықтар ин-тының ректоры (2005–08), 1995 жылдан ҚазҰУ-да бөлім бастығы, доцент қызметтерін атқарады. Б. 90-нан астам ғыл. еңбектің авторы. ҚР Білім беру ісінің үздігі (2005), «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері (1973).

**БҰРАШЕВА** Гаухар Шахмақызы (26.4.1951 ж.т., Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (2004). ҚазМУ-ды



*Г.Бұрашева*

(1972, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-де аспирант, аға лаборант, инженер, ғыл. қызметкер, аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы (1972–94), доцент (1994–2004), кафедра меңгерушісі (2005–09) қызметтерін атқарды. «Химическое исследование некоторых галофитов Казахстана, разработка фитопрепаратов и создание лекар-

ственных средств на их основе» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның, 1 патенттің, 28 алдын ала патенттің авторы.

**БҰРҚАШЕВ** Аптылай (20.1.1945 ж.т., Қызылорда обл. Қазалы ауд. Бекарыстан би а.) – мед. ғыл. докт. (1984), проф. (1985). КСРО Спорт шебері (1969). Әлеум. ғылымдар академиясының акад. (2001). Ақтөбе мемл. мед. ин-тын (1967, қазіргі Батыс Қазақстан мед. ун-ті) бітірген. 1973–83 ж. Алматы мемл. мед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, 1984–2001 ж. Қазақ физкультура ин-тының (қазіргі Қазақ мемл. спорт және туризм академиясы) ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры, 2001–03 ж. Халықар. қазақ-түрік ун-ті Алматы бөлімшесінде директордың орынбасары қызметтерін атқарды. 2004 жылдан респ. допингке қарсы орт-та директордың орынбасары. Б-тың негізгі ғыл. еңбектері емдік физкультура және спорттық-мед. мәселелеріне арналған. Б. 2 монография, 2 өнертабыстың авторы.

**БҰРХАНОВ** Камал Низамұлы (31.3.1954 ж.т., Өзбекстан, Ташкент обл. Шұралысай а.) – саяСаттану ғыл. докт. (1997), проф.



*К.Бұрханов*

(1997). Ташкент мемл. ун-тін (1977), Мәскеу мемл. әлеум. ун-тін (2003) бітірген. 1977–78 ж. Қазақ өнер музейінде ғыл. қызметкер, 1978–79 ж. Тарих, археол. және этнол. ин-тында аға лаборант, 1979–2002 ж. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аға лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, проф., деканның орынбасары, декан, кафедра меңгерушісі болып істеді. 2002–04 ж. ҚазПИ-де (қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) декан, 2004–06 ж. ҚР Президенті әкімшілігінде бас эксперт, 2006–07 ж. ҚР ҰҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тының директоры қызметтерін атқарды. 2007 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Б. 40-тан астам ғыл. еңбектің авторы.

**БҰСЫРМАНОВ** Жұмабек Дүйсешұлы (27.11.1950 ж.т., Павлодар обл. Ертіс ауд.) – заң ғыл. докт. (2006). ҚазМУ-ды (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінде оқытушы (1976–78), ҚазКСР ҒА Философия және құқық ин-тында тағылымгер-зерттеуші, аспирант (1978–83), ҚарМУ-да аға оқытушы, доцент (1983–89), проректор (1989–92), ҚР Президенті Аппаратының және Министрлер Кабинетінің саяси талдау бөлімінің кеңесшісі (1993–94), ҚР Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның хатшысы, хатшылық меңгерушісі (1994–98), ҚР Конституц. Кеңесінің мүшесі (1998–2002), «ҚазГЗУ» АҚ Алматы заң академиясының ка-



*Ж.Бұсырманов*

федра меңгерушісі (2002–08), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі (2008–10) қызметтерін атқарды. 2010 жылдан «ҚР Заң шығару институты» ММ-нің директоры. «Права человека в постсоветском государстве: вопросы теории и практики обеспечения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 70-тен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы. ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері (2009) төсбелгісімен марапатталған.

**БҮРКЕЕВ** Мейрам Жүнісұлы (1.5.1962 ж.т.) – хим. ғыл. докт. (2003), проф. (2005). Қарағанды мемл. ун-тін бітірген (1988). Осы ун-тте инженер, оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1988–2002), декан, проректор (2002–11). 2011 жылдан ҚарМУ жанындағы «Химиялық мәселелер» ғыл.-зерт. ин-тының директоры. Негізгі ғыл.



*М.Бүркеев*

бағыты – жоғары молекул. қосылыстар химиясы. «Туынды қанықпаған моно- және дикарбон қышқылдарының негізінде жартылай фкункциналдық полимерлердің құрылу заңдылықтары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 190-нан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның, 10 патенттің авторы. ҚР БҒМ ҚР ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін (2006), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2007) төсбелгілерімен марапатталған.

**БҮРКІТБАЕВ** Мұхамбетқали Мырзабайұлы (14.11.1952 ж.т., Ақтөбе обл. Шалқар ауд. бұрынғы 25-а.) – хим. ғыл. докт. (1996), проф. (1998). ҚазМУ-ды (1975, қазіргі ҚазҰУ) бітірген соң осы ун-тте аға оқытушы, доцент, ка-

федра меңгерушісі (1975–2009), декан (2009–10), 2010 жылдан бірінші проректор қызметтерін атқарады. «Окислительно-восстановительные и радиационно-стимулированные реакции окисления оксоононов элементов V-а группы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б-тың негізгі ғыл. еңбектері сулы орталарда фосфо-



*М.Бүркітбаев*

наттарды стимулденген радиац. тізбекте тотықтыру, ерітінділерде фосфор мен күшәланың төмен валентті қосылыстарын тотықтырудың тотығу-тотықсыздану және стимулденген радиац. тізбекті реакцияларына арналған. Ол радиац. химия әдістері көмегімен V-топтың қосымша элементтері қосылыстарының тотығу процестерінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеді. НАТО сыйл. иегері (2007). Б. 160-тан аса ғыл. еңбектің авторы, оның ішінде 1 монографиясы, 4 патенті бар.

**БҮРКІТОВ** Отаралы (13.10. 1954, Батыс Қазақстан обл. Қаратөбе ауд. Саралжын а. – 14.2. 2005) – филол. ғыл. докт. (2000), проф. Орал пед. ин-тын (1979) және ҚазМУ-дың (1985, қазіргі ҚазҰУ) аспирантурасын бітірген. Орал пед.ин-тында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1989–93), декан (1993–95), Батыс Қазақстан мемл. ун-тінде проректор (1996–99), ҚазМУ-да аға ғыл. қызметкері (1999–2001). Батыс Қазақстан мемл. ун-тінде проректор (1996–2005) қызметінде болған. Ғыл. жұмыстары қазақ тілінің тарихы, теориясы, стилистикасы, қазіргі қазақ көркем шығармаларының тілі, түркітану мәселелеріне арналған. «Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы. «Қа-



*О.Бүркітов*

зақстан Республикасы ғылымының құрметті қызметкері» (2004).

**БҮТІНШІНОВ** Жеңісхан Темірханұлы (1944 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Қызылту а.) – пед. ғыл. канд. (1980), проф. Қазақ мемл. дене тәрбиесі ин-тын (1969), Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1979), Орал мемл. ун-тін (1983, Ресей) бітірген. Ақтөбе пед. ин-тында оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан (1970–93), 1992 жылдан Ақтөбе қ-ндағы «Дүние» ғыл.-өндірістік бірлес-



*Ж.Бүтіншінов*

тігінің президенті, 1992 ж. «Дүние» ун-тін, 1993 ж. «Ұлағат» орта мектебін, кәсіби арнаулы орта білім беретін колледжін, 1994 ж. «Ынтымақ» тәжірибелік а.ш. орт-н, 2005 ж. «Дүние-Құрылыс» фирмасын ашқан. Б. 70-тен астам ғыл. еңбектің авторы. «Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі» (1990), «Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңірген қызметкер» (2004) төсбелгілерімен марапатталған.

**БЫЗОВА** Зоя Михайловна (1.8. 1930 ж.т., Алтай өлкесі, Алтай ауд.) – биол. ғыл. канд. (1971). ҚазМУ-ды бітірген (1953, қазіргі ҚазҰУ). 1957–88 ж. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер болды. Негізгі ғыл. еңбектері микрология мәселелеріне арналған. 22 ботан. экспедға қатысқан. Жиналған ғыл. мәліметтерді саралау нәтижесінде төм. сатыдағы өсімдіктер флорасы жүйеленді. Ол жасаған саңырауқұлақтардың гербарийлері ин-ттың архивтік қорына енді. Б. Қазақстан саңырауқұлактарының таралу ареалдарына талдау жасап, микофлораның республика жерінде қалыптасу тарихын зерттеді, саңырауқұлақтардың 80 туысына, 1000 түріне (оның ішінде ғылымға белгісіз 130 жаңа түріне) ғыл. сипаттама берді. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1988).

**БЫРЬКА** Владимир Филиппович (1927–1997) – тех. ғыл. докт. (1971), проф. (1972). Киев поли-



*В.Ф.Бырька*

тех. ин-тын бітірген (1952). 1956–97 ж. Қарағанды тау-кен ин-тының аға оқытушысы, бөлім бас-

тығы, Қарағанды мемл. тех. унтінде кафедра меңгерушісі, оқу ісі жөніндегі проректоры (1968–81). 170 ғыл. еңбегі, 30 өнертабысы бар. 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

**БЫЧКОВ** Сергей Григорьевич (1953 ж.т., Беларусь, Витебск обл. Полоцк қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1992). ҚазМУ-ды (1975, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1977–92 ж. ҚР Білім мин-лігінің Эргономика ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары (1992–95), Азаматтық авиация академиясының ғыл.-зерт. жұмыстары жөніндегі проректорының орынбасары (1995–96), 1996 жылдан ұлттық орт. бас директорының 1-орынбасары, ғыл. жетекшісі қызметтерін атқарады. 70-тен астам ғыл. еңбектің авторы.

**БЫЧКОВА** Светлана Федоровна (7.7.1957 ж.т., Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1996). ҚазМУ-ды (1978, қазіргі ҚазҰУ), Бүкілодақтық соттық сараптау ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1986) бітірген. 1978–83 ж. Бүкілодақтық соттық сараптау ғыл.-зерт. ин-тының кіші (1978–83), аға ғыл. қызметкері, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1997 жылдан ҚР Әділет мин-нің соттық сараптау орт-ның директоры. 57-ден астам ғыл. еңбектің, 2 монографияның авторы.



*С.Ф.Бычкова*

**БІЛӘЛОВ** Бақыт Дінмұхамедұлы (1938 ж.т.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (2005). Қазақ политех. ин-тын (1962, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1962–67 ж. Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тында инженер, аға инженер, Жанғыш қазбалар ин-тының Қарағанды бөлімшесінде және Қарағанды Көмір ғыл.-зерт. ин-тында аға инженер, 1967 жылдан Қарағанды мемл. тех. ун-тінде ассистент, деканның орынбасары, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент, проф. қызметтерін атқарады. 94-тен астам ғыл. еңбегі, оның ішінде 1 монографиясы бар.



*Б.Біләлов*

**БІЛӘЛОВ** Шерәлі (10.3.1944 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Көксарай а.) – физ.-матем. ғыл. канд. (1991), филол. ғыл. докт. (1998). ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1988) бітірген. ҚазССР-і Орт. статистика басқармасы республикалық есептеу орт-ның ауысым бастығы (1969–73), КСРО Мемл. банкі Қазақ КСР-і кontoрының есептеу орт-нда бөлім меңгерушісі (1973–90), Қазақстан ҒА-ның Матем. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1990–2000) қызметтерін атқарды. 2012 жылдан Математика, информатика және механика ин-тының жетекші ғыл. қызметкері. «Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 14 ғыл. еңбегі жарық көрді.



*Ш.Біләлов*

**БІЛИЕВА** Раушан Қажыкенқызы (28.8.1936 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Бурабай ауд. Щучинск қ.) – биол. ғыл. докт. (1991), проф. (2009). Мәскеу қ-ндағы А. ш. академиясын (1960) және КСРО ҒА-ның Биохимия ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1964) бітірген. ҚР ҰҒА-ның Микробиология және вирусология ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметтер атқарады. Б. 150-ден астам ғыл. жарияланымның авторы, 15 авторлық куәлігі бар.

**БІРІМБЕТОВА** Нұрсәуле Жанахметқызы (1.3.1951 ж.т., Алматы обл. Кербұлақ ауд. Тастыөзек а.) – экон. ғыл. докт. (1991), доцент (2004). Алматы халық ш. ин-тын (1971, қазіргі Қазақ экон. ун-ті) бітірген. 1971 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның Экономика ин-тында қызмет істейді. Қазіргі кезде орт. меңгерушісі әрі директордың кеңесшісі болып қызмет атқарады. Негізгі ғыл. бағыты – аймақтық экономика. 100-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 10-нан астам жеке және ұжымдық монографиялардың авторы. ҚР Білім және ғылым мин-нің медалімен (2007) марапатталған.



*Н.Бірімбетова*

**БІРІМЖАНОВА** Іңкәр Ахметқызы (27.10.1915 ж.т., Қостанай обл.) – мед. ғыл. докт. (1964), проф. (1965). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1935, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1935–45 ж. Алматы мемл. мед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-тін) аспирант, ассистент, доцент, проф., кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1963 ж. «Эстеро и интероцептивная влияния на лимфоток в онтогенезе» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған.

**БІРІМЖАРОВ** Бақтығұл Кабдірұлы (1.6.1947, Батыс Қазақстан обл. Бөкей ордасы ауд. Сайқын а. – 6.7.2009, Орал қ.) – тарих ғыл. докт. (1997), проф. (2003), ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Орал пед. ин-тында оқытушы, доцент, декан, кафедра меңгерушісі, проф. (1972–2009) қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. бағыты – Батыс Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы саяси, экон., мәдени-рухани мәселелері, XX ғасырдың екінші жартысындағы батыс өлкенің а. ш. дамуының тарихы; өлке тарихының өзекті мәселелері, оның ішінде Бөкей Ордасы тарихы, тарихи тұлғалары, т.б. «Село Казахстана в 60-е–80-е годы, конкретно-исторический анализ по материалам Западного-Казахстанского региона» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 5 монографияның авторы. ҚР Білім беру ісінің үздігі (1997).



*Б.Бірімжаров*

**БІТТІБАЕВ**, Биттібаев Совет Мешітбайұлы (30.9.1933 ж.т., Қызылорда обл. Сырдария ауд. Тереңөзек кенті) – тех. ғыл. докт. (1991), проф. Мәскеу жоғары тех. уч-щені инженер-механик мамандығы бойынша бітірді (1957). 1957–61 ж. Ресей қорғаныс з-тында, 1961–62 ж. Новосибирск қ-ндағы Заельцовский ауд. комсомол к-тінің хатшысы қызметін атқарды. 1962 ж. Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында бас инженер, директордың орынбасары, Жоғары қуатты физ. ин-тының бас инженері қызметтерін атқарды. 1975–77 ж. «Гидромаш» қорғаныс кәсіпорнының құрылуына белсене араласты. 1977 жылдан Алматы т. ж. көлік инженерлері ин-тында (қазіргі Қазақ көлік және коммуникация академиясы) кафедра меңгерушісі. 400-ден астам ғыл. еңбегі, бірнеше патенті бар.

**БІТІМБАЕВ** Марат Жақыпұлы (18.8.1940 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Зайсан қ.) – тех. ғыл. докт. (1994), проф. (1995). Қазақ политех. ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген (1962). 1962–84 ж. Ащысай полиметалл комб-тында кен шебері, кеніш бастығы, директордың орынбасары, директор (1987–91), 1984–87 ж. Ертіс полиметалл комб-тының бас инженері, директоры, 1991–94 ж. ҚР Өнеркәсіп министрінің орынбасары, 1994–97 ж. ҚР Геол. және жер қойнауын қорғау министрінің орынбасары, «Казатомпром» ұлттық акцион. компаниясының бас менеджері болған. 1999 жылдан Тау-кен ин-тының директоры. «Технология выписки руды из целиков при повторной разработки обширных пластообразных рудных залежей с устойчивой кровли» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. зерттеулері кен өндіру технологиясын жетілдіруге арналған. Б. тиеме-жеткізбелік кешендер мен оларды жер асты кен жұмыстарында қолданудың технол. тәсілі арақатынасын теор. тұрғыдан негіздеп, Мырғалымсай кенішінде жүзеге асырды. Шығынға шығарылған баланстық қорларды қайта өңдеудің қауіпсіз әдістерінің теор. негіздері мен технол. құралымын жасады. 77 авторлық куәлік пен 5 патент иегері. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.



*М.Бітімбаев*

# В

**ВАГАПОВ** Равиль Исламович (1.3.1937 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд. Бөген а.) – тех. ғыл. докт. (1994), проф. (1997). Қазақстан а. ш. ғыл. академиясының акад. (1999). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын бітірген (1960, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті). Қазақ энергетика ғыл.-зерт. ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1960–63), Тараз қ-ндағы Қазақ су ш. ғыл.-зерт. ин-тында аға және бас инженер (1963–67), лаб. меңгерушісі (1969–78), ин-т директорының орынбасары (1978–89), су қор-